

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

**Г.И.Салғараева**

**Л.А.Рсалина**

**А.Б.Есенкүл**

# ИНФОРМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің  
қоғамдық-гуманитарлық бағытының  
11-сыныбына арналған оқулық

11



ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 32.973 я 72  
С 18

Салғараева Г.И., ж.б.

- С 18 **Информатика: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытының 11-сыныбына арналған оқулық. /**  
**Г.И.Салғараева, Л.А.Рсалина, А.Б.Есенқұл – Нұр-Сұлтан:**  
**«Арман-ПВ» баспасы, 2020. – 224 бет.**

ISBN 978-601-318-291-9

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жазылды. Оқулық тілі женіл, мазмұны қосымша мөліметтермен қамтылған.

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 32.973 я 72

ISBN 978-601-318-291-9

© Салғараева Г.И.,  
Рсалина Л.А.,  
Есенқұл А.Б., 2020  
© «Арман-ПВ» баспасы, 2020

Барлық күқығы қорғалған. Баспаның рұқсатының көшіріп басуға болмайды.

## ШАРТТЫ БЕЛГИЛЕР

Жаңа тақырыпты менгеру тапсырмалары – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары



Сұрақтарға жауап берейік



Компьютерде орындаңың



Ойланайың, талқылайың



Ой бөлісейік



Талдап, салыстырайың



Үйде орындаңың



Естеріне түсіріндер:

Өткен тақырыптардан бүгінгі сабакқа негіз болатын тапсырмалар



Менгерілетін білім:

Тақырыптағы игерілетін мәліметтер; күтілетін нәтижелер

Сөздік:

Үш тілдегі ғылыми ұғымдар

Маңызды мәлімет

Тақырыпты тереңірек түсінуге қажетті маңызды мәліметтер



### Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны [artap-rv.kz](http://artap-rv.kz) сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

## Алғы сөз

Қымбатты шәкірттер! Жаңа оқу жылшының басталуымен құттықтаймыз! Биылғы оқу жылшында қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы информатика курсын жалғастырып, осы пәнге қатысты білімдерінді тереңдете түсесіндер.

Қолдарындағы оқулық «Бұлттық технологиялар», «3D модельдеу», «Мобильді қосымшалар», «IT Startup», «Цифрлық сауаттылық» бөлімдерінен тұрады.

«Бұлттық технологиялар» бөлімінде бұлттық технологияның не екенін, бұлттық сервистер мен бұлттық деректер қоймасы, жалпыға қолжетімді файлдарды (құнтізбелер, мәтіндік құжаттар, презентациялар, кестелер) қолдану, қашықтан және бірлесіп өңдеу жолдарымен танысадындар.

«3D модельдеу» бөлімінде виртуалды және кеңейтілген шындықтың мақсатын түсініп, адамның психикалық және физикалық денсаулығына виртуалды және кеңейтілген шындықтың әсері жайлы білесіндер және 3D панорама (виртуалды саяхат) жасау жолдарын қарастырасындар.

«Мобильді қосымшалар» бөлімінде конструкторда ыңғайлы мобильді қосымшасының интерфейсін код блоктары мен циклдері арқылы жасап көресіндер және әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын түсінедесіндер.

«IT Startup» бөлімінде Startup ұғымын, Crowdfunding платформаларының жұмыс істеу қағидаларын, жобаны насиҳаттау және сату жолдарын, маркетингтік жарнама жасау әдістерін сипаттау қарастырылды.

«Цифрлық сауаттылық» бөлімі Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдау, ақпараттарды және зияткерлік меншікті (1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қолжеткізу тура-лы», 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Зандары) қорғаудың қажеттілігін, цифрлық қолтаңба мен сертификаттың мақсатын, электронды үкімет порталында электронды цифрлық қолтаңбаны қолдану, электронды үкімет порталының функцияларын сипаттау тәрізді өздерің үшін ең қызықты деректер мен тапсырмалар жүйесінен тұрады.

«Сұрақтарға жауап берейік», «Ойланайық, талқылайық», «Талдап, салыстырайық», «Компьютерде орындайық», «Ой бөлісейік», «Үйде орындайық» тапсырмалар тобын орындау барысында жаңа тақырыпты жеңіл мемгересіндер.

Оқулыққа қосымша электронды оқу құралы (CD диск) берілген. Дискіде берілген интерактивті тапсырмаларды орындаپ, сыншыста алған білімдерінді үйде бекіте аласындар.

Сендердің осы пәнді қызыға оқып, алған білімдерінді практикалық түрғыдан күнделікті өмірде табысты қолданады деген сенімдеміз.

Сөттілік тілейміз!

## 1-БӨЛІМ

# БҮЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

### Күтілетін нәтижелер:

- бүлттық технологиялардың не екенін түсінесіндер;
- жалпыға қолжетімді файлдарды (мәтіндік құжаттар, құнтізбелер, презентациялар, кестелер) қолдану, қашықтан және бірлесіп өндеуді үйренесіндер.

## §1. Бұлттық технологиялар

### Естеріне түсіріндер:

- бұлттық технологиялар дегеніміз не?
- бұлттық технологиялар не үшін қолданылады?

### Менгерілетін білім:

- «бұлттық технологиялар» түсінігі;
- бұлттық провайдер;
- бұлттық технологиялардың қызмет көрсету модельдері;
- бұлттық технологиялардың артықшылықтары мен кемшиліктері.



1-сурет. Бұлттық технология моделі

Барлық қызмет түрлері бір аппараттық жүйеде біріктіріліп онлайн-сервис ретінде ұсынылуы.

**Бұлттық есептеулер** (ағылш. *Cloud computing*, яғни *cloud* – бұлт, *computing* – есептеулер) – қажетті конфигурацияланған есептегіш ресурстарға (мысалы, деректерді беру желілеріне, серверлерге, деректерді сақтау құрылғыларына, барлығына бірдей немесе бөлек-бөлек) талап бойынша ынғайлы желілік қолжеткізуіді қамтамасыз ету моделі (1-сурет). Бұл терміндер – компьютерде арнайы программалардың орнатуыныз,

### Сөздік:

**Бұлт** – Облако – *Cloud*

**Бұлттық технологиялар** – Облачные технологии – *Cloud technologies*

**Бұлттық есептеулер** – Облачные вычисления – *Cloud computing*

**Бұлттық провайдер** – Облачный провайдер – *Cloud provider*

**Қолжетімдік** – Доступность – *Availability*

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы бүкіл дүниежүзінде ерекше қарқын алғып отыр. «Көзді ашып-жүмғанша» жұмыс жасауға мүмкіндік беретін ИТ технологиялар қолданысын кеңейту, әрине, заман талабы. Ал оның әлемдегі жедел дамумен ілесіп, ақпараттармен алмасып қана қоймай, көптеген аудиториялармен бір жүйеде жұмыс жасау мүмкіндігі бар, озық үлгілерінің бірі – «бұлттық технологиялар» немесе «бұлттық есептеулер».

**Бұлттық технологиялар** (ағылш. *Cloud technology*, яғни *Cloud* – бұлт, *technology* – технология) – цифрлық деректерді өңдеу технологиялары арқылы интернет-пайдаланушыға бар-

Интернет желіге қосылған жалпыға қолжетімді деректер ортасын өңдеу, жүктеу және сақтау т.с.с. қашықтан басқарудың технологиялық мүмкіндіктерін ұсынатын виртуалды қызмет түрлерінің жалпыланған атауы.

### Маңызды мәлімет

«Бұлттық есептеулер» ұғымы алғаш рет 1970 жылы америкалық ғалым Джозеф Карл Робнетт Ликлайдердің ARPANET (Advanced Research Projects Agency Network) желісінің құрылуына жауапты болуынан пайда болған. Ликлайдердің айтуынша: «Құжаттар, ақпарат көздері бір үлкен виртуалды сервер болып табылатын «бұлтта» сақталады және өнделеді. Жер бетіндегі әрбір адам желіге қосылады, ол тек деректерді ғана емес, сонымен қатар программаларды да алатын болады». Ал «Бұлттық есептеулер» 1960 жылы америкалық ғалым Джон Маккартидің: «Қай уақытта болмасын компьютерлік есептеулер «жалпыхалықтық пайдалану» арқылы жүзеге асырылатын болады» деген тұжырымнан кейін пайда бола бастады.

Виртуалды қызмет түрлерін ұсынып, үйымдастырып, қолайлы жағдай жасап отыратын, кез келген деңгейдегі және кез келген қуатты ақпараттық ресурстарға қолжеткізуіді қамтамасыз ететін бұлттық қызмет түрлерін провайдер атқарады.

Бұлттық провайдер (ағылш. *Cloud provider* – бұлттық сервистердің жеткізуші) – бұлттық есептеулер негізінде қызмет көрсететін компания, ол әртүрлі виртуалды ресурстың (виртуалды серверлер, виртуалды желілер, виртуалды деректерді сақтау жүйелері) автоматтандырылған басқару түрлерін жеткізуши.

### Маңызды мәлімет

2002 жылы Amazon компаниясы бұлттық веб-сервисі өзірледі. 2006 жылы Amazon «Elastic Compute cloud» (EC2) деп атаптатын сервисі іске қосты. Amazon EC2 және Amazon Simple Storage Service (S3) сервистері алғашқы қолжетімді және бұлттық есептеулер саласындағы көшбасшылардың бірі болды.

Дүниежүзілік нарықта бұлттық технологияларды қолданысқа енгізген компаниялардың саны көбейді, олар: IBM, Microsoft, Google, HP, Atos, Cap Gemini, ал Қазақстандық компаниялардан «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы ұсынған Microsoft Hosted Exchange және Microsoft Hosted SharePoint, Қазтелепорт акционерлік қоғамы ұсынған «SmartCloud», KT Cloud Lab компаниясының инфокоммуникациялық кешендері ([mycloud.kz](http://mycloud.kz)) т.б.


**Бұлттық технологиялардың қызмет көрсету модельдері:**

**Инфрақұрылым қызметі ретінде (Infrastructure as a Service, IaaS) –** пайдаланушы өзіне керекті инфраортаны жалға алу мүмкіндігіне ие болады. Мұнда бұлттық провайдер серверді, сақтау қоймасын, желі және виртуалдандыру ресурстарын қамтамасыз етеді, ал пайдаланушы өзінің программалық жасақтамасы мен қосымшаларын жүктейді және баптайды. Бұл қызметті пайдаланушы қымбат құрылғылар мен программаларды сатып алу қажеттілігінен құтылады да, тек пайдаланған уақытына сәйкес қаржат төлейді. IaaS түрлеріне Amazon EC2, Google Cloud Storage, Microsoft Azure, IBM Smart Cloud, IBM Cloud, Oblako.kz және т.б. жатады. Бұл қызмет түрі арнайы көсіпорындар, мекемелер, компаниялар үшін компьютерлік инфраортаны жалға алу ортасын құрады (2-сурет).



2-сурет. IaaS модели

**Платформа қызметі ретінде (Platform as a Service, PaaS) –** пайдаланушы бұлттық провайдерлермен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады. Мұнда виртуалдандыру, операциялық жүйелер, серверлер, сақтау қоймалары, желі, программалық жасақтама бұлттық провайдерлердің міндетіне кіреді. PaaS моделі интеграцияланған бір ортада жасалады, ал пайдаланушы өзі басқару мүмкіндігіне ие болады. Пайдаланушы серверді сатып алуға кететін шығындарды үнемдей алады. Осы модельдің мысалы ретінде веб-сайттарға арналған хостинг қызыметтерін айтуға болады және Amazon Web Services (AWS), Microsoft Azure, Google App Engine, Jelastic, Apache Stratos, OpenShift түрлері жатады (3-сурет).



3-сурет. PaaS модели

**Коммуникациялық қызметі (Communications as a Service, CaaS)** – Интернет желісі немесе кез келген IP-желісі (VoIP) бойынша сигнал беруді, хабарлама (ІМ) алмасуды, видеоконференцияларды қамтамасыз ететін кәсіпорын үшін бұлтта құрылған коммуникациялық шешім. CaaS үлгісі қосымша төлем жасау арқылы коммуникация құралдары мен қызмет түрлерін ұлғайтуға болады (*4-сүрет*).

**Программалық жасақтама қызметі (Software as a Service, SaaS)** – қолданушы «бұлттарда орналасқан» бұлттық сервис иелерінің меншігіндегі программалармен жұмыс істеу мүмкіншілігіне ие болатын модель түрі. Қолданушы кез келген жерден Интернетке қосылған компьютерлік құрылғы арқылы өз дереккөздерімен жұмыс жасай алады. Программаның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, кететін шығындарды толығымен бұлттарды ұсынушы қызмет иелері өз мойнына алады да, ал қолданушы (егер қызмет ақылы болса) тек сол бұлттық сервисті қолданғаны үшін ғана айлық жарна төлеп отырады. Осылайша, тұтынушы өзіне керекті программаның лицензиясын сатып алуға көп шығындалмайды, ал программа құрастырушылар өз өнімдерінің заңсыз тарапалуынан және заңсыз пайдалануынан сақтандырылады. SaaS моделінің өзгешелігі – тұтынушы белгілі бір программамен ғана емес, программалар жиынтығымен жұмыс істей алуында. Мысалы: Google Apps, Box.net, icloud.com, Яндекс.Диск, mail.kz және т.б. (*5-сүрет*).



*4-сүрет. CaaS моделі*



*5-сүрет. SaaS моделі*

SaaS моделінің тағы бір логикалық жалғасы ретінде соңғы кезде Desktop as a Service, DaaS моделі қолданылып жүр. DaaS моделін пайдаланғанда тұтынушылар өз қызметіне қажетті

толығымен стандартталған «виртуалды жұмыс орнын» ала алады. Әр түтінушы осы ұсынылған «виртуалды жұмыс орнын» өз қажетіне ыңғайлы етіп өзгерте алады (*6-сурет*).

**Жабдықтарды есептеу қуаты (Hardware as a Service, HaaS)** – виртуалдандыру технологиясын пайдалана отырып, жабдықтың есептеу ресурстарын ұсыну (оның уақыты, деңгектерді сақтау орындарының қуаттылығы, көлемділігі және т.б.). Әдетте, қызметтер серверлер, суперкомпьютерлер және т.б. сияқты нақты есептеу жүйелерінің баламасы ретінде ұсынылады (*7-сурет*).

**Жұмыс кеңістігін құру (Workspace as a Service, WaaS)** – жұмыс ортасын құру және ұсыну қызметі. SaaS сияқты программалық жасақтама қызметін ұсынады, яғни тұтынушыға оңтайлы ортаны қамтамасыз ететін жұмыс ортасын ұйымдастыратын қызмет түрі (*8-сурет*).

**Мониторинг қызметі (Monitoring as a Service, MaaS)** – мониторингтеу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бұлтта программалық қамсыздандырумен қызмет көрсету (*9-сурет*).

**Бұлттық технологиялардың артықшылықтары:**

- Интернетке қосылған кез келген құрылғы арқылы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) басқарылады;
- көптеген программалар тегін (немесе қолжетімді бағада) және үнемі программалардың ең соңғы нұсқасымен жаңарып отырады;



*6-сурет. DaaS модели*



*7-сурет. HaaS модели*



*8-сурет. WaaS модели*



*9-сурет. MaaS модели*

- арнайы операциялық жүйелерді талап етпейді;
- кез келген жерде, кез келген уақытта ақпарат қолжетімді;
- көптеген қолданушылар үшін бірлескен жұмысты жеңілдетеді;
- құжат форматтарының үйлесімділігі;
- егер құрылғы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) істен шықса, маңызды ақпарат жоғалмайды, себебі ол құрылғы жадында сақталмайды;
- ақпараттар автоматты түрде бұлтта сақталып отырады және резервті көшірме жасайды;
- әрқашан жаңа және жаңартылған аппараттың өндөулер жүзеге асырылады.

#### **Бұлттық технологиялардың кемшіліктері:**

- Интернет болмаған жағдайда жұмыс тек құрылғыға жүктелген құжаттармен жұмыс істеумен шектеледі;
- бұлттық программалардың жұмыс жасау жылдамдығы баяу болады;
- ақпараттың зақымдалу қаупі бар;
- көптеген бұлттық сервистер бірнеше гигабайт көлемді ғана тегін ұсынады, ал оны тек қосымша ақы төлеу арқылы кеңейтуге болады;
- кейбір бұлттық технологиялар отандық және халықаралық стандартқа сай емес.


#### **Сұрақтарға жауап берейік**

1. Бұлттық технологиялар деген не?
2. Бұлттық есептеулер туралы қандай мәлімет алдындар?
3. Бұлттық провайдер деген не?
4. Бұлттық технологиялардың қызмет көрсетудің қандай модельдері бар?


#### **Ойланайық, талқылайық**

1. Бұлттық технологиялар қолжетімдігінің тиімділігін қалай анықтауға болады?
2. Бұлттық технологиялардың қажеттілігі неде?
3. Бұлттық провайдерлер не үшін қолданылады?
4. Бұлттық технологиялар не себепті арнайы операциялық жүйелерді талап етпейді?


Бұлттық технологиялардың қызмет көрсету модельдерінің айырмашылықтарын талдаң, салыстырыңдар.



**1-тапсырма.** Интернет желісін пайдаланып, бұлттық технологиялардың қызмет көрсету модельдері ұсынатын мүмкіндіктеріне кластер құрындар (IaaS, PaaS, CaaS, SaaS, HaaS, MaaS, WaaS, DaaS).



**2-тапсырма.** Қазақстандағы бұлттық технологиялар кешенін ұсынатын провайдерлер бойынша <https://kaz.mycloud.kz/> және <https://oblako.kz/> сілтемелеріне өтіп, Вenn диаграммасын құрындар (қызмет түрлері, артықшылықтары мен кемшіліктері, ұқсастықтары мен ерекшеліктері).



#### Ой белісейік

Сабакта не білдіңдер? Не үйрендіңдер? Өз ойларынды достарыңмен бөлісіңдер. Алған жаңа білімдерінді күнделікті өмірде қандай жағдайда қолдануға болады? Мысал келтіріңдер.

#### Үйде орындаібық

1. Бұлттық технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін кестеге толтырыңдар және кемшіліктерді жою үшін не істеуге болатынын талқыландар.

Артықшылықтары	Кемшіліктері
...	...
...	...

2. Қандай бұлттық технологиялар отандық және халықаралық стандартқа сай емес? Интернеттен тауып, анықтаңдар. Пікірлерінді дәлелдендер.
3. Үйге берілген тапсырмаларды бірге талқылап, орындау үшін қандай бұлттық технология қолданар едіңдер? Неліктен? Ойларынды нақты мысалдармен дәлелдендер.

## §2. Бұлттық технологияларды қолдану салалары

### Естеріне түсіріндер:

- бұлттық технологиялар дегеніміз не?
- бұлттық провайдер дегеніміз не?
- бұлттық технологиялардың қызмет көрсету мөдөльдері қандай?
- бұлттық технологиялардың қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар?

### Менгерілетін білім:

- бұлттық технологиялардың мақсатына қарай түрлері;
- бұлттық технологияларды қолдану салалары;
- бұлттық сервистерге қойылатын талаптар.



10-сурет. Жеке бұлттар



11-сурет. Қоғамдық бұлттар

### Сөздік:

**Қызмет көрсету** – Обслуживание – Service

**Қолдану саласы** – Область применения – Sphere application

IT технологиялар дамыған сайын, тұтынушылардың сұраныстары артып келеді. Бұлттық технологиялардың өзінің заманауи сервистерінің қарқынды дамуының арқасында қолдану салалары анағұрлым үлғая тұсада. Жалпыға қолжетімді және ресурс сыйымдылығы жоғары, қашықтан қолдану мүмкіндігі бар, өріптесімен бір мезетте бір құжатты бірлесіп өңдеуді қамтамасыз ететін бұлттық сервис түрлерінің қай салада болсын тигізер пайдасы көп.

Бұлттық технологиялар мақсатына қарай төрт түрге бөлінеді:

**Жеке бұлттар (private cloud).** Жеке бұлтты дербес басқара алатын көсіпорынның өзіне ғана, сондағы жеке тұлғалар мен тұтынушыларының жұмыс істеуіне арналған инфрақұрылым. Көсіпорынның өзі де үшінші тараптың меншігі болуы мүмкін (10-сурет).

**Қоғамдық бұлттар (public cloud).** Көпшіліктің Интернетте еркін жұмыс істеуіне арналған инфрақұрылым. Коммерциялық, ғылыми және үкіметтік үйымдардың меншігінде болуы мүмкін. Мысал ретінде әлеуметтік желілердегі Facebook, Twitter; Интернет желісіндегі Google, Яндекс т.с.с. қоғамдық бұлттарды аламыз (11-сурет).

**Ортақ бұлттар (community cloud).** Ортақ мақсаттары бар қоғамдық тұтынушыларға арналған инфрақұрылым. Басқару және қызмет көрсету мәселелері бойынша барлық жауапкершілік осы бұлттың иесіне жүктеледі. Кез келген компания мен жеке тұтынушы қолданушы бола алады (12-сурет).

**Аralас бұлттар (hybrid cloud).** Екі немесе одан көп бұлт түрлерінің (жеке, ортақ, қоғамдық) аralас үйлесімін атауға болады. Осы модельді географиялық түрде әр жерде орналасқан филиалдары бар немесе көптеген программалық жүйелері бар ірі компаниялар қолдануы мүмкін (13-сурет).

Көрсетілген бұлттық технологиялар мақсаттарына байланысты өмірдің әртүрлі салаларында қолданылып келеді. Бұлттық технологиялардың қолдану салалары өте ауқымды: онлайн-аудармашылар, жедел төлемдер, видеобайланыс, мемлекеттік қызметтер, сондай-ақ мәтін, кесте, фотосуретпен жұмыс істеуге арналған әдеттегі программалар және т.б.



12-сурет. Ортақ бұлттар




13-сурет. Аralас бұлттар

### Бұлттық сервис түрлері кімге қажет болуы мүмкін?

**Білім беруде.** Бұлттық технологиялар – оқу процесін үйимдастыруда көмекші техникалық құрал. Бұлттық технологиялар білім беру процесін жеңілдетіп, сапасын арттырып қана қоймай, соңғы жаңалықтарға ілесе алатын ақпараттық мәдениеті қалыптасқан тұлғаны дамытуға көмектеседі.

Білім беру процесінде қолданылатын бұлттық технологиялардың дүниежүзілік ең көп тараған түрі – Microsoft корпорациясы ұсынған Live@edu. Live@edu – пайдаланушылардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуіне арналған құралдар жиынтығы. Мұнда пайдаланушылар хабар, аудио, видео қоңырауларды жылдам қабылдай алады және қашықтан жұмысты бірлесіп өндейді. Live@edu Windows және Mac операциялық жүйелерінде браузерлер немесе мобильді телефон арқылы ресурс сервистеріне қосыла алады. Сонымен қатар Google

компаниясы ұсынған Google Apps Education Edition бұлттық қызмет түрі оқытудың оңтайлы өтілуінің барлық мүмкіндіктерін қарастырган және оқу барысын қолжетімді бірлескен ортаны құру ресурстары ретінде ұсынылған. Қазіргі уақытта Яндекс, IBM және т.б. ірі компаниялар ұсынған бұлттық қызмет түрлері қолданыста жүр. Өзінің веб-сайттары арқылы білім алушылар мен оқытушылар (мұғалім) арасындағы онлайн қарым-қатынасты, қашықтан бірлесіп жұмыс жасау тиімділігін арттыруға арналған қызмет түрлерін ұсынады (*14-сурет*).



*14-сурет. Білім беру саласындағы бұлттық сервистер*

**Іскерлік салада.** Бұлттық технологиялар – іскерлік саланды үйымдастырудың оңтайлы тәсілі. Онлайн жұмыс орнының анағұрлым ұлғаюы мен жалпыға қолжетімді болуы – үлкен мүмкіндік. Искерлік сала үшін тапсырыс беру мен тапсырыс алу арасындағы байланыс «жылдамдығы» маңызды. Сонымен қоса

бірлескен орта, кездесулерді жоспарлау, онлайн-видеоконференцияларды ұйымдастыру, ортақ файлдарды өндеу және т.б. Әртүрлі қызмет түрлерін кез келген құрылғылар арқылы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) басқаруға болады. Іскер адам қазіргі технологиялардың дамуының арқасында өз ісіне ыңғайлы бүлттық технологияларды таңдайды. Іскерлік салада қолданыста жүрген бүлттық технологиялар: SmartCloud, IT-Grad, Microsoft Hosted Exchange және т.б. (15-сурет).



Unibox	Умный город	Видеонаблюдение
Системы решения для вашего бизнеса Не нужно подключать сервисы по отдельности. Соберите их в один пакет.	Софа – беспроводная технология передачи небольших по объему данных на дальние расстояния, распространяющаяся на различные технологии, исключая интернет и интернет вещей	Камера в промышленной установке, просмотра и управление через интернет и мобильное приложение

*15-сурет. Іскерлік саласындағы бүлттық сервистер*

**Медицина.** Бүлттық технологиялар медицина саласында да сұранысқа ие. Өйткені ауруханалар, емханалар, сақтандыру компаниялары мақсаттарын іске асыруға және медициналық қызмет түрлерінің сапасын жақсартуға өз септігін тигізуде. Дөрігерлер арасында ақпарат алмасудың жедел жүйесі есебінен науқастарға күтім жасау сапасы жақсарды. Негізгі ақпараттарды «булттық қоймаларда» орналастыра отырып, ауруханалар


мен емханалар арасында нақты уақыт режимінде файлдарды бірлесіп өңдеу арқылы жұмыс барысын анағұрлым жеңілдетті. Қәптеген сарапшылардың бағалау нәтижесі бойынша бұлттық технологиялар трансляциялық жылдамдығымен икемділік жағынан жоғары деңгейде бағаланды. Ауқымды қолданыста жүрген, қәптеген компаниялар ұсынған бұлттық ресурстар: CareCloud, Oracle, Agfa Healthcare, Carestream Health, Merge Healthcare және Damumed т.с.с. (16-сурет).



16-сурет. Медицина саласындағы бұлттық сервистер

**Қаржы индустриясында.** Жоғары жылдамдық, жұмыс жасау икемділігі, өз-өзіне қызмет көрсету мен қашықтан басқа-ру тиімділігі барлық банк қызметкерлері үшін маңызды. Осы мәселелерді шешуде бұлттық технологиялар сұранысқа ие болды және банк белімшелері бұлттық ортандың ең белсенді тұтынушыларының біріне айналды. Қарқынды дамудың арқасында

қаржы индустриясы алдыңғы қатардан көріне бастады. Қазіргі уақытта белсенді қолданыста жүрген бұлттық технологиялар: Microsoft Hosted SharePoint, oblako.kz, 1С Онлайн (Uchet.kz, ITSheff), 1С (Первый БИТ), SmartCloud, 1С бұлтта (1С-Рейтинг) және т.б. (17-сурет).



17-сурет. Қаржы индустриясындагы бұлттық сервистер

Бұлттық технологиялардың қызмет түрлері нарықта жұмыс істеуі, қолдану салаларының ұлғаюы және оның толық-қанды дамуы тиісті нормативтік құқықтық актілерді, ақпаратты қорғау стандарттары және т.б. қойылатын талап түрлеріне қатаң бағынады.

**Бұлттық сервистер мынадай маңызды талаптарды қанаттандыруы тиіс:**

- қолданушының сұранысы бойынша өз-өзіне қызмет көрсету ыңғайлылығы мен қолайлылығы. Қолданушы бұлттық сервис иелерінің араласуынсыз автоматты түрде өзіне

көрсетілетін қызметтерді басқара алу мен қажеттілігінше өзгерту мүмкіндігі;

- бұлттық қызмет түрлерінің жылдамдығы. Бұлттық ресурстар Интернет желі жылдамдығымен ілесе алыу;
- жедел реакция. Тұтынушыға берілетін бұлт ресурстарының көлемін тез және икемді түрде өзгерте алу мүмкіндігі (кеңейту немесе азайту), кез келген мөлшерде сатып алу қолайлылығы мен жылдам іске асуы.

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Бұлттық технологиялар мақсатына қарай неше түрге белінеді?
2. Ортақ бұлттар деп қандай ортаны айтамыз?
3. Білім беру саласында белсенді қолданыста жүрген қандай бұлттық сервистерді білесіңдер?
4. CareCloud, Oracle, Agfa Healthcare, Carestream Health, Merge Healthcare және Damumed т.с.с. бұлттық сервис түрлері қай салада қолданылады?

#### Ойланайық, талқылайық

1. Не себепті бұлттық технологияларды қолдану салалары артуда?
2. Қаржы индустриясына бұлттық сервистер не үшін қажет?
3. Бұлттық сервистер қандай маңызды талаптарды қанаттандыруы тиіс, не үшін?

#### Талдап, салыстырайық

Сурет бойынша бұлттық технологиялардың мақсатына қарай түрлерінің айырмашылықтары мен артықшылықтарын талдап, салыстырындар.



**Топпен орындалатын жобалық жұмыстар**

1. Білім берудегі бұлттық технологиялар (мақсаты, міндеті, құрылымы, қолдану маңыздылығы және т.б.).
2. Іскерлік саласындағы бұлттық технологиялар (мақсаты, міндеті, құрылымы, қолдану маңыздылығы және т.б.).
3. Медицинадағы бұлттық технологиялар (мақсаты, міндеті, құрылымы, қолдану маңыздылығы және т.б.).
4. Қаржы индустриясындағы бұлттық технологиялар (мақсаты, міндеті, құрылымы, қолдану маңыздылығы және т.б.).

**Жобаның міндеттері:**

1. Жобаның толық сипаттамасы Word форматында ұсынылуы қажет.
2. Жоба презентациясын (PowerPoint форматында) қорғау қажет.

Презентацияда мәтін, сурет, видео ақпараттар болады және презентация автоматты айналым режимінде көрсетілуі тиіс; көрсету уақыты 5–7 минуттан аспауы керек.

**Ой бөлісейік**

«Он сұрақ» әдісі арқылы білімдеріңе сүйене отырып, тақырыпты түйіндендер.

**Үйде орындаңық**

Интернет желісін пайдаланып, бұлттық сервис түрлері бойынша төмендегі кестені толтырыңдар.

Бұлттық сервистер	Қолдану саласы	Артықшылдығы	Мүмкіндіктері
Google Apps Education Edition			
SmartCloud			
damumed.kz			
oblako.kz			

## §3. Бұлттық деректер қоймасы

### Естеріне түсіріндер:

- бұлттық технологиялар мақсатына қарай неше түрге белінеді?
- бұлттық технологияларды қандай салаларда қолданады?
- бұлттық сервистерге қандай талаптар қойылады?


### Менгерілетін білім:

- бұлттық қойма;
- бұлттық қойма түрлері;
- Google Apps (қосымшаның) қызмет түрі;
- Google Диск.

### Сөздік:

**Бұлттық деректер қоймасы** –  
Облачные хранилища данных –  
*Cloud storage*

**Онлайн күнтізбе** – Онлайн  
календарь – *Online calendar*



18-сурет. Бұлттық деректер қоймасының моделі

Бұлттық қойма түрлері өте көп, оның қауіпсіздігі мен көлеміне қарай өзімізге ыңғайлыш және тиімді түрлерін таңдай ала-мыз. Сонымен қатар тұтынушылардың саны күннен күнге өсіп

Казір қажетті файлдарды тасымалдаушы құралдар арқылы (CD-ROM, DVD-ROM, флешжады, қатқыл диск т.б.) үнемі алып жүрудің және оның қауіпсіздігіне аландырың қажеті жоқ. Қемекші құрал ретінде қажетті құжаттарды арнайы бұлттық қоймаларда сақтауға болады.

**Бұлттық деректер қоймасы** (*cloud storage*) – онлайн қойманың үлгісі, арнайы сатып алынған немесе жалға алынған жеке серверлерде деректерді қауіпсіз түрде сақтау моделі. Демек, бұлттық сервис түрлерін пайдаланып, кез келген деректерді қорғалған желіде сақтауға және сақталған ақпарат қауіпсіздігіне аландамауға болады (18-сурет).

Бұлттық деректер қоймасын құру алдымен, бұлттық қызмет түрлері ұсынған қойма көлеміне байланысты. Бұлттық деректер қоймасының көлемі ауқымды болғандықтан, қоймаға көлемді ақпарат орналастыруға болады. Дегенмен бұлттық сервис түрлері шектеулі көлемде ғана орын береді. Оны тек қосымша ақы төлеп, қажеттілігіне қарай кеңейте аламыз.

келеді. Бұлттық деректер қоймасы сыйымдылық көлеміне қарай әртүрлі (1-кесте):

1-кесте. Бұлттық деректер қоймасының түрлері

№	Қызмет түрлеріне қарай ұсынған бұлттық деректер қоймасының атауы	Шектеулі түрде тегін берілетін көлемі
1	Mega	50 ГБ
2	Mail бұлт	25 ГБ
3	Google компаниясынан Google Диск	15 ГБ
4	Яндекс компаниясынан Яндекс.Диск	10 ГБ
5	Box.net	10 ГБ
6	Microsoft компаниясынан OneDrive	5 ГБ
7	Apple компаниясынан iCloud Drive	5 ГБ
8	SugarSync Inc компаниясынан SugarSync	5 ГБ
9	OpenDrive	5 ГБ
10	Dropbox компаниясынан Dropbox	2 ГБ

Барлық бұлттық деректер қоймасының қызмет көрсету мақсаттары бір. Олардың сипаттамалары мен ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, өзімізге қолайлы бұлттық деректер қоймасын таңдап, пайдалана аламыз.

Бұлттық деректер қоймасында жұмыс жасау тиімділігі:

- бұлттық деректер қоймасының сақтық көшірмесін жасайды;
- техникалық құрылғылардың арнайы жадында деректерді сақтауды қажет етпейді, себебі бұлттық деректер қоймасының виртуалды жадында сақталады;
- сақталған деректер көлеміне шектеулер жок, көрсетілген тарифтік жоспар бойынша қалаған көлемге ұлғайту мүмкіндігі бар (ақылы түрде);
- ақпаратқа бірлесіп қолжеткізуге болады;
- бұлттық қоймалардағы файлдарға қатынауды ашу, басқа пайдаланушылармен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді және барлық қызмет түрлерін нақты уақыт режимінде жүргізуге болады;
- акпараттарды вирустардан және рұқсатсыз қол сұғудан абсолютті қорғайды;
- бұлттық деректер қоймасында сақталған мәліметтерге алаңдамаута болады, өйткені қауіпсіздік шаралары сақталған.

Аталған бұлттық қоймалардың ішінен Google компаниясы ұсынған негізгі қосымша қызмет түрлерін қарастырайық.

Google компаниясы ұсынған қосымша қызмет түрлері кез келген техникалық құрылғылар арқылы қолжетімді, мысалы: Дербес компьютер (ДК) және Mac, планшет, смартфон және т.б.


Google компаниясы ұсынған қосымша қызмет түрлеріне 15 ГБ-тық тегін сыйымдылық көлемі беріледі, ал оны кеңейту үшін қосымша ақы төленеді. Қосымша ақы төлемдері *19-суреттегі* тарифтік жоспар бойынша жүргізіледі.

#### Google One жазылымы Қосымша жад орнын ұсынады Қосымша жад және бонустар



*19-сурет. Қосымша ақы төлемдер жасау тарифи*

Google компаниясы ұсынған қосымша қызмет түрлерін пайдалану үшін кез келген браузер арқылы Google.com немесе <https://www.google.com/> сілтемесі арқылы өтүге болады. Ашылған терезеден арнайы жеке Аккаунт құру (*Создать аккаунт*) керек. Ол үшін терезенің жоғары оң жақ бұрышындағы Kіru (*Войти*) батырмасын басып, ашылған терезеден тіркеуден өту жеткілікті (*20-сурет*).



*20-сурет. Жаңа аккаунт құру*

Мұнда қолданушы электронды пошта мекенжайын немесе телефон нөмірі мен парольді енгізеді. Алайда ақпараттар жүйеде қайталанбауы керек, сондықтан бір адам үшін тек бір аккаунттан артық тіркеуге тыйым салынады.

Ашылған терезенің жоғары оң жақ бұрышында Google компаниясы көптеген қосымшалар мен сервис түрлерін қолдануға ұсынады. Бір ортада тиімді жұмыс жасау үшін барлық қызмет түрлері қарастырылған. Бүкіл өлем бойынша достарыңмен өзара тілдесу мүмкіндігі жоғары деңгейде қарастырылған.

**Google қосымшаларының сервис түрлеріне:**

- Gmail – тегін электронды пошта;
- Google Диск – деректерді басқару қоймасы;
- Google Calendar – онлайн күнтізбе;
- Google Maps – карталар жинағы;
- Google Docs – онлайн офис;
- Google Translate – аудармашы;

- Google Hangouts – онлайн хат, қоңырау, видеобайланыс орнату және т.б. қызметтері жатады (*21-сүрет*).




*21-сүрет.* Google-дың қосымша қызмет түрлері

**Gmail – электронды пошта.**

Көргалған корпоративтік электронды пошта (*Gmail*).

Gmail – электронды поштада деректерді қауіпсіз сақтайтын, сондай-ақ жіберілген хаттар мен келген хаттар туралы хабарлайтын қызмет (*22-сүрет*).




*22-сүрет.* Gmail-тегі электронды пошта терезесі

**Диск – деректер қоймасын басқару.**

Бұлттық деректер қоймасы деп Диск қызметін айтамыз.




**Google Диск** (ағылш. *Google Drive*) – файлдар хостингі және одай басқару үшін қауіпсіз деректерді сақтау кеңістігі. Оның функцияларына файлдар мен бумалярды жүктеу, сақтау, ортақ пайдалану, резервті көшірме жасау және ортақ өндеу кіреді (23-сурет).



23-сурет. Дисктің жұмыс жасау ортасының моделі

1. Терезенің сол жақ бұрышында Дисктің негізгі мәзір қатары орналасқан. Жеке Drive (Мой диск) бөлімінде бұлттық қоймаға жүктелген барлық файлдар мен бумарап, сондай-ақ бұлтта құрылған құжаттар тізімдері тұрады. Маган қолжетімді (Доступные мне) бөлімінде өзге пайдаланушылар бізге қолжетімдікті ұсынады, көруге, өндеуге рұқсат береді. Соңғы (Недавние) бөлімінде жақында жұмыс істеген (ашылған, жүктеген, өндеген және т.б.) файлдар мен бумарап, ал Сақтық қөшірмелер (Резервные копии) бөлімінде сақтық қөшірмелер жасаған тізімдер көрсетіледі.
2. Пайдаланушыға берген қолжетімдіктің қараған уақыты мен күні. Ол құжаттың соңғы өзгерілген уақытымен тұрады.
3. Файл немесе бума иесінің аты-жөні.
4. Қаралмаған құжаттар, олар жартылай қою қаріппен ерекшеленеді.

Дисктің сол жақ жоғарғы бұрышында мәзірлер қатарының үстіндегі батырмасы арқылы компьютерден файлдар мен бумалярды дискіге жүктеуге болады. Сондай-ақ Google мәтіндік құжаттар, Google кестелер, Google презентациялар және т.б. шаблон түрлерін тікелей бұлтта құрып, өндей аламыз (24-сурет).



24-сурет. Дисктің негізгі мәзірлер қатары (меню)

### Google Calendar – онлайн күнтізбе.


Бірлескен жұмыс үшін онлайн күнтізбелер. Күнтізбе жұмыс күнін тиімді үйымдастыруға көмектеседі. Кездесулерді ынғайлы жоспарлауға, тиімді уақытты таңдау үшін достардың кестесімен оңай салыстыруға (досымыз бізге сілтеме берсе), сондай-ақ басқа пайдаланушылардың бос уақытын білуге немесе жоспарланған кездесулер туралы ақпаратты көре алғатында күнтізбеле қолжеткізе аламыз. Сонымен қатар маңызды кездесуді жоспарладап, достарымызға сілтеме жіберуге болады. Ол үшін бағырмасын басып, жоспарлаған күнді, уақытты, кездесу атауын және кездесетін жерді таңдап, достарымыздың аккаунтын теріп, сілтемені жіберу жеткілікті (25-сурет).



25-сурет. Онлайн күнтізбе

## Google Maps – карталар жинағы.

Карта – Жер планетасының картасы мен спутниктің суреттері. Көрнекті орындар, ұйымдар және т.б. белгілері бар картадағы ақпаратты іздеу үшін пайдаланылады. Көптеген аймақтар үшін жоғарыдан аэрофотосуреттер (250–500 м биіктікten алған), кейбіреулері үшін 45° бұрышпен төрт жағынан көру мүмкіндігі бар карта (26-сурет).



26-сурет. Карта моделі


## Google Translate – аудармашы.

191 тілге аудару мүмкіндігі бар тегін онлайн аударма қызметі. Бұл статистикалық машиналық аударма компьютерлік программа аударған мәтіндердің үлкен массивін талдайды және бір тілдің сөздігі мен грамматикасын цифрлы түрде екіншісіне аударады (27-сурет).



27-сурет. Google аудармашы терезесі

Сонымен қатар онлайн түрде қоңырау шалу, хат жіберу немесе видеоконференция жасау үшін **Google Hangouts** арқылы байланыс орнатуға болады. Ол үшін Google қосымшалар қатарынан Hangouts қызметін таңдаймыз. Кездесулерді жоспарлап, қатысушыларға сілтеме жіберіп, онлайн түрде видеокөздесулер үйымдастыруға болады. Hangouts қызметінің басты міндеті – осы (28-сурет).



28-сурет. Google Hangouts байланыс ортасы

Өзге қолданушыға қоңырау немесе видеокоңырау шалу үшін сол қолданушының **Чат құры** (**Создать чат**) бөліміне Google аккаунтын тереміз. Байланысты орнату үшін камера және микрофон болуы тиіс. Оларды немесе батырмасын басу арқылы орнатамыз.

Осылайша, Google-дың қосымша қызмет түрлерін білу оларды қызметі бойынша дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Ал бұл Интернет арқылы қолданушылардың **бұлттық орта құруына** ықпалын тигізеді.

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Бұлттық деректер қоймасы дегеніміз не?
2. Қандай бұлттық қоймалардың түрлерін білесіңдер?
3. Google компаниясы ұсынған қосымша қызмет түрлері қандай?

4. Google Диск дегеніміз не?
5. Google Calendar дегеніміз не? Ол қандай қызмет атқарады?

**Ойланайық, талқылайық**

1. Бұлттық деректер қоймасының қажеттілігі неде?
2. Бұлттық деректер қоймасының тиімді тұстарын қалай байқауға болады?
3. Google Дисктің сақтық көшірмесін тиімді деп ойлайсындар ма?

**Талдаң, салыстырайық**

Топтарға бөлініп, қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, төменде келтірілген бұлттық қойма түрлерін талдаң, өзара артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыру жұмыстарын жүргізіңдер.


Бұлттық қойма түрлері	Сипаттамасы	Артықшылығы	Кемшілігі
Mega			
Mail бұлт			
Google Диск			
Яндекс.Диск			
Box.net			
OneDrive			
iCloud Drive			
SugarSync			
OpenDrive			
Dropbox			

**Компьютерде орындаңық**


*Google компаниясы ұсынған қосымша қызмет түрлерімен жұмыс жасап көріңдер.*

1. <https://www.google.com/> сілтемесі арқылы тіркеуден өтіңдер. Ол үшін Google аккаунт құру арқылы пароль енгізу жеткілікті.

2. Ашылған терезенің жоғары оң жақ бұрышындағы Google ұсынған қосымша қызмет түрлерінен **Gmail** электронды пошта қызметін таңдаңдар.
3. Таңдалған **Gmail** электронды поштаның сол жақ бұрышында орналасқан **Мәзір** (Меню) қатарымен танысындар, **Мәзір** (Меню) қатарындағы әр батырманың қызметін қараңдар, **Жазу** (Написать) батырмасын басып, жаңа хабарламалар жазу амалын жасаңдар. Қасындағы досыңың электронды пошта мекенжайына «Сөлем!» деп хабарлама жазып, қандай да бір құжатты **Файлды тіркеу** (Прикрепить файл) функциясын таңдаپ жіберіңдер. Хабарламаның жөнелтілгенін **Жіберілген** (Отправленные) бөлімінен қадағалаңдар. Сендер хабарлама арқылы жұмыс істеу кезінде Диск функциясын пайдалана аласындар. Мысалы, егер кейбір файл Google Дисктеге сақталса, оны пошта арқылы жіберу керек делік, оны алдын ала компьютер жадына жүктеудің қажеті жоқ, **Жазу** (Написать) терезесінің төменгі бұрышында орналасқан Google Диск файлдарға сілтеме қою түймешесін басып, ашылған Дискінің ішіндегі жіберетін құжатты таңдаپ, тіркейсіңдер.




*Google ұсынған қосымша қызмет түрлері*



*Жаңа хабарлама жіберу терезесі*

4. Google Диск терезесін ашыңдар, ашылған терезеден Құру (Создать) батырмасы арқылы компьютер жадынан файлды Disk қоймасына жүктендер.




*Google Disk терезесіне файлды жүктейу*

Жүктелген файлды Менің дискім (Мой диск) бөлімінен бақылаңдар және ерекшелеп, терезенің оң жақ бұрышында орналасқан ортақ қолжетімдіктердің күргүре болатын батырмалардың барлық түрімен танысып шығыңдар.

1. Бөлісуге болатын сілтеме алу (Копировать ссылку общего доступа);
2. Бөлісу (Открыть доступ);
3. Алдын ала қарау (Предварительный просмотр);
4. Жою (Удалить);
5. Қосымша өрекеттер (Другие разделы).




*Ортақ қолжетімдіктердің  
баптай*




*Ортақ қолжетімдікпен бөлісу сілтемесі*

Сілтеме алмасу буферіне көшіріледі.



*Файлга ортақ қолжетімдікті ашу*

Ерекшеленген файлға қолжетімдікті ашу (Открыть доступ к объекту ...) батырмасын басындар. Ашылған терезеде қолжетімдікті беретін серікtestерінің электронды пошта мекенжайын енгізіндер. батырмасы арқылы қолжетімдікті орнату 3 түрлі нұсқада іске асады: серікtesімен бірге өндеуге (редактирование); серікtesіне тек оны қарастыруға (просмотр) және пікірлер қалдыруға (комментирование) болатын функциялары бар. Жалпыға қолжетімдік хабарламасы электронды пошта мекенжайына келіп туседі.



*Электронды поштага келіп түскен қолжетімдік файлы*

Бұлттық қоймадағы файлдарға қолжетімдікті орнату жұмысы – осы.

5. Google Карта қосымшасына басып, сол жақ бұрышта орналасқан Мәзір (Меню) қатарынан Спутник белімін таңдаап, Іздеу (Поиск) батырмасына түрғылықты

мекенжайыңды жазып, өзің түрған үйді 45° бұрыштық төрт жағынан көріп, карта өзгерісін бақылаңдар. Сонымен қатар **Мәзір** (Меню) қатарындағы барлық бөлімдермен жұмыс жасап көріндер, қандай өзгеріс болғанын бақылаңдар.

6. **Аудармашы** (Переводчик) қосымша қызмет түрін таңдаңдар. Төмендегі мәтінді **Аудармашы** құралының сол жақ терезесіне теріп шығыңдар және ағылшын тіліне ауыстырып, грамматикалық сауаттылығына мән беріңдер.

*«Мәтіндік ақпарат – жазбаша түрде табиги және формальды тілдермен берілетін ақпарат түрі. Мәтіндік ақпарат құрамына әртүрлі алфавиттің кіши әріптері, бас әріптері, цифрлар, әртүрлі таңбалар, сондай-ақ математикалық таңбалар да кіреді».*

7. **Google Hangouts** арқылы байланыс орнату амалын жасаңдар. Өзге қолданушыға қоңырау немесе видеоқоңырау шалу үшін сол қолданушының **Чат құру** (Создать чат) бөліміне Google аккаунтын теріңдер. Байланысты батырмасын басу арқылы жалғастырып, «Бүгінгі сабакта не білдік? Не үйрендік?» – деген сұраққа жауап беріп, өз ойларыңды достарыңмен бөлісіңдер.

#### Ой белісейік

Сабакта не білдіңдер? Не үйрендіңдер? Алған жаңа білімдеріңді күнделікті өмірде қандай жағдайда қолдануға болады? Мысал келтіріңдер.

#### Үйде орындаібық


Google ұсынған сервис түрлерінің сипаттамаларын дәптерлеріңе жазып, кестені толтырыңдар.

Google ұсынған қосымша қызмет түрлері	Қызметі
Gmail	
Google Calendar	
Google Диск	
Google Translate	
Google Hangouts	

## §4. Бұлттық технологиялар ортасында жалпыға қолжетімді күнтізбе құру. Практикум

Мақсаты: Google компаниясы ұсынған Google Күнтізбе (Календарь) қосымшасы арқылы жалпыға қолжетімді күнтізбе құру.

1. Google Күнтізбе (Календарь) терезесін ашыңдар. Ол үшін Google қосымшаларының қызмет түрлерінен Күнтізбе (Календарь) таңдаңдар.



Google Күнтізбе (Календарь) терезесі

- 1) Басты мәзір (Главное меню) қатары;
- 2) Баптаулар (Настройки) қатары;
- 3) Күнтізбе күндері.
2. Жалпыға қолжетімді күнтізбе құрмас бұрын Google Күнтізбе (Календарь) терезесінің оң жақ бұрышында Баптау (Настройки) терезесін ашып, Жалпы (Общее) бөлімінен: Тіл және аймақ (Язык и регион), Уақыт белдеуін (Часовой пояс), Әлемдік уақыт (Мировые часы), Шаралар (Мероприятия), Қарau режимі (Режим просмотра) қатарын өздеріңе қолайлы етіп баптаңдар.

Жалпыға қолжетімді күнтізбе құрудың екі нұсқасы бар.

- 1) Басты мәзір (Главное меню) қатарындағы стандартты күнтізбеле қолжетімдікті ашуға болады;
- 2) Өзіңнің жеке күнтізбенде құрып, сол жеке күнтізбеле қолжетімдікті құруға болады.

**Общие**

- Язык и регион
- Часовой пояс
- Мировые часы
- Мероприятия
- Режим просмотра
- Мероприятия из Gmail
- Быстрые клавиши
- Добавить календарь
- Импорт и экспорт
- Настройки моих календарей
- Личные
- Дни рождения

**Язык и регион**

Язык: Русский  
Страна: Казахстан

Часовой пояс

Показывать дополнительный часовой пояс

Основной часовой пояс: (GMT+06:00) Восточный Казахстан - Алматы


Дополнительный часовой пояс: Не выбрано

Спрашивать при обновлении основного часового пояса в соответствии с моим текущим местоположением


Подробнее о часах, включая Google Календарь участвует в нем часовому поясу.

*Баптау (Настройки) тереңесі*

3. **Басты мәзір (Главное меню)** қатарындағы стандартты күнтізбенде қолжетімдікті құрып көрейік. Сендер Google сайтына қандай аккаунт арқылы тіркелсендер, **Стандартты күнтізбе** сол атаумен құрылады. **Басты мәзір (Главное меню)** қатарындағы Менің күнтізбелерім (**Мои календари**) айдарынан **Стандартты күнтізбе** атауын көресіңдер.

*Стандартты күнтізбе*

- Стандартты күнтізбені па аметрлерін өзгерту үшін оң жақ белгіндегі  Лунара  белгісін таңдаңдар.
- Ашылған терезеде Осы күнтізбені ғана көрсету, Баптаулар және ортақ қолжетімдік өрістері мен күнтізбенің Тұстер палитрасы орналасқан.
- Сендер Баптаулар және ортақ қолжетімдік өрісін таңдаңдар.



*Стандартты күнтізбенің ортақ қолжетімдігін баптау  
(Настройки и общий доступ) параметри*

- Ашылған терезеде Қолжетімдікке рұқсат (Разрешения на доступ) айдарында барлық қолданушыларға сілтеме арқылы қолжетімдік беріледі (ескертпе, барлық қолданушылар сенің күнтізбене қолжеткізе алады) және Жеке пайдаланушыға қолжетімдік (Доступ для отдельных пользователей) қатарында тек өздерің таңдаған қолданушыға ғана қолжетімдікке рұқсат бересіндер. Жеке пайдаланушыға қолжетімдік қатарын таңдаңдар, қолжетімдікке рұқсат беретін адамның электронды пошта мекенжайын енгізіп, Жіберу (Отправить) батырмасын бағындар.

**Разрешения на доступ**

Сделать общедоступным      Доступ ко всем сведениям о мероприятиях

Включить доступ по ссылке  
Поделиться с предотвращением общего доступа к календарю.

**Доступ для отдельных пользователей**

aisauleumbetkali@gmail.com (aisauleum)

aisauleumbetkali@gmail.com      Внесение изменений в представление... X

+ Добавить пользователей  
Поделиться с предотвращением общего доступа к календарю.

**Доступ для пользователей**

aisauleumbetkali.yev@mail.ru      Alsu Baktiyalyeva X

Добавьте имя или адрес электронной почты

Разрешения  
Доступ ко всем сведениям о мероприятиях

### *Ортақ қолжетімдікті орнату*

8. Ортақ қолжетімдік хабарламасы қолжетімдікке рұқсат берген адамның электронды пошта мекенжайына түседі. Келіп түскен хабарлама арқылы сенің күнтізбенде бақылай алады.

Gmail

Написать

Видение

Помеченные

Отложенные

Отправленные

Календарь

Запись ничего нет. Напечатать

Поиск в почте

Пользователь aisauleumbetkali@gmail.com предоставил Вам доступ к календарю

aisauleumbetkali@gmail.com

Пользователь aisauleumbetkali@gmail.com предоставил Вам доступ к календарю "aisauleumbetkali@gmail.com" и разрешил просматривать мероприятия в нем.

Добавьте этот календарь к остальным своим календарям, вы сможете скрыть или удалить его в любой момент.

Добавить этот календарь

Команда Google Календаря

Скрыть календарь

*Электронды поштага келген ортақ қолжетімдік хабарламасы*

9. Жалпыға қолжетімді күнтізбе құрудың екінші нұсқасы арқылы өздеріңің жеке күнтізбелерінді құрып, сол жеке күнтізбене қолжетімдікті ашуға болады. Ол үшін Баптау (Настройки) терезесінің Күнтізбе енгізу (Добавить календарь) қатарынан Күнтізбе құру (Создать календарь) қатарын таңдаңдар.

The screenshot shows the 'Настройки' (Settings) screen with a sidebar containing options like 'Добавить календарь', 'Подписаться на календарь', 'Создать календарь', and 'Интересные календари'. A red box highlights the 'Добавить календарь' option. To the right, a modal window titled 'Добавить календарь' has three buttons: 'Подписаться на календарь' (Subscribe to calendar), 'Создать календарь' (Create calendar, highlighted with a red box), and 'Интересные календари' (Interesting calendars).


*Күнтізбе құру терезесі*

10. Ашылған терезеге күнтізбе атаяны, сипаттамасын, уақыт белдеуін енгізіп, Күнтізбе құру (Создать календарь) батырмасын басыңдар.

The screenshot shows the 'Настройки' (Settings) screen with the 'Создать календарь' (Create calendar) section selected. It includes fields for 'Название' (Name) and 'Описание' (Description), a dropdown for 'Часовой пояс' (Time zone) set to '(GMT+06:00) Восточный Казахстан - Алматы', and a dropdown for 'Лунари' (Lunar). A blue button labeled 'Создать календарь' (Create calendar) is highlighted with a red box.

*Күнтізбе құруды баптау терезесі*


11. Басты мәзір (Главное меню) қатарына өтіндер, Менің күнтізбелерім (Мои календари) айдарынан құрған күнтізбе атауын табыңдар.
12. Осымен жеке күнтізбе құрылды. Жеке күнтізбеле жалпыға қолжетімдікті құру үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталастандар болды.



*Басты мәзір қатарындағы жаңа құрылған күнтізбе*


**A тапсырмасы.** Жеке өздеріңің күнтізбелерінді құрындар және жалпыға қолжетімдікті орнатыңдар. Қолжетімдікке рұқсат беретін 2–3 сыныптастарынды белгілеңдер және аккаунтын енгізу арқылы хабарлама жіберіңдер. Хабарлама түрі қалай келетінін бақылаңдар.

- B тапсырмасы.** Құрған күнтізбенің  Жеке күнтізбе  барлық параметрлерін қолданып көріңдер.
- тек өздерің құрған күнтізбені көрсетіңдер (Показывать только этот);
  - күнтізбені қатар тұрған тізімнен жасырыңдар (Скрыть из списка);
  - өздеріңің күнтізбелерінді түрлендіру үшін түстер палитрасынан түстер таңдап, қандай өзгерістер болғанын бақылаңдар;
  - жасаған жұмыстарынды бір-біріңмен салыстырыңдар.



### *Күнтізбе параметрлері*

**С тапсырмасы.** Алда болатын іс-шара мерзімін күнтізбеке енгізіндер. Ол үшін басты мәзірден батырмасын басып, жоспарлаған іс-шара атауын, күнін, уақытын және өтілетін орнын белгілеп, сыныптастарыңың аккаунтын теріп, сілтеме жіберіндер (сілтемені жібермеуге де болады, себебі қолжетімдікке рұқсат берілген, олар автоматты түрде өзгерістерді көре алады).



### *Іс-шара мерзімін күнтізбеке енгізу*

Іс-шараға келісімін берген-бермененін, мүмкін деген сыйныптастыңың жауабын Қүнтізбеден болатын күнді тінтуірмен шерту арқылы көре аласындар. Ол жауап түрінде болады.

## §5–6. Бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасау

### Естеріне түсіріңдер:

- бұлттық деректер қоймасы дегеніміз не?
- бұлттық деректер қоймасының сыйыымдылық көлеміне қарай қандай түрлерін білесіңдер?
- Google Apps (қосымшасы) қандай қызмет түрлерін ұсынады?
- Google Диск дегеніміз не?
- Google Күнтізбе (Календарь) қосымшасы арқылы жаппыға қолжетімді күнтізбе құрудың қажеттілігі неде?

### Менгерілетін білім:

- бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасау;
- бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасаудың артықшылықтары;
- Google Docs (құжаттар) қосымшасы.



29-сурет. Бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс моделі

### Сөздік:

- Құжаттар – Документы – *Documents*  
Мәтіндік құжат – Текстовый документ – *Text document*  
Кестелер – Таблицы – *Sheets*  
Презентация – Презентация – *Presentation*  
Ұлгілер – Формы – *Forms*

Интернет желісі арқылы кез келген құрылғыда стандартты мәтіндік құжаттар, кестелер, презентациялар және т.б. файлдарды қашықтан бірлесіп өндеу мүмкіндігі бұлттық технологиялардың заманауи қызмет түрлерінің арқасында жүзеге асып жатыр. Бұлттық технологиялар ортасының дамығаны соңшалық, арнағы программалық жабдықтарды қажет етпей, Интернет желісі арқылы бірнеше қолданушылар үшін нақты уақыт режимінде стандартты файлдармен бірлесіп жұмыс жасау мүмкіндігін қарастырган (29-сурет).

Бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасау артықшылықтары:

- **Қолжетімдік.** Интернет желіге қосылған жұмыс жасау қолжетімдігі.
- **Мобилльділік.** Пайдаланушы құжаттармен жұмыс жасау үшін бір тұрақты жұмыс орнымен шектелмейді, өлемнің кез келген нүктесінен басқарып, қадағалай алады.

- **Үнемділік.** Маңызды артықшылықтардың бірі. Пайдаланушыға қажетті программалық жасақтамаларды орнатудың қажеті жоқ (мысалы, компьютердегі программаларды жаңарту), барлық қызмет түрлері бір аппараттық жүйеде біріктірілген.
- **Икемділік.** Провайдерлер барлық қажетті ресурстардың автоматты түрде шешімін тауып, жұмыс бойынша қолайлы жағдай жасайды.
- **Жоғары технология.** Үлкен есептеу қуаты, олар деректерді сақтау, талдау және өндөу үшін қолданушының қарамағына беріледі.
- **Сенімділік.** Кейбір сарапшылар ауқымды желілік ресурстарына қарағанда бұлттық технологиялардың қызмет түрлерін өлдекайда сенімді деп санайды.


Бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасау үшін тиімді деп санайтын бұлттық сервис түрлерін таңдау қажет. Алдыңғы сабакта өткен Google компаниясы ұсынған қосымша қызмет түрлерінің бірі **Google Құжаттармен (Google Документы)** жұмыс жасап көрейік.

### *Google Құжаттар (Google Документы) дегеніміз не?*


**Google Құжаттар (Google Документы) –** көптеген функцияларды ұсынатын онлайн сервис. Негізгі міндеті – стандартты файлдармен онлайн түрде бірлескен орта құру.

Google Құжаттарды құру екі жолмен іске асады: 1) Google қосымшалар тізімінен **Құжаттар (Документы)** деп (*30-сурет*); 2) Google қосымшалар тізімінен **Диск** қызметін таңдаپ, терезенің сол жақ бұрышындағы **Құру (Создать)** батырмасын басу арқылы керекті құжатқа қолжеткізе аласындар (*31-сурет*).


Ашылған Google Құжаттар терезесіне тоқталып өтейік (*32-сурет*).



*30-сурет. Құжаттар терезесін ашу. 1-жолы*



*31-сурет. Құжаттар терезесін ашу. 2-жолы*




*32-сүрет. Google Құжаттар терезесі*

1. Google Құжаттардың Мәзір (Меню) қатары;
2. Жаңа құжат құры;
3. Қажетті құжатты іздеу;
4. Соңғы (Недавние) құжаттар тізімі;
5. Google қосымшалар тізіміне оралу.

Google Құжаттар Мәзір (Меню) қатарында:

Мәтіндік құжат – бірнеше тұтынушыға қолжетімді нақты уақыт режимінде ортақ файлды өндеу, құру және автоматты түрде сақтау ортасы (33-сүрет). Мәтіндік құжатты импорттау арқылы Microsoft Word, PDF, ODT, RTF, TXT және HTML форматында сақтауға болады.




*33-сүрет. Мәтіндік құжат терезесі*

Суретте төмендегі функциялар сандармен белгіленген:

1. Логотипті басу арқылы бастапқы Мәтіндік құжат терезесіне оралу;
2. Мәзір қатары;
3. Құрал-саймандар тақтасы;
4. Бөлісу (Настройки Доступа);
5. Жұмыс алаңы;
6. Қосымша құралдар.

**Кестелер.** Google-дың электронды кестелері жұмыс жасау икемділігі мен бірлескен қолжетімдік мүмкіндіктері арқылы ерекшеленеді. Google кестесі кез келген жерде, кез келген құрылғылар арқылы нақты уақыт режимінде талқылауға, қарауға және өндөуге болатын бірлескен жұмыс орны. Формулаларды автоматты түрде толтыру функциясы арқылы уақытты үнемдеуге болады. Кестеге енгізілген ақпараттар Google-дың алдыңғы қатарлы қауіпсіздік технологиялары арқылы қорғалады (34-сурет).




34-сурет. Кесте терезесі

**Презентация.** Дайын шаблон түрлерін ұсынатын, онлайн режимде бірнеше қолданушымен бірлесе отырып презентацияны түрлендіруге болатын және көптеген функциялары бар орта. Сонымен қатар видеоларды, суреттерді, сызбаларды және аудио эффектілерін қосуға болады. Презентацияны




бірлесіп өндідеу үш түрде іске асады: серіктесімен бірге өндідеуге; серіктесіне тек оны қарауға немесе пікірлер қалдыруға болатын функциялары бар (35-сурет).



35-сурет. Презентация құру тәрзесі

**Үлгілер (Формы).** Қатысушылардан онлайн тестілеу немесе сауалнама алу арқылы кері байланыс орнатуға арналған орта. Сауалнаманы құрып, қатысушыларға сілтеме тарату жеткілікті, ал жауаптар нақты уақыт режимінде бірыңғай кестеде пайда болады (36-сурет).



36-сурет. Үлгілер (Формы) тәрзесі

Сонымен заманауи бұлттық құжаттар ортасында жұмыс жасау – оңтайлы шешімдердің бірі. Бұл жүйе одан өрі қолданушыға қолайлы жұмыс жасау үшін жаңарып отырады.

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасаудың артықшылығы қандай?
2. Google Құжаттар туралы не білесіндер?
3. Мәтіндік құжат деген не?
4. Үлгілер (Формы) қандай қызмет атқарады?

#### Ойланайық, талқылайық

1. Бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасау қажеттілігі неде?
2. Google Құжаттар ортасымен жұмыс жасаудың тиімділігі қандай?
3. Google Құжаттар ортасының Мәтіндік құжаттар, Кестелер, Презентациялар және Үлгілер қызмет түрлерін пайдалану тиімділігі неде?

#### Талдап, салыстырайық

Вени диаграммасы бойынша Microsoft Office және Google Құжаттар ортасының айырмашылықтары мен үқсастықтарын талдап, салыстырындар.

#### Компьютерде орындаіық

**Топпен орындалатын жобалық жұмыс тақырыптары:**

1. Сұраныстағы мамандық түрлері (мамандық түрлері, мамандық таңдау проблемасы, сұранысқа ие мамандықтар және т.б.);
2. Қазақстанның көрікті жерлері (ұлттық мәдени орталықтар, тынығу саябақтар, сөулет өнері, табиғаты және т.б.);
3. Қазақстанның болашағы (халық саны (демография), құрылым индустриясы, мәдени, тынығу орталықтары және т.б.);
4. Қоғам өміріндегі әлеуметтік желілердің рөлі (әлеуметтік желі түрлері, пайдасы мен зияны және т.б.).

## **Жобаның міндеттері:**


1. Жобаның толық сипаттамасы (Google Мәтіндік құжат) Мәтіндік құжат форматында ұсынылуы қажет;
2. Жобаның статистикалық зерттеу көрсеткіштері бойынша (Google Кестелер) диаграммалар түрінде ұсынылуы керек;
3. Жоба презентациясын (Google Презентация ортасында) қорғау қажет;
4. Жоба нәтижесін (Google Улгілер) тест немесе сауалнама арқылы қорытындылау керек.

**Жобаны орындауда арналған нұсқаулық.**

## **Жобаның 1-ші міндеті:**


Жобаның толық сипаттамасы Мәтіндік құжат форматында ұсынылуы қажет. Google компаниясы ұсынған Google Құжаттар терезесінен Мәтіндік құжат қызметімен жұмыс жасау және жалпыға қолжетімді ортасын құру (жалпыға қолжетімдік рұқсаты кем дегенде 2–3 адамнан құрылуды тиіс).

- a) Жалпыға қолжетімді Мәтіндік құжатпен жұмыс жасау үшін *www.google.com* сайтына тіркелген *Google аккаунттары* арқылы жүйеге кіріндер. Ашылған терезеден Google ұсынған қосымшалар тізімінен **Google Құжаттар** қызметін таңдаңдар.




*Google Құжаттарды ашу түрі*

- a) Google Құжаттар терезесінің Басты мәзір (Главное меню) қатарынан Құжаттар ортасын ашындар. Ашылған терезеден Құжат құру (Создать документ) командасын басындар.



*Google Құжаттар терезесінің Мәтіндік құжат ортасы*


- б) Жобаны бірлесіп орындағыны З сыйныптастың ортақ қолжетімдікті ашындар. Ол үшін Құжаттар терезесінің жоғары оң жақ бұрышындағы батырмасын басып, пайда болған терезеге мәтіндік құжаттың атасын теріп сақтаңдар.



*Ортақ қолжетімдікті баптау*


- в) Ортақ қолжетімдікке рұқсат берудің З түрлі мүмкіндігі бар: - Өндеу, яғни қолжетімдік берген пайдаланушы, құжатты өндеу мүмкіндігіне ие болады (редактирование файлов); - пікір мен ұсыныстар жазу, құжатты өндей алмайды, тек пікір мен ұсыныстар қалдырады (только добавление комментариев и предложений); - қарау,

бақылау, бұл түрдегі қолжетімдік жұмыс барысын қарап, бақылай алады (просмотр готовых файлов). Ортақ қолжетімдікке рұқсат беретін сыныптастыңың электронды пошта мекенжайын теріп, **Жіберу (Отправить)** батырмасын басындар.



#### Ортақ қолжетімдікке рұқсат беру жолдары

- г) Сонымен қатар ортақ қолжетімдікке сілтемені көшіру арқылы (копировать ссылку общего доступа) рұқсат беруге де болады. Жоғарыда айтып өткен рұқсат берудің 3 түрлі мүмкіндігі осы қызметте де қарастырылған.




Сілтемені көшіру арқылы ортақ қолжетімдік

- ғ) Ортақ қолжетімдікке рұқсат берген хабарлама электронды пошта мекенжайына келіп түседі, келіп түскен құжатты ашып бірлескен жұмыс ортасын құрындар. Құжат тереңесінің оц жақ бұрышындағы - батырмасын басып, Енгізу (Добавить) қатарын таңдаңдар. Енгізу (Добавить) батырмасы пікірлер қалдыру қызметін атқарады.



*Электронды пошта мекенжайына келіп түскен хабарлама және пікірлер қалдыру батырмасы*

- д) Төмендегі суретте ортақ қолжетімдіктің 3 түрлі қолдану мүмкіндігі көрсетілген: 1) өңдеу мүмкіндігіне ие қолданушы; 2) пікір мен ұсыныстар жазу мүмкіндігіне ие қолданушы; 3) қарау, бақылау мүмкіндігіне ие қолданушы.




*Бірлескен жұмыс ортасы*

- е) Сонымен Мәтіндік құжат ортасында бірлескен жұмыс деген осы. Жобаның толық сипаттамасын Мәтіндік құжат форматында аяқтаңдар. Аяқталған жұмысты Диск деректер қоймасынан көре аласындар.

## **Жобаның 2-ші міндеті:**


Жобаның статистикалық зерттеу көрсеткіштері бойынша диаграммалар түрінде ұсынылуы қажет. Демек, Google Құжаттар терезесінен Кестелер қызметімен жұмыс жасау және жалпыға қолжетімді ортасын құру (жоғарыда бірлескен қолжетімдік берген серіктесін тіркеу).

- a) Google Құжаттар терезесінде **Басты мәзір** (Главное меню) қатарынан Кестелер ортасын ашыңдар. Ашылған терезеден **Құжат құру** (Создать документ) бөлімін асыңдар.
- б) Жобаның 1-ші міндетінде қарастырған ортақ қолжетімдікті құрыңдар. Ортақ қолжетімдікке жоғарыда бірлескен серіктестерінді тіркендер.




*Google Кесте ортасы*

- б) Жобаның статистикалық зерттеу көрсеткіштері бойынша диаграммалар құруға мысал келтірейік. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласының халық саны жыл сайын өсіп отырады. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласы халқының саны 2000 жылмен салыстырғанда 169,2 мың адамға көбейіп, 2006 жылдың басында 550,2 мың адам болды. 2013 жылдың 1 наурызындағы ақпарат бойынша халық саны 783 471 адамды құрады. Ал 2018 жылғы 1 қаңтарда қаладағы халық саны 1 032 475 адамды құрады. Келтірілген мысал бойынша бірлескен жұмыс ортасында статистикалық ақпаратты Google Кестесіне енгізіндер.



*Google Кесте ортасының бірлескен жұмыс түрі*

- в) Жобаның статистикалық көрсеткішін түрлендіру үшін статистикалық ақпаратты ерекшелеп, Вставка ⇒ Диаграмма командасын орындаңдар. Диаграммалар түрлерін пайдаланып, барлық батырма қызметімен өз беттерінде танысып, жұмысты аяқтаңдар.




*Google Кесте ортасында диаграмма құру*

- г) Келтірілген мысал бойынша зерттеп отырған Жоба тақырыптарына статистикалық нәтижесін анықтап, бірлескен ортада диаграмма құрыңдар. Аяқталған жұмысты Диск деректер қоймасынан кере аласыңдар. Онлайн сервис түрлері арқылы бірнеше қолданушы бір уақытта бір құжатты өндіре деген осы.

### **Жобаның 3-ші міндеті:**

Жоба презентациясын (Google Презентация ортасында) қорғау қажет. Демек, Google Құжаттар терезесінен Презентация қызметімен жұмыс жасау және жалпыға қолжетімді ортасын құру (жоғарыда бірлескен қолжетімдікке берген серіктесін тіркеу).

- Google Құжаттардың терезесінің **Басты мәзір** (Главное меню) қатарынан Презентация ашындар.
- Жоғарыда бірлескен қолжетімдік серіктестерінді тіркеңдер. Бірлесе отырып жобаны өрі қарай жалғастырындар.
- Жобаның жоспары бойынша 5–10 слайдтан тұратын презентация жасаңдар. Презентацияда мәтін, сурет, видео ақпараттар және презентация автоматты айналым режимінде көрсетілуі тиіс; көрсету уақыты 5–7 минуттан аспауы керек.



*Google Презентациясының бірлескен жұмыс ортасы*


- Презентацияны барынша түрлендіруге тырысындар. Барлық батырмалар қызметімен өз беттерінше танысып, жұмысты аяқтаңдар. Аяқталған жұмысты **Диск** деректер қоймасынан көре аласындар.

### **Жобаның 4-ші міндеті:**

Жоба нәтижесін тест немесе сауалнама арқылы қорытындылау қажет.

- Жобаны тест немесе сауалнама алумен қорытындыланадар. Ол үшін Google Құжаттардың терезесінің **Басты мәзір** (Главное меню) қатарынан **Уәгіндер** терезесін ашып,

жана Құжат құру (Создать документ) командасын орындаңдар.



Улгілер (Формы) терезесі


1. Баптау панелі;
2. Жұмыс аланы.



Баптау панели


1. Тақырыпты өзгерту (Настроить тему). Тақырыптың немесе фонның түсін өзгертуге, сондай-ақ суретті таңдау.
2. Алдын ала қарау (Просмотр). Жасалған жұмысты алдын ала қарау.
3. Параметрлер (Настройки). Жасаған жұмысты (жалпы, презентация, тест) талаптар бойынша өзгерту.
4. Жіберу (Отправить). Аяқталған жұмысты Жіберу батырмасын басу арқылы қолданушыға жіберуге болады. Жіберу батырмасының үш түрі бар. Олар: электронды пошта, html-cod және сілтеме арқылы жіберу.
5. Тагы (Дополнительно). Басып шыгару (Печать), алдын ала толтырылған сілтеме алу, себетке жылжыту, серіктестерді қосу (мысалы, сауалнамамен бірнеше адам жұмыс істей алады) және т.б.


- 6) Тест құрып көрейік, ол үшін Параметрлер батырмасын басып, Тест деген қатарды таңдаңдар. Сол қатардағы тестке қойылатын талаптар бойынша өндеп, сақтаңдар.



Тест құру терезесін баптау


- б) Ашылған терезеге тест сұрақтары мен жауап нұсқаларын енгізіңдер. Қосымша сұрақтар енгізу үшін батырмасын басу арқылы қосуға болады. Терезенің төменгі қатарында Жауаптар (Ответы) командасының орынданадар. Жауаптар терезесінде дұрыс жауапты белгілеп, дұрыс жауапқа балл қоюға болады.





*Сұрақ құру және дұрыс жауапты белгілеу терезесі*

- в) Баптау панелінен **Жіберу** (Отправить) батырмасын ба-  
сып, жіберу түрлерімен танысып шығындар. Тестке  
жауап беретін қолданушының электронды пошта мекен-  
жайына хабарлама немесе сілтеме турінде жіберуге бо-  
лады. Қолданушы Gmail – электронды поштасына келіп  
түскен хабарламаға жауап бере алады.



*Электронды поштага келіп түскен хабарлама ортасы*

- г) Жауап беруші тест нәтижесін автоматты түрде көре  
алады және тест құрушуның электронды поштасына  
жауап нәтижесі келіп туседі.

Атаусыз үлгі

Електрондық пошта нөмірінің номиналі:

`asoulaktyarif@gmail.com`

Жоба болыныш серегі:

Жауап 1  
 Жауап 2  
 Жауап 3

## Атаусыз үлгі

Сіздің жауабыңыз жазылды.

**Жиналған үпайды қаруу**

[Басқа жауапты жіберу](#)

*Тест нәтижесі*

Осымен жоба аяқталды.

Ой белісейік

«Кластер» әдісімен Google Құжаттар туралы ойларынды тұжырымдаңдар.

Үйде орындаіык

Кестені Google Құжат түрлеріне сипаттама мен атқаратын қызметін жазып толтырындар.

Объект түрі	Сипаттамасы мен қызметі

## §7–8. Бұлттық орта құру және қашықтан бірлесіп өңдеу. Практикум

**Мақсаты:** Google ұсынған қосымша қызмет түрлерімен бұлттық орта құрып, қашықтан бірлесіп жұмыс жасау.


### Тапсырманы орындауда қойылатын талаптар

1. Бұлттық орта құру барысында Google ұсынған қызмет түрлерінің қағидаларын сақтаңдар.
2. Жалпыға қолжетімді файлдарды (мәтіндік құжаттар, күнтізбелер, презентациялар, кестелер) қолдану, қашықтан және бірлесіп өңдеу.

**Тапсырмалар еркін тақырыпта немесе төмендегі тақырыптарды қарастыруға болады:**



1. Менің портфолиом (бірлескен түрде портфолио үлгісін жасаңдар);



2. Біздің өміріміздегі роботтар (бірлескен ортада интеллект-карта құрындар).

### 1-тапсырма. Мәтіндік құжат құру.


Google Құжаттар қызмет түрінің Мәтіндік құжаттар терезесінде еркін немесе жоғарыда көрсетілген тақырыптар бойынша бірлескен орта құрындар. Мысал ретінде төмендегі түйіндеме үлгісін алайық.



### *Түйіндеме үлгісі*

#### **Тапсырманы орындауға арналған нұсқаулық**

1. Google ұсынған қосымшалар тізімінен Google Құжаттар қызыметін таңдандар. Google Құжаттар тізімінен Мәтіндік құжат терезесін ашындар. Ашылған Мәтіндік құжат терезесінен дайын шаблон түрлерінің бірін таңдауға болады. Дайын шаблон қатарынан Түйіндеме түрін таңдап көрейік. Мәтіндік құжат терезесінің құрал-саймандар тақтасының мүмкіндіктерін пайдаланып, үлгідегідей түйіндеме жасауға болады.



*Мәтіндік құжат терезесіндегі дайын шаблондармен жұмыс*


- В Белсү** батырмасын басу арқылы өзге қолданушымен бірлескен орта құрындар.
- Аяқталған жұмысты терезенің сол жақ бұрышындағы **Файл таңдаушасын басу** батырмасы арқылы **Менің дискім** (Мой диск) деректер қорына жіберіндер (жылжытындар).

## 2-тапсырма. Презентация жасау.

Презентация терезесінен Портфолио шаблонымен жұмыс жасап көріндер. Презентацияға видеолар, суреттер, сызбалар және ауысу эффектілерін қосып, 5–7 слайдтан аспаудың қадағалаңдар. Оны бірлесіп өндөу үшін **В Белсү** батырмасын басып, достарыңмен жұмыс жасаңдар.


### Тапсырманы орындауға арналған нұсқаулық

- Google ұсынған қосымшалар тізімінен Google Құжаттар қызыметін таңдаңдар. Google Құжаттар тізімінен Презентация терезесін ашындар. Ашылған Презентация тerezесінен дайын шаблон түрлерінің бірін таңдауға болады. Дайын шаблондар қатарынан Портфолио түрін таңдап көріндер.



Презентация терезесіндегі дайын шаблондармен жұмыс

- В Белсү** батырмасын басу арқылы өзге қолданушымен бірлескен орта құрындар.
- Бірлескен ортада пікірлерімен белісу ақылы презентация терезесіндегі барлық құрал-саймандармен жұмыс жасаңдар, өздеріңің портфолиоларында құрындар, өздерің туралы суреттер, сызбалар және ауысу эффектілерін қосуға тырысындар.



*Портфолионың шаблон түріндегі үлгісі*

4. Аяқталған жұмысты терезенің сол жақ бұрышындағы батырмасын басу арқылы Менің дискім (Мой диск) деректер қорына жіберіңдер (жылжытындар).

### **3-тапсырма. Электронды кесте құру.**

Төменде келтірілген мысал бойынша Google электронды кесте нәтижесін құрындар және сызба мен диаграммалар түрін қолданындар.

**Мысал:** Сапа көрсеткіші бойынша өр жыл сайын жеткен жетістіктер мен сабақ үлгерімінің нәтижесін құрындар.


#### **Тапсырманы орындауга арналған нұсқаулық**

1. Google ұсынған қосымшалар тізімінен Google Құжаттар қызыметін таңдаңдар. Google Құжаттар тізімінен Кестелер (Таблицы) терезесін ашындар. Ашылған Кестелер (Таблицы) терезесінен дайын шаблондар қатарынан Үлгерім журналын (Журнал успеваемости) таңдайсындар.

Сабак	Владение яз. речью	На домашнем яз.
Журнал успеваемости	10,00	
Познаватель	10,00	
Журнал успеваемости	10,00	

*Кестелер (Таблицы) терезесіндегі дайын шаблондармен жұмыс*

- в Белсү** батырмасын басу арқылы өзге қолданушымен бірлескен орта құрындар.
- Жоғарыдағы мысалды кестеге түсіріп, сызбалар мен диаграммалар түрлерін пайдаланындар және барлық батырмалықтамаштың өз беттерінде танысып, жұмысты аяқтаңдар.



Улгерім журналының шаблоны

- Аяқталған жұмысты Диск деректер қоймасынан көре аласындар.

**4-тапсырма.** Құнтізбе (Календарь) арқылы кездесуді Hangouts видеобайланыс түрде өткізу.

Құнтізбеле (Календарь) түйіндемені қорғайтын күнді белгілендер.

**Тапсырманы орындауға арналған нұсқаулық**


- Google қосымшалар тізімінен Құнтізбе (Календарь) қатарын таңдаңдар. Құнтізбе (Календарь) терезесін ашып, жаңа Құру (Создать) батырмасын басындар.
- Құнтізбе (Календарь) арқылы қорғайтын күнін, атауын, уақытын, өтілетін орынды және Hangouts видеобайланыс түрде болатынын досыңың әлектронды пошта адресін **Сактау** батырмасын басып, жіберіндер.
- Hangouts видеобайланыс түрде болатын кездесуге досыңың келісімін берген, бермегенін, Құнтізбені (Календарь) тінтуірмен шертіп, көре аласындар. Ол жауап  түрінде болады.

## **5-тапсырма. Hangouts видеобайланыс орнату.**

Күнтізбе (Календарь) жоспары бойынша қорғайтын күнді Google Hangouts арқылы видеобайланыс турде өткізіңдер. Уақытты үнемдеу, кез келген құрылғылармен (ДК, планшеттер, телефондар және т.б.) орнатуға болады.

**Тапсырманы орындауға арналған нұсқаулық**


1. Google қосымшалар тізімінен Google Hangouts қатарын таңдаңдар. Google Hangouts терезесін ашып, жаңа Чат құру (Создать чат) қатарына байланысқа шығатын досыңың электронды пошта адресін енгізіп, Байланыс (Контакты) тізімінде барын қадағалаңдар.
2. Байланысты орнату үшін алдын ала хабарлама жіберіп көріңдер. Байланысты батырмасын басу арқылы орнатыңдар.
3. Ашылған терезеден қатысушылардың электронды пошталары немесе сілтемені жіберу арқылы видеобайланысқа шақырыңдар.
4. Терезенің оң жақ бұрышындағы параметрлер қатарын таңдаپ, экранның көру режиміне өтіңдер. Экранның көру режимінде (Показать экран) толық экранды көру немесе белгілі бір программаны көру түрлерінің қызметін таңдаپ, жұмысты қорғаңдар.



*Google Hangouts терезесі*

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Қажетті конфигурацияланған есептегіш ресурстарға талап бойынша ыңғайлы желілік қолжеткізуді қамтамасыз етудің бұлтық моделі:  
A. Технологиялар.  
B. Деректер қоймасы.  
C. Есептеулер.  
D. Провайдер.  
E. Сервистер.
2. Бұлтық технологиялардың қызмет көрсету модельдерін кестеге толтырындар.

Қызмет көрсету модельдері	Атқаратын қызметтері
 HaaS моделі	
 IaaS моделі	
 MaaS моделі	
 SaaS моделі	
 DaaS моделі	

Қызмет көрсету модельдері	Атқаратын қызметтері
 PaaS моделі	
 СaaS моделі	
 WaaS моделі	

3. Бұлттық технологиялардың артықшылықтары:
- 1) ....
  - 2) ....
  - 3) ....
4. Бұлттық технологиялардың мақсатына қарай түрлері:
- A. 3.
  - B. 5.
  - C. 4.
  - D. 2.
  - E. 6.
5. Бос орындарды толтырындар:
- Ортақ қолжетімдікке рұқсат беру мүмкіндігінің түрлері:
-  ...;  ...;  ...;
6. Google ұсынған қосымшалардың атқаратын қызмет түрлері:
- Gmail* – ....
- Google Calendar* – ....

*Google Disk* – ....  
*Google Maps* – ....  
*Google Docs* – ....  
*Google Translate* – ....  
*Google Hangouts* – ....

7. Ортақ қолжетімдігі бар файлдар хостингі және қауіпсіз деректерді сақтау кеңістігі.
  - A. Электронды пошта.
  - B. Құжаттар.
  - C. Карта.
  - D. Құнтізбе.
  - E. Диск.
8.  батырмасының қызметі:
  - A. Бөлісу.
  - B. Алдын ала қарап шығу.
  - C. Құжатты жою.
  - D. Файлды тіркеу.
  - E. Жұырдағы іс-әрекетті көру.
9. Онлайн түрде қоңырау шалу, хат жіберу немесе видеокоңырау жасау қызметі.
  - A. Google Translate.
  - B. Google Maps.
  - C. Google Hangouts.
  - D. Google Calendar.
  - E. Google Docs.
10. Сатып немесе жалға алғынған жеке серверде деректерді қауіпсіз сақтау моделі:
  - A. Бұлттық технология.
  - B. Google Disk.
  - C. Бұлттық деректер қоймасы.
  - D. Мониторинг сервисі.
  - E. IaaS.

## 1-БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Соңғы кезде кеңінен тараған жаңа технологиялардың бірі – бұлттық технологиялар. Қазіргі таңда бұлттық сервистердің қарқынды дамуының арқасында, қолдану аудиториясы үлгая түсude. Өмірдің әртүрлі саласында ауқымды сұранысқа ие бұлттық технологиялар жайлы кеңінен түсіндірдегі.

«Бұлттық технологиялар» бөлімінде сендер: «бұлттық технологиялар» түсінігімен, бұлттық сервистерді жеткізуіші бұлттық провайдерлер, бұлттық технологиялардың қызмет көрсету модельдері мен мақсатына қарай түрлерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін жөне қолдану салаларымен таныстындар. Сонымен қатар жалпыға қолжетімді файлдарды (мәтіндік құжаттар, күнтізбелер, презентациялар, кестелер) қолдану, қашықтан жөне бірлесіп өңдеу мақсатында Google компаниясы ұсынған Google Docs қызмет түрі арқылы жалпыға қолжетімді, қашықтан, нақты уақыт режимінде файлды құру, өңдеу жөне Google Дискте автоматты түрде сақтау жөне жалпыға қолжетімді күнтізбе құруды үйрендіндер.

Осылайша, «Бұлттық технологиялар» бөлімінде алған білімдерінді сендер қарапайым өмірде немесе болашақта қажетті мақсаттарына сай қолданасындар деген үміттеміз.

### Глоссарий

**Бұлттық технологиялар** – цифрлық деректерді өңдеу технологиялары арқылы интернет-пайдаланушыға барлық қызмет түрлері бір аппараттық жүйеде біріктіріліп, онлайн-сервис ретінде ұсынылды.

**Бұлттық есептеулер** – қажетті конфигурацияланған есептегіш ресурстарға (мысалы, деректерді беру желілеріне, серверлерге, деректерді сақтау құрылғыларына, барлығына бірдей немесе бөлек-бөлек) талап бойынша ынғайлы желілік қолжеткізуіді қамтамасыз ету моделі.

**Бұлттық провайдер** – бұлттық есептеулер негізінде қызмет көрсететін компания, ол әртүрлі виртуалды ресурстардың (виртуалды серверлер, виртуалды желілер, виртуалды деректерді сақтау жүйелері) автоматтандырылған басқару түрлерін жеткізуіші.

**Жеке бұлттар** – көсіпорынның өзіне ғана, сондағы жеке тұлғалар мен тұтынушыларының жұмыс істеуіне арналған инфрақұрылым.

**Қоғамдық бұлттар** – көпшіліктің Интернетте еркін жұмыс істеуіне арналған инфрақұрылым.

**Ортақ бұлттар** – ортақ мақсаттары бар қоғамдық тұтынушыларға арналған инфрақұрылым.

**Аралас бұлттар** – екі немесе одан көп бұлт түрлерінің (жеке, ортақ, қоғамдық) аралас үйлесімі.

**Бұлттық деректер қоймасы** – онлайн қойманың үлгісі, арнайы сатып алынған немесе жалға алынған жеке серверлерде деректерді қауіпсіз түрде сақтау моделі.

**Gmail** – электронды поштада деректерді қауіпсіз сақтайтын, сондай-ақ жіберілген хаттар мен келген хаттар туралы хабарлайтын қызмет.

**Google Диск** – файлдар хостингі және оңай басқару үшін қауіпсіз деректерді сақтау кеңістігі.

**Google Calendar** – күнтізбе жұмыс күнін тиімді ұйымдастыруға арналған қызмет.

**Google Maps** – Жер планетасының картасы мен спутниктің суреттерін көруге мүмкіндік беретін қызмет.

**Google Translate** – 191 тілге аудару мүмкіндігі бар тегін онлайн аударма қызметі.

**Google Hangouts** – онлайн түрде қонырау шалу, хат жіберу немесе видеоконференция жасауға мүмкіндік беретін қызмет.

**Мәтіндік құжат** – бірнеше тұтынушыға қолжетімді нақты уақыт режимінде ортақ файлды өндеу, құру және автоматты түрде сақтау ортасы.

**Кестелер** – жұмыс жасау икемділігі мен бірлескен қолжетімдік мүмкіндіктері бар орта.

**Презентация** – дайын шаблон түрлерін ұсынатын, онлайн режимде бірнеше қолданушымен бірлесе отырып түрлендіруге болатын және көптеген функциялары бар орта.

**Үлгілер (Формы)** – қатысуышылардан онлайн тестілеу немесе сауалнама алу арқылы кері байланыс орнатуға арналған орта.

## 2-БӨЛІМ

# 3D МОДЕЛЬДЕУ

### Күтілетін нәтижелер:

- виртуалды және кеңейтілген шындықтың мақсатын түсінесіндер;
- адамның психикалық және физикалық денсаулығына виртуалды және кеңейтілген шындықтың әсері туралы білесіндер;
- бірінші тұлғадан көрінісі бар 3D панорама (виртуалды саяхат) жасауды үйренесіндер.

## §9–10. Виртуалды және кеңейтілген шындық

### Естерінде түсіріндер:

- бұлттық технология дегеніміз не?
- бұлттық технология не үшін қолданылады?
- бұлттық сервистердің қызмет көрсету моделі қандай?
- бұлттық деректер қоймасы дегеніміз не?
- «виртуалды және кеңейтілген шындық» түсінігімен таныссыңдар ма?

### Менгерілетін білім:

- виртуалды және кеңейтілген шындық;
- виртуалды және кеңейтілген шындықтың айырмашылықтары;
- виртуалды және кеңейтілген шындықтың қолдану мақсаттары.

### Маңызды мәлімет

1901 жылы жазушы Фрэнк Баум алғаш рет нақты өмірдің (немесе адамдардың) үстіне салынатын электронды дисплей құру идеясын айтады.

1989 жылы Ярон Ланъер «Виртуалды шындық» (VR) ұғымын ойлап тауып, оның тұжырымдамасын жасайды.

1990 жылы Томас П.Кодделл «Кеңейтілген шындық» (AR) тұжырымдамасы мен түсінігін ойлап тапты.

### Сөздік:

Виртуалды шындық – Виртуальная реальность – *Virtual reality*

Кеңейтілген шындық – Дополненная реальность – *Augmented reality*

Көрү, есту, сезу – Видеть, слышать, чувствовать – *See, hear, feel*

### Виртуалды және кеңейтілген шындық дегеніміз не?

Виртуалды және кеңейтілген шындық (ағылш. VR, *virtual reality* – «виртуалды шындық» және AR, *augmented reality* – «кеңейтілген шындық») – XXI ғасырдың озық технологияларының бірі, заманауи және тез дамып келе жатқан 3D үлгісіндегі модель.

Виртуалды шындық дегеніміз – техникалық құралдар және программалық жасақтамалардың көмегімен жасалынған, адамға көрү, есту, сезу және т.б. сезімдері арқылы беріледін жасанды әлем. Техникалық құралдар арқылы адамға таңғажайып сезімдерді беретін виртуалды шындық (мысалы, ұшқыштарға арналған авиасимулятор). Пайдаланушы бұл объектілерге физиканың нақты заңдарына (гравитация, заттармен соқтығысу, су қасиеттері, бейнелеу және т.б.) сәйкес әсер алуды және нақты өмірде мүмкін емес қиялдағы әлемін іске асыра алады. Барлық осы сезімдерді біріктіріп, адамға әсер ету интерактивті әлем деп аталады.

Виртуалды шындыққа «ену» арнайы гаджеттердің көмегімен жүзеге асырылады (1-сyzба).



1-сyzба. Виртуалды шындыққа ену гаджеттері

**1. Карапайым VR.** Пайдаланушыға виртуалды үшөлшемді кеңістіктің ортасында болуға мүмкіндік береді. Алайда әрекеттесусіз қоршаған кеңістікті ғана бақылай алады. Мұндай орта 360°-тық видеоларға немесе суреттерге негізделген. Оның сұранысқа ие, ең көп таралған түрі – смартфондарға арналған виртуалды шындық көзілдіріктері. Оларға: Cardboard, Gear VR, Daydream View, Xiaomi Mi VR Play, HOMIDO Grab, HIPER VRS, Xiaomi Mi VR 2, Homido VR V2 жатады. Көзілдіріктердің көпшілігі оларға салынған смартфонның көмегімен жұмыс істейді және көзілдірік линзалар арқылы адамға оның суретін береді (37-сүрет).



37-сүрет. Карапайым виртуалды шындық гаджеттері

**2. 3D модельді VR.** 3D модельдеу пайдаланушыға виртуалды шындық арқылы объектілермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Пайдаланушы объектілерді құрады немесе басқа түрге өзгертереді. 3D үлгідегі виртуалды шындық программаларын жасау уақытты талап етеді және құны да жоғары. Себебі сезіну мүмкіндігі тереңірек болады. Оларға Oculus Rift, HTC Vive сияқты жоғары деңгейлі құрылғы жиынтығынан (контроллерлер, виртуалды шындық бас киімі, джойстикер және қозғалыс датчиктері) тұратын гаджеттер жатады. Сонымен қоса 3D модельді виртуалды шындыққа «ену» әсерлі болу үшін арнайы өзірленген бөлмелерде іске асады (38-сүрет).



*38-сүрет. 3D модельді виртуалды шындық гаджеттері*

**3.** Бірнеше қолданушы VR-і. Жоғары деңгейдегі графика, анимация, 3D модельдеу, яғни озық функцияларды біріктірген орта. Оны бірнеше қолданушы онлайн түрде бірлесіп пайдаланулады (39-сүрет). Оған бірнеше рөлдік онлайн ойндар жатады: FreeStyle Online, Ultima Online, Ace Online, Anarchy Online, Dark Age of Camelot және т.б.



*39-сүрет. Бірнеше қолданушыга арналған виртуалды шындық ортасы*

Виртуалды шындықты көптеген салаларда қолдануға болады.

**Білім беру.** Виртуалды шындық алдын ала дайындықты қажет ететін сабактарда жаттығу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, информатика сабакында сендер программалық құрылғыларды, көркем еңбек сабакында үшөлшемді графикаға арналған программалық құралдарды пайдалана аласындар (40-сүрет).

**Фылым.** VR атомдық және молекулалық әлемнің зерттеулерін жылдамдатуға мүмкіндік береді. Компьютерлік шындық әлемінде адам атомдарды конструкторды жинағандай басқара алады (41-сүрет).



*40-сүрет. Білім беру*



*41-сүрет. Фылым*

**Медицина.** VR көмегімен медицина мамандарын оқытуға және да-йындауға: операциялар жүргізуге, жабдықтарды зерттеуге, көсіби дағ-дыларды жетілдіруге болады (42-сурет).

**Сәулет және дизайн.** Егер бұрын сөүллетті демонстрация үшін қол ма-кеттері мен қиял пайдаланылса, VR виртуалды қеңістікте құрылыш объектілерін толық көлемде құруға мүмкіндік береді. Бұл тек құрылыш объектілеріне ғана емес, сонымен қа-тар техникаға да қатысты (43-сурет).

**Ойын-сауық.** VR ойын ортасында танымал. Сондай-ақ мәдени іс-шара-лар және туризм салаларында да үл-кен сұранысқа ие (44-сурет).

Кеңейтілген шындық – нақты уа-қытта физикалық әлемді толықтыра-тын орта. Біз оны қандай да бір план-шет, смартфон немесе басқа да құ-рылғылар мен программалық жасақ-тамалар арқылы көреміз. Бұл – нақ-ты әлемге (дыбысты, бейнелерді, зат-тарды және т.б.) қосымша элемент-терді толықтыру. Кеңейтілген шындықта қосымша виртуалды элементтерді қоса да, сондай-ақ жоя да аламыз. Алайда құрыл-ғылар мен программалардың мүмкіндіктерімен ғана шектеледі.

Кеңейтілген шындықты пайдаланушы үшін нақты әлем және виртуалды объектілер бір кезде өмір сүреді. Мысалы, 45-суретке сендер смартфондағы қосымша арқылы қарасаңдар, осы сурет тура-лы ақпаратты смартфон дисплейіндегі суреттің үстінен көресіңдер.



42-сурет. Медицина



43-сурет. Сәулет және дизайн



44-сурет. Ойын-сауық



45-сурет. Кеңейтілген шындық мысалы

Кеңейтілген шындық қосымшасының бірнеше түрі бар:

1. **Маркерлер негізінде кеңейтілген шындық.** Бұл тұрдегі кеңейтілген шындық белгілі бір виртуалды обьектіні (мысалы, суретті) таниды және сол обьект туралы керекті ақпараттарды береді. Мысалға QR-кодты (ағылш. *Quick Response Code* – жылдам өрекет ету коды) алайық. Смартфон QR-кодты сканерлегенде, тиісті ақпарат экран бетінде пайда болады.
2. **Позициялық кеңейтілген шындық.** Орналасқан жерге байланысты виртуалды суреттер мен жол сілтемелер пайда болады. Бұл тұрге смартфонның GPS (ағылш. *Global Positioning System* – «жаяндық позициялау жүйесі»), қашықтықты, уақытты және дүниежүзі бойынша орналасқан жерін анықтайтын спутниктік навигация жүйесі) функциясын жатқызамыз, мысалы, геолокация функциясының үйлесімділігін әртүрлі мақсаттар үшін пайдалану: көрнекті жерлерге туристік ақпаратты қосу, дүкендер, қонақүйлер мен мейрамханаларды таңбалау, қозғалыс бағыттарын көрсету.
3. **Проекциялар негізінде кеңейтілген шындық.** Бұл қосымшаларда экран бетіндегі 3D үлгідегі сурет адаммен өзара өрекеттесе алады. Мысалы, қосымша бетіндегі таңдалған пернетақта батырмаларын басу арқылы бізben өрекеттесу мүмкіндігі пайда болады.
4. **Суперпозиция негізінде кеңейтілген шындық.** Накты уақыт режимінде қосымша элементтермен толықтыру, обьектілерді тану болып табылады. Накты өлемге өзінің виртуалды элементтерін орналастырады және обьектілерді өзара ауыстыруға болады.



Кеңейтілген шындық қосымшалары арнайы жабдықты қажет етпейтін болғандықтан, заманауи смартфондарды

пайдаланатын кез келген адамға қолжетімді. Қөптеген адамдардың күнделікті өміріне берік енді және өртүрлі міндеттерді шешу үшін қолданылып жүр.

Қазіргі заманғы *эскери ұшақтар мен тікүщақтарда* кеңейтілген нақтылық жүйелердің көмегімен индикаторлық панель, көру режимі іске асырылады.

Өртүрлі *журналдарда, газеттерде, жол сілтемелерде* немесе *карталарда* арнайы кодтар орналастырылады, оларды көруге арналған арнайы браузерлермен оқу қажет. Мұндай белгілерде кез келген цифрлық мазмұн – мәтін, видео, суреттер немесе тіпті музика болуы мүмкін.

*Медицинада AR* қолдану мысалы: онлайн режимінде түрлі операцияларды модельдеу мүмкін болды, бұл болашақ хирургтарды оқытуудың тәжірибелік бөлігін едөуір жеңілдедеді.

Виртуалды шындық пен кеңейтілген шындықты көбісі шастастырады. Алайда олардың айырмашылықтары бар, виртуалды шындық жаңа жасанды әлемді құрастырады, ал кеңейтілген шындық тек нақты әлемді қабылдауға жеке өзінің жасанды элементтерін енгізеді.

Пайдаланушы виртуалды шындықтың арнайы гаджеттері арқылы жасанды әлем ортасын таниды (*46-сурет*). Әрбір кез үшін екі жеке суретке бөлінген және көзге үшелшемді кеңістіктің иллюзиясын жасау үшін арнайы бүрмаланған. Егер адам орнын ауыстырса немесе жайғана басын бұрса, онда программа автоматты түрде суретті қайта құрастырады, бұл нақты физикалық қатысу сезімін тудырады. Мысалы, ол көбелекті ұстап, оны сипай алады. Программаға енгізілген физикалық модель осы көбелектің ұшуын есептейді, бұл жасанды әлемді одан әрі түрлендіреді.



*46-сурет. Виртуалды шындық модели*

Нақты өлемге қандай да бір бейнелерді, дыбыстарды, заттарды қосу арқылы толықтырулар енгізілген (47-сурет). Смартфон экранында жиһаздың бейнелерін орналастыру және қозғалыс бағыттарын көруге болады. Бұл жағдайда шындық – бөлме, ал кеңейтілген шындық жиһаздар болып тұр. Кеңейтілген шындықты смартфондар арқылы ғана емес, сондай-ақ басқа да техникалық құралдар, мысалы, арнайы көзілдіріктер арқылы жасауға болады: виртуалды сурет көзілдірік линзаларының бетіне түсіріледі.



47-сурет. Кеңейтілген шындық моделі

Виртуалды және кеңейтілген шындықтың түпкі мақсаты – адам баласының елестету мүмкін емес таңғажайып өлемнің нақты өмір сүру пайдасына қолдануы.

VR және AR-дың өзара практикалық айырмашылығы – осы технологиялардың өртүрлі күрделілік деңгейлерінде. Бірақ екеуінің де болашағы зор және олар өркениетті дамытуда үлкен рөл атқара алады.

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Виртуалды шындық дегеніміз не?
2. Кеңейтілген шындық туралы не білдіңдер?
3. Виртуалды шындық қандай салаларда қолданылады?
4. Кеңейтілген шындық қандай жағдайларда қолданылады?
5. Қандай гаджеттердің көмегімен виртуалды шындыққа енуге болады?
6. Виртуалды шындықтың қолданылуы туралы қандай мысалдар келтіруге болады?

7. Виртуалды және кеңейтілген шындық арасындағы айырмашылықты ерекшелеге бола ма?
8. Виртуалды және кеңейтілген шындық арасында байланыс бар ма?

 Ойланайық, талқылайық

1. Виртуалды және кеңейтілген шындықтың басты идеясы неде?
2. Виртуалды және кеңейтілген шындықты қолдану біздің өмірімізде қаншалықты тиімді?

 Талдап, салыстырайық

Келтірілген теориялық материалдардан басқа да ақпарат көздерін пайдаланып, виртуалды обьектінің өнделуіне байланысты кеңейтілген шындықтың артықшылықтарын талдап, салыстырындар.

AR түрлері	Артықшылықтары
Маркерлер негізінде кеңейтілген шындық	
Позициялық кеңейтілген шындық	
Проекциялар негізінде кеңейтілген шындық	
Суперпозиция негізінде кеңейтілген шындық	

 Компьютерде орындаіық

**A тапсырмасы.** QR-кодтарды құрастыруға арналған онлайн сервистермен жұмыс жасау.

QR-код арқылы кез келген ақпаратты кодтауға болады. Мысалы: мәтін, телефон нөмірі, сайттың сілтемелері немесе визит карточкалары және т.б. QR-кодтарды құрастыруға арналған онлайн сервис түрлері өте көп:

- QR-code-generator.com
- GOQR.me
- QR-Coder.ru
- qrcoder.ru
- QR-Code Monkey
- QR Stuff.com

1. Ал QR-код арқылы кез келген ақпаратты кодтап көрейік. Ол үшін QR-кодтарды құрастыруға арналған онлайн сервис түрлерінің бірін таңдаңдар. Мысалы, *QR-code-generator.com* сайтын ашындар.




*QR-code-generator.com* терезесі

2. Ашылған терезеден тәмендегі сурет жайлы ақпарат беретін QR-код жасандар. Ол үшін **Мәтін** (Текст) батырмасын таңдап, **Хабарлама:** (Сообщение:) бөліміне сурет жайлы ақпаратты енгізіңдер. Мысалы: «Қобыз – таңғаларлық пішінді және таңғаларлық пішінді – мәтінде олардың ішінде орналасқан мәтіннен көрінісін анықтауда көрсетіледі». Кейін **QR-кодын құру** (Создать QR-код) батырмасын басындар.



*Мәтіндік ақпаратты QR-кодқа ауыстыру*

3. Терезенің оң жақ бетінде құрған ақпараттың QR-коды пайда болады. Пайда болған QR-кодтың түсін, пішімін және логотип түрін де өзгерту мүмкіндіктері бар. QR-кодтың төменгі жағындағы **Жүктеу JPG** (Загрузить JPG) батырмасын басып, 15–30 секунд күтіңдер.



*Жасалған QR-кодты жүктеу*


4. Жүктелген QR-код «.png» форматында сақталады. Сонымен қатар сурет, mp3, pdf, видео және т.б. түріндегі QR-кодты жасау үшін тіркеуден өту керек. Ол үшін электронды адрес немесе Google аккаунт арқылы тіркелу керек.



*QR-код нәтижесі*

**В тапсырмасы.** Смартфон (ұялы телефон) арқылы виртуалды обьектіні, яғни QR-кодты танитын (таңбалайтын) қосымшамен жұмыс жасау.

1. Смартфон, планшет және басқа да мобиЛЬДІ құрылғыларда арнайы орнатылған немесе App Store, Google Play, BlackBerry App World, 1mobile market, Windows Phone Store, Яндекс онлайн мобиЛЬДІ дүкендерден QR-кодты сканерлейтін қосымшаны жүктеп алындар. Қазіргі таңда QR-кодты сканерлейтін қосымша түрлері өте көп, оның көлемі мен өзіңе ыңғайлы және тиімді түрлерінің бірін таңдаңдар.



*QR-кодты сканерлейтін қосымша түрлері*

2. Жүктелген QR-кодты сканерлейтін қосымшаны ашып, танитын (таңбалайтын) QR-кодқа жақындастып, сканерлендер. Тиісті ақпарат экран бетінде пайда болады.



*QR-кодты сканерлеу нәтижесі*

**С тапсырмасы.** QR-кодтарды құруға арналған онлайн сервис түрлерінің бірін таңдаңдар және қандай да бір суреттің QR-кодын жасаңдар.

**Ой белісейік**

Виртуалды және кеңейтілген шындықты қолдану болашағын болжандар. Адамзат өмірінің тағы қандай салаларында виртуалды және кеңейтілген шындықты қалай қолдануға болатынын ұсынындар.

**Үйде орындаібық**

1. Венн диаграммасы бойынша виртуалды және кеңейтілген шындықтың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстырындар.
2. QR-кодты білім беру саласында қалай қолдануға болатынын ойластырып, мысал келтіріндер.

## §11. Виртуалды шындықтағы адам

### Естеріне түсіріндер:

- виртуалды және көңейтілген шындық дегеніміз не?
- виртуалды және көңейтілген шындықтың айырмашылықтары неде?
- виртуалды және көңейтілген шындықтың мақсаты.

### Менгерілетін білім:

- виртуалды және көңейтілген шындықтың адамның психикалық денсаулығына әсер етуі;
- виртуалды және көңейтілген шындықтың адамның физикалық денсаулығына әсер етуі.

### Сөздік:

**Виртуалды тәуелділік –**  
Виртуальная зависимость –  
*Virtual addiction*  
**Психология –** Психология –  
*Psychology*

Шынайы өмірге оралғысы келмейді. Соңдай-ақ адам уақыт сезімін жоғалтады және бейәлеуметтік болып кетеді.

Қатты дыбыстар мен суреттердің күрт ауысуы да геймердің жүйке жүйесіне теріс әсер етуі мүмкін.

Шын мәнінде, тәуелділік пен ойындар психологиялық тұрғыдан жеке тұлғаны Мен – шынайы және Мен – виртуалды ретінде екіге бөледі. Мұндай жағдай, өзіресе, көмелеттік жасқа толмаған балалар үшін қауіпті. Олар белгілі бір кейіпкері бар ойындарда ойнап жүріп, өзін жеке тұлға ретінде жоғалтып алуы мүмкін. Сонымен қатар мынадай бірқатар проблемалар да туындауды ықтимал:

- өзін-өзі тәмен бағалау;
- жанашырлық сезімінің болмауы;
- агрессия;

Қазіргі кезде технологиялар бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келеді, қаралайым компьютерлер үйреншікті, қажетті заттардың біріне айналды.

Интернеттің пайдасы туралы білеміз. Адамдардың көшпілігі оны ақпаратты іздеу үшін ғана емес, сонымен қатар шынайы өмірден виртуалды әлемге өту үшін де пайдаланады.

Кейбір шынайы өмірде өз орнын таба алмаған адамның виртуалды өмірге үмтүлатыны кездесіп қалып жатады. Себебі виртуалды өмірді бағындыру өлдекайда жеңілірек.

Бұл жағдай бүгінгі күні мамандар тараапынан тіркелген. Ол «виртуалды тәуелділік» (*virtual addiction disorder*) деп аталады.

Виртуалды әлемге жиі кірген адам өзінің кейіпкері рөліне еніп, жүйке жүйесіне теріс әсер етуі мүмкін.

- нақты өмірге апатия;
- махаббат ұғымының болмауы;
- физикалық денсаулығына зиян келуі;
- орталық жүйке жүйесінің бұзылуы;
- психоздар, невроздар, үйқысыздық және тағы басқалар.

«Виртуалды тәуелділік» проблемасымен шұғылданушы мамандардың күш салуына қарамастан, олар ұсынған сипаттама ресми психиатриалық стандарттарға кірмейді.

Адам «виртуалды тәуелділіктен» зардап шегіп жүр деп айттуға болады, егер:

1. Компьютер алдында өткізген уақытты бақылай алмаса (оны азайтуға, программадан шығуға үеде беріп, ол уәдесінде түрмаса; компьютер ойынына кедергі келтіретін адамдарға агрессия танытса).
2. Ол компьютер алдында өткізген уақытқа қатысты жалған сөйлесе немесе немен айналысқаны туралы ақпаратты жасырса.
3. Компьютер алдында өткізген уақытын зия кетірсе (мысалы, нақты өмірде жасалмай қалған маңызды істер).
4. Компьютермен жұмыс істеу кезінде шын өмірде тыйым салынатын қауіпті іс-әрекеттермен айналысса (мысалы, агрессивті немесе соғыс типті ойындар ойнаса).

## **Виртуалды және кеңейтілген шындық көзілдіріктерінің адамға тигізетін зияны**

Виртуалды және кеңейтілген шындықтың жаңа технологиялары ойдан шығарылған әлемге тереңірек ену үшін көзілдірік пен шлемдер жасауға мүмкіндік береді.

Медициналық түрғыдан алғанда, VR көзілдіріктерінің зияны компьютер мониторымен салыстырғанда өте әлсіз. Көзілдірікте көз бір нүктеде шоғырланбайды, ол әрбір қозғалысты бақылап, тыныштықта болмайтындықтан, виртуалды шындық көзілдірігі көз үшін аса қауіпті емес.

Алайда виртуалды шындық құрылғыларының қаупі өзгеде. Виртуалды әлемге шамадан тыс батқан адам кеңістікте бағдарын жогалтады, бұл ағзаның вестибулярлық жүйесінің проблемаларына әкеледі. Сондықтан бас мониторларын күніне үш сағаттан артық қолданбай, әр жарты сағат сайын үзіліс жасау ұсынылады.

## **Виртуалды шындық көзілдіріктерінің адам психикасына зияны**

Виртуалды шындық көзілдіріктері өр адамға өртүрлі өсер етеді. Ол адамның әмоционалды қүйіне, жеке тұлға типіне және басқа да факторларға байланысты. Виртуалды шындық бас киімін қолдануда өте сақ болу керек. Себебі ол қабылдау қабілетін, ақыл-ой дамуындағы тежеулерге өкелуі мүмкін.

### **Әмбебап сақтық шаралары:**

- жүкті әйелдерге, қарт адамдарға және жүрек-қантамыр ауруларымен, әпилепсиямен және басқа да ауыр психикалық аурулармен ауыратын, сондай-ақ көру қабілеті бұзылған адамдарға виртуалды шындықтан бас тарту керек;
- 13 жасқа дейінгі балаларға бас киімдерін қолданудың қажеті жоқ не ересектердің бақылауымен пайдалану керек;
- жынысы мен жасына қарамастан, ешкімге ұзақ ойнаудың қажеті жоқ, өйткені бұл көру-моторлы координацияға, тепе-тендік қабілетіне теріс өсер етуі мүмкін.

### **Сұрақтарға жауап берейік**

1. Адамның психикасына виртуалды және кеңейтілген шындықтар өсер ете ме? Егер өсер ететін болса, қалай?
2. Виртуалды шындық көзілдірігі адамның көру органдарына қалай өсер етеді?
3. Виртуалды және кеңейтілген шындық құралдарын жиі қолданатын адамды қандай салдарлар күтеді?
4. Виртуалды шындық құрылғыларын кімге пайдалануға тыйым салынады?

### **Ойланайық, талқылайық**

Неліктен виртуалды шындық адам деңсаулығына қауіпті? Оны қандай тұжырымдар растайды?

Адам денсаулығы үшін виртуалды жөне кеңейтілген шындық әсерін қалай жіктеуге болады? Қайсысы зияндырақ?

## Компьютерде орындаңайық

Графикалық редакторлардың көмегімен виртуалды тәуелділіктің алдын алу ережелері туралы бұктеме жасаңдар.


## Ой бөлісейік

1. Виртуалды шындықтың пайдасы туралы ойланыңдар жөне виртуалды шындықтың қолдануға болатын бірнеше идеяны атаңдар.
2. Күнделікті өмірдегі виртуалды шындықтың әсері туралы сыныптастарыңмен талқыланыңдар жөне виртуалды тәуелділікten қалай арылуға болатынын ойластырыңдар.

## Үйде орындаңайық

Виртуалды тәуелділікті болдырмаудың ережелерін жиңиңтап, презентация жасаңдар.

**Виртуалды тәуелділікті  
болдырмаудың ережелері:**



## §12–13. 3D панорама және виртуалды тур

### Естерінде туслары:

- виртуалды және кеңейтілген шындықтар адамның психикалық, физикалық денсаулығына қалай әсер етеді?

### Менгерілетін білім:

- виртуалды тур, 3D панорама;
- виртуалды тур және 3D панораманың жасалуы.

### Сөздік:

Виртуалды тур – Виртуальный тур – *Virtual tour*

**3D панорама** – компьютер мониторында көрсетуге бейімделген қоршаған ортандың  $360^{\circ}$ -тың бейнесі. 3D панорамада көру бағытын өзгертуге, суретті үлкейтуге, жеке бөлшектерді қарауға болады.

### 3D панораманың түрлері:

1. Жазық панорама – бірнеше кадрдан құралған қарапайым кеңформатты фотосурет.
2. Сфералық панорама. Сфералық панорамалар көлденеңінен  $360^{\circ}$  және тігінен  $180^{\circ}$ -ты қамтиды. Ол айналадағы барлық көрінетін кеңістікті қамтып, фотосуретті сфераға жабады және тұтас көлемді суретті береді.
3. Цилиндрлік панорама (циклонома) – көлденеңінен  $360^{\circ}$ -ты, ал тігінен  $180$ -нен төмен градусты ғана қамти алады. Панораманың бүл түрі, суреттің жоғарғы және төменгі шекараларын көрсетуді қажет етпейтін жағдайда қолданылады. Панорама айналадағы барлық көрінетін кеңістікті көрсетеді, қолданушы  $360^{\circ}$ -қа бұрыла алады, бірақ төмен немесе жоғары қарай бұрыла алмайды. Мұндай панорама бірыңғай цилиндрді қалыптастыра отырып, сақина төрізді желімденеді.
4. Текшелі панорама. Панорама текшенің ішкі жағына проекцияланады. Сфералық панорамамен салыстырғанда текшелі панораманың артықшылығы: дайындау, сақтау, тасымалдау қарапайымдылығы болып табылады, себебі күрделі пішін бетімен емес, тек текшенің алты қырымен – жазық және шаршымен жұмыс істеуге тұра келеді.

**Виртуалды турлар (3D тур)** – бір 3D панорамадан басқа панорамаға өтуге мүмкіндік беретін бірыңғай «белсенді аймақтар» кешеніне біріктірілген, өртүрлі 3D панорамалар жиынтығы. Мұндай турлар музыкамен, кадрдан тыс дыбыспен, видеороликтермен, жазбалармен және т.б. толықтырылуы мүмкін.

### **3D турларды жасау үш кезеңде өтеді:**

- объектіні суретке түсіру, бірнеше суреттер алу;
- суреттерді өндөу;
- виртуалды турды жинау.

**Фототұсірілім.** Жоғары сапалы панорамалар жасау үшін мына ережелерді сақтаған жөн:

- камераны таңдалған диафрагма бойында сериядағы барлық кадрлар фокуста (камера, түсірілетін шеңбердің дәл ортасында тұрғаны жақсы) болатындей етіп орнату қажет;
- желімденетін суреттердің жиынтығын, болашақ сфералық панорама тігістерінің орындары бір түсті орындарда (мысалы, үй объектілері жағдайында монолитті қабырғаларда) түсіру керек;
- штатив басы кеңістікте камераны қатаң орнықтыруға арналған деңгейлермен жабдықталуы тиіс;
- барлық үш сурет үшін камераны көлденең және тігінен бағытта жазықтықтағы синхронизациясын жүргізу қажет – камераны туралау деңгейлер көмегімен жүзеге асырылады;
- камераның айналмалы бұрылу бұрыштары 120°-қа тең болуы тиіс, ол бұрылыш шкаласымен реттеледі.

**Өндөу.** Бастапқы суреттерді бірыңғай фотопанорамаға біріктіреді (бұрыштары бірдей проекцияға), онымен параллельді түрде жөндеулер жүргізіліп, түске коррекция жасалып отырады. Фотосуреттерді қолмен немесе арнайы желімдегіш-программалар көмегімен желімдеуге болады. Кейде проекцияны алтыбұрышты текшеге өзгертерді және әрі қарай 3D панораманың қажетті форматына түрлендіреді (Flash, HTML5 және т.б.). Сонымен қатар осы кезеңде белсенді аймақтарды белгілейді, графиканы, жазбаларды, дыбыс және т.б. элементтерді таңдап, қосады.

**Турды жинау.** Жеке фотопанорамалар бір-бірімен, бір панорамадан екінші панорамаға өтуге және объектілер туралы қосымша ақпаратты беруге жауап беретін белсенді аймақтар (фотопанорамадағы арнайы облыстар) көмегімен, бірқалыпты аудисулармен байланысады. Белсенді аймақтар технологиясы панораманың же-ке беліктеріне: интерьер белшектеріне, сауда орталықтарындағы жаңа тауарларға, қызықты сәулет ескерткіштеріне, көрмедегі нақты бір стендке және виртуалды қолданушының назарын аудару қажет кез келген ақпаратқа көніл белуге мүмкіндік береді. 3D турға қолданушының орналасқан жерін көрсетіп тұратын навигаторды да қосуға болады. Орын аудыстыру нүктелері жоспарлы немесе автоматты түрде орындалуы мүмкін.

Дайын жұмысты қарау үшін, панорамалар қандай форматта жасалғанына байланысты Интернет шолушылар қолданылады. Әдетте, ол Java-скрипті қолдайтын немесе flash-ойнатқышы бар стандартты Интернет шолушы болуы мүмкін.

3D турлар көптеген салаларда қолданылады:

**Жылжымайтын мұлік (48-сурет).**

Жылжымайтын мұлік саласында 3D турды пайдалану пәтерді, қала сыртындағы үйді, кеңсені толыққанды көрсетуге көмектеседі. Клиент үйден шықпай, тәуліктің кез келген уақытында объектіге виртуалды саяхат жасап, өзін қызықтыратын жерлерді егжей-тегжейлі қарастыра алады. Виртуалды тур оның уақытын айтартылғатай үнемдейді.



*48-сурет. Жылжымайтын мұліктің 3D туры*

**Қонақүй бизнесі (49-сурет).**

Болашақ клиент кез келген қаладан виртуалды турдың көмегімен алдағы демалыс немесе іссапар атмосферасына үніліп, өзінің тоқталатын орны туралы толық ақпарат ала алады. 3D турда көрсетілген жайлыштық оның қонақүй туралы пікіріне оң әсер етеді.



*49-сурет. Қонақүйдің 3D туры*

**Мейрамхана бизнесі (50-сүрет).**



*50-сүрет. Мейрамхананың 3D тұры*

Қонақтарды шақыруға және оларға мекеме жұмысының барлық аспектілерін көрсетуге көмектесетін виртуалды турды құру, мейрамхана/кафе/бар бөсекелестердің көп санынан ерекшеленуге мүмкіндік береді. Қонақтар үстелдер мен бар тіреулерінің орналасуымен танысып, әдемі интерьерді, залдардың саны мен үй-жайлардың көлемін көреді. Егер қонақ салтанатты іс-шараны өткізу үшін мейрамхана таңдайтын болса, ол үшін бұл ақпарат ерекше маңызды болады.

**Өнеркәсіптік объектілер (51-сүрет).**




*51-сүрет. Өнеркәсіптің 3D тұры*

Виртуалды тур – жабдықтарды, технологияларды және өндірістік процесті көрсетудің ең тиімді құралы. Оның көмегімен көсіпорынды одан әрі қаржыландыру үшін инвесторды қызықтыруға болады.

### **Медициналық орталықтар, клиникалар (52-сурет).**

Тазалық, жайлылық, статус, заманауи жабдықтар клиниканы немесе медициналық орталықты таңдауда үлкен рөл атқарады. Клиентке осы қасиеттердің барлығын толықтай жеткізудің тамаша жолы – виртуалды тур жасау.



*52-сурет. Медициналық орталықтың 3D туры*

Виртуалды турлар мен 3D панорамаларды қолдану аясында ауқымды. Автосалондар мен автокөліктер, фитнес-клубтар, сұлулық салондары, сауда орталықтары, жиназ салондары және т.б.

### **3D панorama және виртуалды тур жасауға арналған программалар**

Фотопанорамалар – пайдаланушыларға болып жатқан барлық сәтті көрсетудің ең жақсы тәсілдерінің бірі, объектіні «ішінен» көрсету және т.б. Фотопанорамаларды тегін жасауға мүмкіндік беретін 6 құралды қарастырайық.

#### **1. Image Composite Editor**

Microsoft-тің өнімі Image Composite Editor – қолданыстағы ең қарапайым программа. Бұл программа фотосуреттен де, видеодан да панорама жасай алады.

Программаның жоғары жағында Импорт, Желімдеу, Қиу және Экспорт үдерістерінің өрбір кезеңдерінен өтүге мүмкіндік беретін 4 батырма, ал оң жақта панорманы жақсартуға болатын опциялар орналасқан. Жасалған файлды сапасы әртүрлі файл кеңейтіліміне экспорттауға болады. Құрылған панораманы экспорттаудан бұрын сырғымалы мәзірде орналасқан Quality (Сапа) қасиетін Superb (жоғарылатылған) мәніне өзгертеміз (<https://www.microsoft.com/en-us/research/product/computational-photography-applications/image-composite-editor/>) (53-сурет).

The screenshot shows a dark-themed website for Microsoft Research Computational Photography. At the top, there's a navigation bar with links: Главная, Microsoft Research, Новости, Новости Pro, Новости науки, НАУКА, Сайты, and Блоги. Below the navigation, there's a large text block about the Image Composite Editor (ICE) 2.0, followed by a 'Скачать ICE 2.0' button. Underneath are two download links: '64-bit Windows' and '32-bit Windows'. To the right, there's a preview image of the ICE software interface showing a landscape scene being edited.


*53-сурет. Image Composite Editor төрзесі*

## 2. Photo Gallery

Windows 7 және 8-ге кірістіріліп орнатылған Фотогалерея – негізінен, тегтерді қосудың пайдалы мүмкіндіктері мен өндеу бойынша негізгі мүмкіндіктері бар үйымдастыру программысы.

Фотогалереямен байланыспайтын функцияларға панорамалық кескіндерді жасау жатады. Бір таңғаларлығы, бұл – программа жасаудың ең оңай нұсқаларының бірі.

Көріністі жасау үшін фотосуреттерді Photo Gallery программына апарыңдар. Содан кейін оларды таңдал, Create (Жасау) бөлімінен Panorama батырмасын басып, программа фотосуреттерді біріктіргенше күтіндер. Соңында панораманы алдын ала қарамай-ақ компьютерге сақтау ұсынылады (54-сурет).



*54-сүрөт. Photo Gallery тerezеси*

### 3. Autostitch

Autostitch иске қосылғаннан кейін, бұманың белгішесін басып, фотосуреттерді жүктеп алу керек. Программа оларды панорама жасау үшін автоматты турде желімдейді (<http://matthewalunbrown.com/autostitch/autostitch.html>) (55-сүрөт).




*55-сүрөт. Autostitch тerezеси*

### 4. Hugin

Hugin – панорамаларды өңдеуге арналған озық программа. Ол түрлі фотоаппараттармен түсірілген фотосуреттерді, тіпті

үлкен панорама жасау үшін бірнеше фотосуретті (жоғарғы және төменгі) жапсыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ линзаларды калибрлеу және 360° панорамалар жасау опциялары бар, мұндай опция бірде-бір программаның мүмкіндіктерінде жоқ (<http://hugin.sourceforge.net/>) (56-сүрет).




56-сүрет. Hugin терезесі

## 5. Google Photos

Google Photos миллиондаған пайдаланушылар үшін фотосуреттерді сақтауға арналған әдеттегі сервиске айналды. Ол Android, iOS платформаларында сайт ретінде, ал компьютер үшін программа ретінде жұмыс істейді. Фотосуреттерді жүктеп алғаннан кейін, көмекші функция пайда болады. Көмекші фотосуреттерді талдайды және оларды жақсарту жолдарын іздейді. Бұл – бір жерден түсірілген фотосуреттерден оқиға жасау немесе жеке фотосуреттерге эффект қосу.

Көмекші бір нүктеден алынған жапсарлас фотосуреттерді автоматты түрде анықтайды және оларды панорама жасау үшін желімдейді (<https://www.google.com/intl/ru/photos/about/>) (57-сүрет).



57-сүрөт. Google Photos төрөзеси

## 6. Dermandar

Dermandar – бірнеше рет шерту арқылы фотосуреттерді біріктіріп веб-сайт.

Веб-сайтқа кіріп, екі опцияның бірін таңдау керек ( $360^{\circ}$ -тық шолу немесе кең бұрышты). Таңдалған фотосуреттерді жүктең, олардың біріктірілгенін бірнеше секунд күткесе жүктеліп, әмбебаптың тіншілдегі суреттердің көмегімен қозғалатын та- маша нәтиже алынады. Суретті кеңейту үшін Fullscreen (толық экран) белгішесін басу керек. Options батырмасы файлды компьютерге JPEG форматында жүктеуге мүмкіндік береді (<http://www.dermandar.com/>) (58-сүрөт).



58-сүрөт. Dermandar төрөзеси

Сонымен қатар виртуалды тур жасауға арналған программа түрлері өте көп. Атап өтетін болсақ:

- 3DVista Virtual Tour Pro;
- Kolor Panotour Pro;
- Pano2VR;
- Lapentor;
- Marzipano;
- Panoroo;
- OpenSpace3D және т.б.

Бұлар – виртуалды тур жасауға арналған күрделі программалар. Себебі оларды орнату мен жұмыс істеу, қызмет түрлерін ажырату, 360°-тың қең бұрышты және сапалы тур жасау күрделі жұмыс пен көлемді уақытты талап етеді.

Виртуалды тур жасауға арналған программаларды таңдау кезінде бір ескеретін жайт – дербес компьютердің жүйелік талаптарына сәйкес келетінін таңдау.

Ең бастысы, сипаттамалары мен ерекшеліктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, өзіңе қолайлысын таңдап, пайдалану.

Кейір программалардың толық нұсқасын алу, төлемақы жасауды қажет етеді, ал біреулері тегін сынақ түріндегі нұсқасын ұсынады. Соның бірі – Kolor Panotour Pro.

Kolor Panotour Pro – Крапо қозғалысына негізделген виртуалды турлардың көрнекі редакторы. Программаны құрушы Kolor компаниясы жұмыс жасаудың тоқтатқанымен, сынақ түріндегі берілген нұсқаларын пайдалануға болады. Сондай-ақ программа қарапайымдылығымен танымал.

Визуалды интерфейстен басқа, бұл өнім кең мүмкіндіктерді ұсынады:

- турға панорамаларды байланыстыру;
- суреттерді кірістіру;
- видео және музика;
- ауысу режимін баптау;
- визуалды интерфейс және т.б.

Программаның түрлі нұсқалары бар, соның бірі – Kolor Panotour 2.3.2 (<https://cloud.mail.ru/public/GQ8K/xdSYuNh0m> ).

Бұл нұсқа түрімен алдағы уақытта жұмыс жасайтын боламыз (59-сурет).



59-сүрет. Kolor Panotour 2.3.2 программа ортасы

**Сурақтарға жауап берейік**


1. 3D панорама дегеніміз не?
2. 3D панораманың қандай түрлері бар? Олардың әрқайсының анықтамасын беріңдер.
3. 3D панорамаларды қалай қолдануға болады?
4. Виртуалды турды жасаудың қанша кезеңі бар?
5. Виртуалды турларды қалай қарауға болады?

**Ойланайық, талқылайық**


1. Виртуалды турлар не үшін пайдаланылады?
2. 3D панораманың артықшылығы неде?
3. Қонақүй бизнесінде 3D турды қолдану себептері қандай?

**Талдап, салыстырайық**

1. Виртуалды тур мен 3D панорама арасындағы айырмашылықтар қандай? Салыстырыңдар.



2. 3D панорама және виртуалды тур жасауға арналған программаларды өзара салыстырып, талдаңдар.



Компьютерде орындаіық

1. Интернет арқылы 3D панорама және виртуалды тур жасауға арналған программаларға қосымша ақпарат беріңдер.

Құралдар	Сыйым-дылық көлемі	Ерекшеліктері	Пайдаланушы арасындағы интерфейс	Сақтау форматы
Image Composite Editor				
Autostitch				
Google Photos				
Hugin				
Photo Gallery				
Dermandar				

2. <http://city3d.kz/nash-gorod/> сілтемесіне өтіп, 3D панорама және виртуалды тур бойынша саяхат жасаңдар, алған өсерлеріңмен белісіңдер.

3D панорама және виртуалды тур жасау жоспарын құрыңдар.

Ой белісейік

Виртуалды турлардың пайдасы туралы ойланыңдар. 3D панораманың зиянды жақтарын талқыланңдар.

Үйде орындаіық

Дәптерге өз үйлеріңнің 3D панорамасының жобасын салыңдар.

## §14–15. 3D панорама жасау. Практикум

Мақсаты: Microsoft корпорациясы ұсынған Image Composite Editor программасымен 3D панорама жасау.

Өткен сабакта фотопанорамаларды тегін жасайтын 6 программын қарастырған болатынбыз. Сол программалардың бірі – Microsoft корпорациясы ұсынған Image Composite Editor мен жұмыс жасайық. Image Composite Editor программының қолданыстағы ең қарапайым және кеңейтілген панорамалық сурет редакторы болып табылады. Фотосуреттен де, видеодан да 3D панорамалық көріністер жасау мүмкіндігі бар. Программа түрімен жұмыс жасау үшін Microsoft жасаган Image Composite Editor программынын Интернет арқылы компьютерге жүктеу қажет. Программаны ресми Microsoft сайтынан немесе <https://www.microsoft.com/en-us/research/product/computational-photography-applications/image-composite-editor/> сілтемесі арқылы жүктеуге болады. Орын алу жадына қарай екі нұсқаның бірін таңдаймыз.



*Microsoft жасаган Image Composite Editor  
программасын жүктеу ортасы*

Таңдаған нұсқаны Жүктеу (Скачать) батырмасын басу арқылы және <https://www.microsoft.com/en-us/research/product/computational-photography-applications/image-composite-editor/> программасының қойған талаптары бойынша жүктейміз.

Жүктелген Image Composite Editor программасының логотипі  түрінде болады.



*Image Composite Editor* программасының алгашқы терезесі

*Image Composite Editor* ортасында панорама жасау үш функциядан тұрады: *New Panorama from Images* – жаңа суреттерді жүктеу, *New Panorama from Video* – жаңа видеоларды жүктеу, *Open Existing Panorama* – бар панорамаларды ашу.




*Image Composite Editor* ортасының функциялары

1. **New Panorama from images** функциясына панорама жасайтын алдын ала таңдалған суреттерді жүктейміз. Терезенің жоғары жағында бағыттайтын төрт батырма бар: суреттерді импорттау (IMPORT), желімдеу (STITCH), кесу (CROP) және экспорттау (EXPORT). Оң жақта панораманы жақсартуға мүмкіндік беретін опциялары да бар. Импорттау (IMPORT) терезесінде Structure panorama опциясында суреттердің орналасу тәртібін (Image order) және суреттердің диапазондарын (Angular range) өндөуге болады.



*Импорттаяу (IMPORT) терезеси*

2. **Желімдеу (STITCH)** терезесінде импорталған суреттердің проекция (Projection) түрлерімен танысып, бір түрін таңдаймыз. Бұл терезеде таңдалған суреттер бір-біріне автоматты түрде желімделеді.



*Желімдеу (STITCH) терезеси*

3. Кесу (CROP) терезесінде жасалған фотопанорамалардың шекарасын Автоматты түрде кесу (auto CROP) немесе Қесуді қажет етпейді (no CROP) деген батырмаларын таңдауға болады.



*Кесу (CROP) терезесі*

4. Экспорттау (EXPORT) терезесінде фотопанорамаларды өртүрлі сапа параметрлері бар файл пішімдеріне экспорттауға болады. Жасалған панораманы экспорттау алдында Superb (Жоғары) мәзірінің ашылмалы тізімінде Quality-ді (Сапа) өзгертууді ұмытпандар.

Дискіге экспорттау (Export to disk...) фотопанорамаларды сақтау орнын көрсетіндер.



*Экспорттау (EXPORT) терезесі*

**Фотопанорама дайын болды. Суретте .jpg форматында сақталған нәтижесі көрсетілген.**



*Фотопанорама нәтижесі*

**A тапсырмасы.** «Менің мектебім» атты фотопанорама жасаңдар. Смартфон немесе фотоаппарат көмегімен мектептің ішкі және сыртқы алаңының қажетті жерлерін суретке, видеоға түсіріндер. Түсірілген суреттер мен видеоларды бір бумаға сақтаңдар.

Image Composite Editor программы арқылы Импорттау (IMPORT) терезесінен Structure panorama опциясында суреттердің орналасу тәртібін (Image order) Zigzag түріне және суреттердің диапазонын (Angular range) 360° vertically түріне өзгертіндер.

**B тапсырмасы.** Image Composite Editor программының желімдеу (STITCH), кесу (CROP) және экспорттау (EXPORT) қадамдарын орындаپ, сақтаңдар.

**C тапсырмасы.** Дәл осы қадамдар бойынша «Менің мектебім» атты видеопанорама жасаңдар.

## §16. Виртуалды тур жобасын әзірлеу. Практикум


Виртуалды тур жасау үшін арнайы жабдықтар мен программалық жасақтама қолданылады. Жоғары айқындылық пен нақтылаудың сфералық көріністері жасалады, сондықтан пайдаланушы суретті ұлғайтып, оларды жақсы қарастыру үшін кез келген объектілерге жақындай алады.

**Виртуалды тур жасау кезеңдері:**

1. Бірінші кезекте нені және қалай көрсету қажет екендігі жайлыш жоспар әзірленеді.
2. Суретке түсіру. Алынған суреттерден қолайлылары таңдалып, өндөледі.
3. Фотосуреттерден үшөлшемді объектілер жасалады.
4. Соңғы қадам – толық виртуалды тур алу үшін барлық бөліктер жиналады.

Виртуалды турды көрсетілген кезеңдер бойынша орындаپ көрейік.

*Бірінші кезең – жоспар құру.* Алдыңғы сабакта орындаған 3D панорама бойынша Нұр-Сұлтан қаласының ең көрнекті гимараттарының бірі «Бейтерекке» саяхат жасайық. Ол үшін гимарат ішінің түсірілім нүктелерін таңдаап, жоспарлау қажет.



Бейтерек гимаратының түсірілім нүктелерін жоспарлау

*Екінші кезең – суретке түсіру.* Суретке түсіру үшін fisheye түріндегі кең бұрышты объектив немесе объективі бар цифрлық айналы камера қолданылады. Арнайы панорамалы басы бар тұрақты штативке бекітілген камерамен кадрлар сериясы жасалынады. Жоспарлаған объектінің түсірілім нүктелерін суретке түсіріп, кез келген графикалық редактор арқылы өндедуге (суреттің жарығы мен түстерін, тоңдары мен қанықтылығын өзгерту) болады.

*Шінші кезең – виртуалды турға фотосуреттердің үшөлшемді объектілерін біріктіру.*

1. Kolor Panotour 2.3.2 программасын <https://kolor-panotour.ru.uptodown.com/windows/download/113033> сілтемесі арқылы орнатыңдар және іске қосыңдар. Аталған программаға өнделген үшөлшемді панорамаларды біріктіру қажет.




*Kolor Panotour 2.3.2 программасының терезесі*

1. Мәзір қатары  
2. Құрал-саймандар қатары  
3. Виртуалды тур жасау функциялары  
4. Соңғы Panotour жобасын ашу  
5. Жаңа Panotour жобасын құру
2. Программаның Tour терезесіне өтіңдер. Ашылған терезеден батырмасын басып, панорамаларды (панорамалық суреттерді) жүктендер және жаңа жобаға атау беріп, қосымша қызмет түрімен танысыңдар. Start parameters қызметін таңдаңыз, жобаны автоматты түрде қозғалатын режимге өзертіңдер.



*Tour* төртесеi

3. Build терезесіне өтіндер, жасалып жатқан жұмысты алдын ала сақтаған дұрыс. Жаңа виртуалды турды сақтау орнын көрсетіп, сақтау форматын таңдаңдар. Flash, HTML5 форматында сақтауға болады. Сонында терезенің тәменгі қатарындағы Build батырмасын басу арқылы виртуалды тур құрындар.




*Build терезесінде жобаны сақтау және құру*

Сақтау орнында бума пайда болады. Осылайша, суреттегідей бумалар құрылады.

Имя	Дата изменения
_0_10	09.04.2020 13:42
_01_11	09.04.2020 13:43
_3_12	09.04.2020 13:43
_2_13	09.04.2020 13:43
_3_14	09.04.2020 13:43
_4_15	09.04.2020 13:42
_5_16	09.04.2020 13:43
graphics	09.04.2020 13:48
lib	09.04.2020 14:00
02.js	09.04.2020 14:00
02.swf	09.04.2020 14:00
02.xml	09.04.2020 14:00
02_core.xml	09.04.2020 14:00
02_messages_en.xml	09.04.2020 14:00
02_skin.xml	09.04.2020 14:00
thumbnail.jpg	09.04.2020 13:42

*Сақтау орнындағы бумалар*

4. **Style** терезесі – басты терезелердің бірі, себебі негізгі жұмыс түрлері осы терезеде жүзеге асады. **Style** терезесінде түрлі эффектілерді, стильдерді, мәтін түрлерін, объектілердің ауысу режимі мен басқару панелін таңдауға болады. Сонымен қоса болып жатқан іс-әрекеттер **Workspace** өрісінде бейнеленеді. Терезенің сол жақ бұрышындағы құрал-саймандар қатарынан құралы арқылы әр өзгерген қадамдарды сақтап, ал құралы арқылы нәтижесін көруге болады.



*Style терезесінде жобаны өңдеу*

**Control Bar** өрісінен өздеріңе қажетті басқару панелін,  
**Thumbnails** өрісінен объектілердің аудысу режимін таңдау,  
 барлық өрістермен танысындар.



*Control Bar және Thumbnails өрістепі*

Терезенің сол жақ бұрышындағы құрал-саймандар қатарынан құралы арқылы әр өзгерген қадамдарды сақтап, құралын басып, өзгерісті бақылаңдар. Құрылған жоба суреттегідей болады.



*Жоба нәтижесі*


**Төртінші кезең – толық виртуалды түр құру.** Осы виртуалды турды негізге алып, өздерің виртуалды саяхат жасандар.



*3D панорамалы виртуалды саяхат*

**A тапсырмасы.** Откен сабакта Image Composite Editor программасында жасаған «Менің мектебім» атты фотопанорамың виртуалды турын құрындар. Ол үшін Kolor Panotour 2.3.2 программасына өтіңдер. Ашылған терезеге фотопанорамы жүктеп, сақтау орнын көрсетіңдер.

**B тапсырмасы.** Style терезесінің функцияларының түрлерін қолданып шығындар. Effects қызметін пайдаланып, түрлі эффектілерді таңдаңдар. Workspace өрісінде қандай өзгерістер болғанын бақылаңдар. Сонымен қоса Control Bar басқару панелінің түстерін өзгертіңдер. құралы арқылы әр өзгерген қадамдарды сақтап, құралын басу арқылы өзгерісті қарандар.



Style терезесінің функциялары

**C тапсырмасы.** Жоғарыдағы түсірілім нұктелері бойынша мектептің ішкі көрінісіне виртуалды саяхат жасаңдар.

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Виртуалды шындықпен сәйкес суреттер:



2. Бос орынды толтырыңдар:

... ... тек нақты өлемді қабылдауға жеке өзінің жасанды элементтерді енгізеді, ал ... ... жаңа жасанды өлемді құрастырады.

3. Виртуалды шындыққа ену гаджеттері:

- A. Көзілдірік, бас киім, контроллерлер.
- B. Құн көзілдірігі, киім, монитор.
- C. Шлем, көзілдірік, колғап.
- D. Көзілдірік, модем, контроллерлер.
- E. Көзілдірік, бас киім, QR код.

4. Балаларға виртуалды шындықтың бас киімдерін қолдануға болмайтын шектеулі жасы:

- A. 10.
- B. 12.
- C. 13.
- D. 16.
- E. 18.

5. Онлайн режимде отырыш, Интернетті пайдалануға деген құлышыныс, компьютерден шыға алмай қалу әдеті:

- A. Виртуалды тәуелділік.
- B. Ойынға тәуелділік.

- C. Интернетке тәуелділік.
  - D. Спортқа тәуелділік.
  - E. Ақпарат іздеуге тәуелділік.
6. **Фотопанораманы тегін жасауға мүмкіндік беретін құралдар саны:**
- A. 5.
  - B. 6.
  - C. 7.
  - D. 4.
  - E. 3.
7. Windows 7 және 8-ге кірістіріліп орнатылатын панорама:
- A. Autostitch.
  - B. Hugin.
  - C. Dermandar.
  - D. Google Photos.
  - E. Photo Gallery.
8. Бірнеше рет шерту арқылы фотосуреттерді жабыстыратын веб-сайт:
- A. Autostitch.
  - B. Hugin.
  - C. Dermandar.
  - D. Google Photos.
  - E. Photo Gallery.
9. **Милиондаған пайдаланушылар үшін фотосуреттерді сактауға арналған сервис түрі:**
- A. Autostitch.
  - B. Hugin.
  - C. Dermandar.
  - D. Google Photos.
  - E. Photo Gallery.
10. **Линзаларды калибрлеу және 360° панорамалар жасау опциялары бар программа:**
- A. Autostitch.
  - B. Hugin.
  - C. Dermandar.
  - D. Google Photos.
  - E. Photo Gallery.

## 2-БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

«3D модельдеу» бөлімінде сендер виртуалды және кеңейтілген шындық түсінігімен танысып, адамның психикалық және физикалық денсаулығына виртуалды және кеңейтілген шындықтың әсері, виртуалды технологияның артықшылықтары мен «3D тур кімге қажет болуы мүмкін?» деген сұрақтарға жауап алдыңдар. Сонымен қатар фотопанорамаларды тегін жасауға мүмкіндік беретін құралдармен танысып, бірінші тұлғадан көрінісі бар 3D панорама жасадыңдар.

Жалпы алғанда, XXI ғасырдың озық технологияларының бірі «3D модельдеу» бөлімінен қажетті ақпараттар ала алдыңдар деп ойлаймыз. Осы білімдерінді болашақта мақсатты турде қолданасыңдар деп үміттенеміз.

### Глоссарий

**Виртуалды шындық** – техникалық құралдар және программалық жасақтамалардың көмегімен жасалынған, адамға көру, есту, сезу және т.б. сезімдері арқылы берілетін жасанды әлем.

**Кеңейтілген шындық** – нақты уақытта физикалық әлемді толықтыратын орта, біз оны қандай да бір планшет, смартфон немесе басқа да құрылғылар мен программалық жасақтамалар арқылы көреміз.

**3D панорама** – компьютер мониторында көрсетуге бейімделген қоршаган ортаның  $360^{\circ}$ -тық бейнесі.

**Фотопанорамалар** – пайдаланушыларға болып жатқан барлық сөтті көрсетудің ең жақсы тәсілдерінің бірі, объектиң «ішінен» көрсету және т.б.

**Image Composite Editor** – қолданыстағы ең қарапайым программа, ол фотосуреттен де, видеодан да панорама жасай алады.

**Hugin** – панорамаларды өндеуге арналған озық программа.

**Dermandar** – бірнеше рет шерту арқылы фотосуреттерді біріктіретін веб-сайт.

**Виртуалды турлар (3D тур)** – бір 3D панорамадан басқа панорамага өтүге мүмкіндік беретін бірыңгай «белсенді аймақтар» кешеніне біріктірілген, әртурлі 3D панорамалар жиынтығы.

## 3-БӨЛІМ

# МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР

### Күтілетін нәтижелер:

- конструкторда ыңғайлы мобильді қосымшаның интерфейсін күруды;
- кодтың блоктарымен және циклдерімен мобильді қосымшаны жасауды;
- әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын түсіндіруді үйренесіндер.

## §17. Мобильді қосымшаларды құру. Мобильді қосымшаның интерфейсі

### Естерінде түсіріндер:

- виртуалды және көнегейтілген шындық;
- виртуалды және көнегейтілген шындықтың айырмашылықтары;
- виртуалды және көнегейтілген шындықтың қолдану мақсаттары;
- виртуалды және көнегейтілген шындықтың адамның психикалық және физикалық денсаулығына әсер етуі;
- виртуалды тур және 3D панораманың жасалу түрлері.

### Менгерілетін білім:

- мобильді қосымша;
- мобильді қосымшаларды құру кезеңдері;
- MIT App Inventor визуалды әзірлеудің бүлттых ортасы;
- MIT App Inventor программалау тілінің интерфейсі.

### Сөздік:

**Мобильді қосымша** – Мобильное приложение – *Mobile application*

**Интерфейс** – Интерфейс – *Interface*

**Визуалды әзірлеудің бүлттых ортасы** – Среда визуальной разработки – *Visual Development Environment*

**Брейнсторминг** – Брейнсторминг – *Brainstorming*

**Мобильді қосымша** (ағылш. *mobile app*) – нақты платформа (iOS, Android, Windows Phone және т.б.) үшін өзірленген смартфондарда, планшеттерде және басқа да мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған программалық жақсатама.

**Мобильді қосымшаларды құру кезеңдері:**

- мобильді қосымшаны құру мақсаты;
- техникалық құралдарын түгендеду. Нақты сметаны құру;
- брейнсторминг (миға шабуыл, яғни идеяны ұжымдық турде білдіру арқылы мәселенің шешімін табу өдісі) және әскиздер;
- интерфейс стилін таңдау;
- қосымша дизайнын әзірлеу;
- программалау;
- қосымшаны жариялау және тестілеу.


Мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды құру – қазіргі кезде программалаудың танымал және сұранысқа ие бағыттарының бірі. Визуалды программалау ортасы алгоритмдеу және программалау саласында мобильдік қосымшаларын құруды үйренуге мүмкіндік береді. Мұндай

орталарда программалаудың мәтіндік тілінің орнына дайын іс-әрекеттері, әлеуметтік желілермен, веб-сайттармен немесе құрылғының сенсорларымен жұмыс істеу функциялары және т.б. бар визуалды логикалық блоктар қолданылады. Визуалды әзірлеудің бүлттых ортасы мультимедиалық мазмұнды

өндөуге, сөйлеу командаларын тануға және сөйлеуді синтездеуге мүмкіндік береді.

MIT (Massachusetts Institute of Technology) App Inventor (<http://ai2.appinventor.mit.edu/>) – Java және Android SDK программалау тілін, алгоритмдеудің қарапайым негіздерін білуді талап етпейтін OS Android платформасына арналған қосымшаларды визуалды өзірлеудің бұлттық ортасы. MIT App Inventorде жұмыс істеу үшін Google немесе Google Apps аккаунты болу қажет, ал программаларды құру программалық код блоктарын пайдалану арқылы визуалды режимде жүзеге асырылады.

MIT App Inventor визуалды программалау ортасына кірген-нен кейін, пайдаланушы оның жобаларының тізімі көрсетілетін бетке түседі. Барлық жасалған жобалар «Менің жобаларым» бетінде сакталады (*60-сурет*).



*60-сурет. «Менің жобаларым» беті*

MIT App Inventor программа-лау тілінің интерфейсі екі негізгі бөліктен тұрады: дизайнер және блоктардың редакторы.

**Дизайнер режимі (61-сурет)**

Дизайнер қолданба интерфейсін жасауға арналған. Бұл режим түрлі компоненттерді: батырмалар, мәтіндік өрістер, суреттер және т.б. орналастыру үшін қолданылады.

App Inventor интерфейсі қара-пайым және интуитивті. Ол мынадай негізгі элементтерден тұрады:

**Палитра** – қосымша компонен-тінің жиынтығы.

### Маңызды мәлімет

Бастапқыда жобаны Google қызметкерлері Java тілінде жазды. Программаны Java Web Start қолданбасы арқылы іске қости.

Жоба MIT-ке берілді және бір жарым жылдан кейін Blockly кітапханасын пайдалана отырып толығымен қайта жазылған, енді ол «App Inventor 2» деп аталды және оны әдеттегі браузерде іске қосуға болады.

**Көрү –** мобиЛЬДІ қОСЫМШАНЫҚ ЭКРАНЫ.


**Компоненттер –** жобадағы компоненттер тізімі.

Android құрылғысының түрлі датчиктеріне қосылуға арналған батырмалар, суреттер, мәтін, мәтінді енгізу өрістері, интерфейстер сияқты қолданбаның функционалдық элементтері: акселерометр, GPS (Global Positioning System), дереектер қоры компоненттер деп аталады.

**Акселерометр –** ұшақ, ракета, кеме, автокөліктің және т.б. үдеу, баулау шамасын көрсететін аспап.

**Қасиеттер** бөлімінде компоненттердің параметрлері мен қасиеттері көрсетіледі.

**Медиа –** пайдаланылатын медиафайлдар тізімі (суреттер, видео, аудиороликтер және т.б.)



*61-сурет. Дизайнер режимі*

### **Блоктар режимі (62-сурет)**

Блоктар мобиЛЬДІ қОСЫМШАНЫҚ ЛОГИКАСЫН ЖӘНЕ ОНЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІН ПРОГРАММАЛАУ ҰШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ, СЕНДЕР ТАҢДАҒАН КОМПОНЕНТТЕР ПАЙДАЛАНУШЫНЫҚ ӘРТҮРЛІ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ЖАУАП БЕРЕДІ.

Қосымшаларды жасау кезінде қолданылатын блоктардың негізгі топтары:

#### **1. Кірістірілген блоктар**

**Басқару –** тармақталу, цикл, бірнеше экранмен жұмыс істеу блоктары және т.б. блоктар.

**Логика** – қосымшадағы логикалық функцияларды пайдалану блоктары.

**Математика** – математикалық блоктар жиынтығы.

**Мәтін** – мәтіндік блоктар жиынтығы.

**Массивтер** – массивтермен, тізімдермен жұмыс істеуге арналған блоктар.

**Түстер** – түстермен жұмыс жасайтын блоктар.

**Айнымалылар** – глобальді және локальді айнымалылардың мәнін анықтауға және орнатуға мүмкіндік беретін блоктар.

**Процедуралар** – программа ішінде параметрлері бар немесе оларсыз ресімдер мен функцияларды айқындауға мүмкіндік беретін блоктар.

## 2. Әрекет блоктары (Screen1)

Нақты қосымшаның компоненттерінің әрекеттерін анықтайды. Қажетті компонентті таңдағанда, қолжетімді блоктар көрсетіледі.

## 3. Кез келген компонент


Бұл блоктар тобы қосымшада бір типті компоненттің көп санын үйімдастыруға және басқаруға мүмкіндік береді.



62-сурет. Блоктар режимі

**Мысал: «Hello World» қарапайым мобиЛЬДІ қосымшасын құру.** МобиЛЬДІ қосымшаның интерфейсімен жұмыс істей.

1. Мәзірден **Жоба** ⇒ **Жаңа жобаны бастау** (Проект ⇒ Начать новый проект) деп ашып, жоба атауына *HelloWorld* деп жазамыз (*63-сурет*).



*63-сурет. Жаңа жоба құру*

2. Экранда еki **Жазу** (Надпись) компонентін орналастырамыз (*64-сурет*).
3. Screen1 экранының қасиеттерін өзгертеміз (*65-сурет*): **Көлденеңінен туралау** (Выровнять По Горизонтали) – Центр: 3, **Тігінен туралау** (ВыровняТЬ По Вертикали) – Центр: 2, **Фон түсі** – ұнайтын түсті таңдаймыз.
4. Жазу1 компонентінің қасиеттері: қалың қаріп, курсивті қаріп, қаріп өлшемі – 16, мәтін – Hello World!
5. Жазу2 компонентінің қасиеттері: қалың қаріп, курсивті қаріп, қаріп өлшемі – 16, мәтін – Менің атым – Абылай!



*64-сурет. Экран компоненттері*



*65-сурет. Жазу2 компонентінің қасиеттері*

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Мобильді қосымша дегеніміз не?
2. Қосымшаны құруудың қандай кезеңдерін білесіндер?
3. MIT App Inventor программалау тілінің интерфейсі қандай негізгі бөліктерден тұрады?
4. Қандай қызықты мобильді қосымшаларды білесіндер? Мысал келтіріндер.

#### Ойланайық, талқылайық

1. Қоғам үшін қандай пайдалы мобильді қосымшаны жасар едіңдер? Неліктен?

2. MIT App Inventor визуалды өзірлеудің бұлттық ортасы не үшін керек?
3. Дизайнер режимі не үшін қажет?

#### Талдап, салыстырайық

Блоктар және Дизайнер режимдерін сипаттап, салыстырыңдар.

Режим түрі	Сипаттамасы	Ұқсастықтары
Блоктар		
Дизайнер		

#### Компьютерде орындаңық

**A тапсырмасы.** Жаңа жоба құрып, атын өздерің ойлап табыңдар. Экранда Жазу, Батырма компоненттерін орналастырыңдар. Өз қалауларыңмен компоненттердің қасиеттерін өзгертиңдер.

**B тапсырмасы.** Фонның түсін өзгертуіп, сурет жүктендер: Медиа ⇒ Суретті жүктеу ⇒ Шолу ⇒ Суретті таңдау.


**C тапсырмасы.** Фондың суретті жүктендер.

#### Ой белсейік

1. Қазіргі таңда кез келген жанға мобилді қосымшаларға жүгіну маңызды ма?
2. Интернеттен қазақстандық өнертапқыш Тимур Рысбековтің мобилді телефонмен Жерде басқарылатын ғарыштық робот туралы ақпаратты тауып оқындар. Оны бүгінгі тақырыппен байланыстырып талқыландар.

#### Үйде орындаңық

1. Қосымша экраны мен компоненттердің қасиеттерін мұқият қарап шығып, «Алдар Қөсе» мобилді қосымшасын талдандар.



*«Алдар Көсө» қосымшасының экраны*



*Компоненттер қасиеттері*

2. «Менің сыныбым» мобилльді қосымшасын құрындар. Компоненттердің қасиеттерін өзгертіп, мобилльді қосымшаның интерфейсін талдап, түсіндіріңдер.

## §18. Мобильді қосымшаны жүктеу және орнату жолдары

### Естеріңе түсіріндер:

- мобильді қосымша деген не?
- мобильді қосымшаларды құру кезеңдері қандай?
- MIT App Inventor визуалды өзірлеудің бүлттых өртасы;
- MIT App Inventor программалайтілінің интерфейсі.

### Менгерілетін білім:

- мобильді қосымшаны құрылғыга жүктеу жолдары;
- мобильді қосымшаларды мобильді құрылғы көмегімен тестілеу;
- мобильді қосымшаның QR-кодын сканерлеу арқылы жүктеу;
- aiStarter эмуляторының көмегімен мобильді қосымшаны тестілеу.

### Сөздік:

Тестілеу – Тестирование – Testing

Жүктеу – Загрузка – Download

Эмулятор – Эмулятор – Emulator

### Маңызды мәлімет

QR-кодты оқу және мобильді құрылғыға қосымшаны орнату үшін Google Play-ден мобильді құрылғыға MIT AI2 Companion App программасын орнатамыз. .apk қосымшаларын мобильді құрылғыға орнату кезінде белгісіз көздерден қосымшаларды орнатуға рұқсат ету қажет (Қосымша параметрлері → Белгісіз көздер).


Тестілеу және өзгерістер енгізу мобильді құрылғының көмегімен жүргізіледі. Мобильді қосымшаны өзірлеу үшін ДК немесе ноутбук, ал өзгерістер енгізу және тестілеу үшін MIT App Inventor Companion алдын ала орнатылған қосымшасы бар мобильді құрылғы қолданылады, ол біз жасаған мобильді қосымшаның QR-кодын құрылғымызға орнату үшін оқуға мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшаны құрылғыға жүктеу жолдары:

- **бастапқы кодта** (.aia кеңейтілімі бар файл) .aia пішіміндегі бастапқы код қосымшаны өңдеуге мүмкіндік береді. Бастапқы код Жобалар / Таңдалған (.aia) жобаларды менің компьютеріме экспорттау мәзірінен іске асырылады;
- **орындалатын файл түрінде** (.apk кеңейтімі бар файл). Қосымшаның .apk файлы App Inventor-де Құру ⇒ Қосымша ⇒ App (.apk файлын компьютерге сақтау) мәзірінде жасалады. Файл .apk – құрылғыда жұмыс істейтін, орындалатын программа;
- **қосымшаның QR-коды түрінде** (.apk жүктеу үшін QR-код құру). Мәзірде орналасқан Құру ⇒ Қосымша командаларымен жүзеге асырылады.

**Егер бізде OS Android орнатылған мобиЛЬДІ құрылғы және Wi-Fi байланыс бар болса:**

1. МобиЛЬДІ құрылғыға Google Play дүкенінен MIT AI2 Companion App программының жүктеп, орнатамыз.
2. Компьютерді және мобиЛЬДІ құрылғыны Интернет желісіне қосамыз.
3. Компьютерде жобаны ашып, мәзірден Қосылу ⇒ AI Көмекшісін таңдаймыз (*66-сурет*).



*66-сурет. AI көмекшісі*

4. Компьютер экранында тестіленетін қосымшаның QR-коды пайда болады (*67-сурет*).



*67-сурет. Тестіленетін қосымшаның QR-коды*


5. МобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫДА MIT AI2 Companion программасын іске қосып, Scan QR-кодे таңдаймыз. QR-коды сканерленгеннен кейін, қосымша мобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫДА пайда болады.

#### OS Android орнатылған мобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫ БОЛМАГАН ЖАГДАЙЛАР

1. App Inventor Setup Software арнайы программалық жасақтама құралын жүктейміз және орнатамыз.
2. aiStarter қосымшасын іске қосамыз (тек Windows & GNU/Linux үшін (68-сурет)).
3. Мына көрініс терезесі көрсетілсе, aiStarter сәтті іске қосылады (69-сурет):



68-сурет. aiStarter қосымшасы



```
Platform = Windows
AppInventor tools located here: "C:\Program Files (x86)"
Bottle server starting up (using WSGIRefServer()) ...
Listening on http://127.0.0.1:8004/
Hit Ctrl-C to quit.
```

69-сурет. aiStarter іске қосылуы

4. MIT App Inventor Жоба терезесіне көшіп, мәзірден Қосылу ⇒ Эмуляторды таңдаймыз.
5. Эмулятор терезесі ашылады (70-сурет).



70-сурет. aiStarter эмуляторының терезесі

- МобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫ ДЕГЕН НЕ?
- ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРЫЛҒЫҒА ЖҮКТЕУДІҢ ҚАНДАЙ ЖОЛДАРЫН БІЛЕСІНДЕР?
- ТЕСТИЛЕНЕТІН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫҢ QR-КОДЫН ҚАЛАЙ ҚҰРУ КЕРЕК?
- МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ТЕСТИЛЕУ ҚАЛАЙ ЖҰЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ?

## Ойланайық, талқылайық

- MIT AI2 Companion App қосымшасы не үшін қолданылады және мобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫҒА ОНЫ ҚАЛАЙ ОРНАТАМАЫЗ?
- aiStarter әмуляторын қалай іске қосу керек және ол қандай қызмет атқарады?

## Талдап, салыстырайық

МобиЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРЫЛҒЫҒА ЖҮКТЕУ ЖОЛДАРЫН СИПАТТАП, САЛЫСТЫРЫҢДАР.

Жүктеу жолдары	Сипаттамасы	Ұқсастықтары
Бастапқы кодта		
Орындалатын файл түрінде		
Қосымшаның QR-коды түрінде		


## Компьютерде орындаіық

**А тапсырмасы.** Откен сабакта жасалған «Hello World» мобиЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН MIT AI2 Companion App қосымшасын мобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫҒА ЖҮКТЕУ АРҚЫЛЫ НЕМЕСЕ aiStarter әмуляторы арқылыш тестілеуден өткізіңдер.

**В тапсырмасы.** «Менің қалам» немесе «Менің ауылым» мобиЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ЖАСАҢДАР, ҚОСЫМША ЭКРАНЫНА ЖЕРГІЛІКТІ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРДІ ОРНАЛАСТАРЫҢДАР.

- Screen1 экранының қасиеттері: Қелденеңінен туралау – Центр: 3, Айналмалы (Прокручиваемый), Тақырыбы – Менің қалам.

- Суреттердің қасиеттері: Биіктігі – 30%, Ені – 30%, Масштабтау (Масштабировать) ⇒ Кескін (Изображение) ⇒ Сәйкес келгенге дейін (До Соответствия). Мысалы:



«Менің қалам» мобилді қосымшасының интерфейсі

**С тапсырмасы.** Жасалған мобилді қосымшаны тестілеуден өткізіндер.

Ой бөлісейік

Мобилді қосымшаны орнату жолдарын сарапалап, сыйыптастарыңмен ой бөлісіндер. Google Play-ден орнатылатын қандай мобилді қосымшаны жиі қолданасындар? Неліктен?

Үйде орындаібыз

1. «Музыкалық ойнатқыш» мобилді қосымшасын құрындар.



«Музикалық ойнатқыш»  
қосымшасының экраны



Компоненттердің қасиеттері  
қосымшасының экраны

«Музикалық ойнатқыш» қосымшасының блоктары:



Блоктар

2. Құрылған мобилльді қосымшаны тестілеңдер. Қосымшада қандай блоктарды пайдаланғандарынды ауызша баяндандар.

## §19. Блоктар мен циклдерді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшаны құру

### Естерінде түсіріндер:

- мобиЛЬДІ қосымшаны құрылғыға жүктеу жолдары;
- мобиЛЬДІ қосымшаларды мобиЛЬДІ құрылғы көмегімен тестілеу;
- мобиЛЬДІ қосымшаны QR-кодты сканерлеу арқылы жүктеу;
- aiStarter әмбилияторының көмегімен мобиЛЬДІ қосымшаны тестілеу.

### Менгерілетін білім:

- цикл;
- блоктарды программалау;
- санауышы бар циклмен жұмыс;
- шартты цикл.



71-сурет. Экран1 компоненттері

### Сөздік:

Блок – Block

Дизайнер – Designer

Өткен сабакта сендер мобиЛЬДІ қосымшаны құрылғыға жүктеу жолдары және оны тестілеудің едістерімен таныстындар.

**Цикл** – алгоритмнің, немесе программаның бірнеше рет орындалатын бөлігі. Ол – берілген айнымалы белгілі бір мәнге жеткенше немесе бір көрсетілген шарт орындалып болғанша атқарылатын программадағы бірнеше рет қайталау.

Көптеген есептерді шешу алгоритмдері циклдік болады, яғни нәтижеге жету үшін әрекеттердің белгілі бір реттілігі бірнеше рет орындалуы тиіс.

**Циклдік алгоритм** – берілген шарт орындалғанға дейін қайталауды тиіс әрекеттердің сипаттамасы. Циклдік алгоритм программалауда маңызды орын алады, өйткени көптеген есептерде қолданылады.



Санауышы бар цикл арқылы санның факториалын есептеу:

**Дизайнер режимімен жұмыс.** Компоненттердің қасиеттерін түзету.

1. Экранда көрсетілген төртіп бойынша мына компоненттерді орналастырамыз: Жазу1, Жазу2, Мәтін1, Жазу3, Мәтін2, Батырмал (71-сурет).

2. Экранның қасиеттерін өзгертеміз: Тақырып  $\Rightarrow$  Factorial.
  3. Жазу1 компонентінің қасиеттері: Қаріп өлшемі – 24, мәтін – Факториал, Ені – Эcran бойынша толтыру (Наполнить родительский), Мәтінді туралау – центр: 1.
  4. Жазу2 компонентінің қасиеттері: Қаріп өлшемі – 16, мәтін – «N саны».
  5. Мәтін1 компонентінің қасиеттері: Ені – Эcran бойынша толтыру (Наполнить родительский), Ойға салу (Подсказка) – Санды енгіз.
  6. Жазу3 компонентінің қасиеттері: Қаріп өлшемі – 16, мәтін – «N санының факториалы».
  7. Мәтін2 компонентінің қасиеттері: Ені – Эcran бойынша толтыру (Наполнить родительский), Ойға салу (Подсказка) – Мұнда нәтиже пайда болады.
  8. Батырмал компонентінің қасиеттері: Қаріп өлшемі – 16, Ені – Эcran бойынша толтыру, Мәтін – Шығару (72-сурет).
- Блоктар режимі.** Программаның логикасы.

N санының факториалын есептеу. Ол үшін бізге 2 айнымалыны енгізу қажет, бірінші – N саны, екінші айнымалы есептелецін факториал.

1. Екі блок орналастырамыз:  , бірінші N санына арналған блокты 0-ге теңестіреміз, ал факториалға арналған блокты 1-ге теңестіреміз. **Блоктар  $\Rightarrow$  Кіркітірлген  $\Rightarrow$  Айнымалылар**,  блогын таңдаймыз, **Блоктар  $\Rightarrow$  Кіркітірлген  $\Rightarrow$  Математика** блогынан  таңдаймыз.
2. **Блоктар  $\Rightarrow$  Батырма**  ,  блогын кірістіреміз, айнымалыны таңдаймыз.  блогын кірістіреміз, таңдау жолы: **Блоктар  $\Rightarrow$  Мәтін1**.




72-сурет. Factorial қосымшасының интерфейсі

3. Н санының факториалын есептеу. Ол үшін Блоктар  $\Rightarrow$  Басқару  $\Rightarrow$  блогын таңдаймыз.

5 орнына п енгіземіз.

4. Келесі блокты кірістіреміз:
5. Нәтижені Мәтін2-ге шығару үшін келесі блокты кірістіреміз: (73-сурет).



73-сурет. «Factorial» қосымшасының блоктар тізімі

Мысал: Шартты цикл. Жоба интерфейсін өзгертпей, шартты циклдің көмегімен санның факториалын табу (74, 75-суреттер):



74-сурет. Дизайнер режимі



75-сурет. Блоктар режимі

1. Цикл дегеніміз не?
2. Шартты цикл қалай жұмыс істейді?
3. Санауышы бар цикл үшін қандай блоктар қолданылады?
4. Қандай пайдалы математикалық мобиЛЬДІ қосымшаларды білесіндер?

1. Циклдік алгоритм программалауда неге маңызды рөл атқарады?
2. «Калькулятор» мобиЛЬДІ қосымшасына қандай өзгерістер енгізер едіндер?

Шартты цикл мен санауышы бар циклдер блоктарының айырмашылығын салыстырыңдар.

### Шартты цикл

### Санауышы бар цикл


**Мәтіндік «Калькулятор» мобиЛЬДІ қосымшасын құру**

**A тапсырмасы.** Жаңа жоба бастап, жобаның атын енгізіндер, экранда қажетті компоненттерді орналастырыңдар. Орналастырылған компоненттердің қасиеттерін өзертіндер.

**B тапсырмасы.** Блоктар режимін ашып, қажетті блоктарды орналастырып, оларды программаңдар. Калькулятор мобиЛЬДІ қосымшасында қолданылатын блоктар тізімі төменде көрсетілген.



«Калькулятор» қосымшасының интерфейсі



### *Блоктар тізімі*

**С тапсырмасы.** Дайын мобильді қосымшаны эмуляторда тестілендер.

#### Ой белсейік

Сыныптастарыңа жасалған мобильді қосымшаларыңды көрсетіңдер. Бір-біріңің жұмыстарыңа баға беріп, ез ойларыңмен бөлісіңдер.

#### Үйде орындаіык

- Математикалық есептеулердің дұрыс шыгарылуын тексеретін мобильді қосымша жасандар.
- Қолданылған компоненттер мен блоктардың логикасын түсіндіріңдер.

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛARYНЫҢ ҮЛГІЛЕРИ

1. Мына ұғымдардың жауабы қай мобиЛЬДІ нұсқаға жататынын белгілендер: брейнсторминг және эскиздер, интерфейс стилін таңдау
  - A. Қосымшаны жасау кезеңдері.
  - B. Құрылғыларға арналған операциялық жүйелер.
  - C. Сайт.
  - D. Сілтеме.
  - E. Бейнелер.
2. MIT App Inventor программасының интерфейсі қанша?
  - A. 4.
  - B. 3.
  - C. 2.
  - D. 7.
  - E. 5.
3. Нақты платформа үшін өзірленген смартфондарда, планшеттерде жұмыс істеуге арналған мобиЛЬДІ программалық жасақтама:
  - A. Қосымша.
  - B. Құрылғыларға арналған операциялық жүйелер.
  - C. Сайт.
  - D. Сілтеме.
  - E. Бейнелер.
4. МобиЛЬДІ қосымшаларды құру қанша кезеңнен тұрады?
  - A. 2.
  - B. 3.
  - C. 4.
  - D. 7.
  - E. 5.
5. Бос орынды толтырыңдар:  
Бұл блоктар тобы қосымшада бір типті компоненттің көп санын үйімдастыруға және басқаруға мүмкіндік береді: ....

6. Жобадағы компоненттер тізімінің орналасу элементі:
- A. Компоненттер.
  - B. Палитра.
  - C. Сурет.
  - D. Қасиеттер.
  - E. Медиа.
7. Берілген шарт орындалғанға дейін қайталануы тиіс әрекеттердің сипаттамасы:
- A. Циклдік алгоритм.
  - B. Тармақтық алгоритм.
  - C. Сызықтық алгоритм.
  - D. Енгізу, шығару операторы.
  - E. Меншіктеу операторы.
8. MIT App Inventor визуалды әзірлеу ортасының негізгі бөліктері:
- A. Дизайнер және блоктар режимі.
  - B. Дизайнер және палитра режимі.
  - C. Акселерометр және блоктар режимі.
  - D. Компоненттер және блоктар режимі.
  - E. Дизайнер және медиа режимі.
9. блогының орналасу жолы:
- A. Блоктар  $\Rightarrow$  Басқару.
  - B. Блоктар  $\Rightarrow$  Айнымалылар.
  - C. Блоктар  $\Rightarrow$  Массивтер.
  - D. Блоктар  $\Rightarrow$  Мәтін.
  - E. Блоктар  $\Rightarrow$  Процедуралар.
10. блогының орналасу жолы:
- A. Блоктар  $\Rightarrow$  Басқару.
  - B. Блоктар  $\Rightarrow$  Айнымалылар.
  - C. Блоктар  $\Rightarrow$  Массивтер.
  - D. Блоктар  $\Rightarrow$  Мәтін.
  - E. Блоктар  $\Rightarrow$  Процедуралар.

**11. Берілген интерфейсте қолданылған компоненттерді сипаттаңдар:**



**12. Мобильді қосымшаны құру кезеңдері:**

1. ....
2. ....
3. ....
4. ....
5. ....
6. ....
7. ....

**13. Қосымшаларды жасау кезінде қолданылатын блоктардың негізгі топтары:**

- A. Компоненттер.
- B. Әрекет блоктары.
- C. Қасиеттер.
- D. Кез келген компонент.
- E. Медиа.
- F. Палитра.
- G. Кірістірілген блоктар.

## 3-БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

МобиЛЬді құрылғыларға арналған қосымшаларды құру қазіргі кезде программалаудың танымал және сұранысқа ие бағыттарының бірі болып табылады. Визуалды программалау ортасы алгоритмдеу және программалау саласындағы әртүрлі дағдыларың сендерге мобиЛЬдік қосымшаларды құруды үйренинге мүмкіндік береді.

«МобиЛЬді қосымшалар» бөлімінде MIT App Inventor конструкторында ыңғайлы мобиЛЬдік қосымшасының интерфейсін құруды және мобиЛЬді қосымшаны құру кезеңдерін, кодтың блоктарымен, циклдерімен мобиЛЬді қосымшаны жасау және өзірленген мобиЛЬді қосымшаны орнату жолдарын білдіндер.

Жоғарыда келтірілген тақырыптарды қызығып оқыған болсаңдар, мобиЛЬді қосымшаның қажеттілігін және оны қандай ортада жасаған ыңғайлы деген сұрақтардың жауабын таба аласындар. Алынған білімді саралай отырып, өз өмірлерінде қажетті мақсаттарыңа сай қолданасындар деп үміт артамыз.

### Глоссарий

**МобиЛЬді қосымша** (ағылш. *mobile app*) – нақты платформа (iOS, Android, Windows Phone және т.б.) үшін өзірленген смартфондарда, планшеттерде және басқа да мобиЛЬді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған программалық жасақтама.

**MIT App Inventor** – Java және Android SDK программалау тілін, алгоритмдеудің қарапайым негіздерін білуді талап етпейтін OS Android платформасына арналған қосымшаларды визуалды өзірлеудің бұлттық ортасы.

Android құрылғысының түрлі датчиктеріне қосылу үшін батырмалар, суреттер, мәтінді енгізу өрістері, интерфейстер сияқты қолданбаның функционалдық элементтері: акселерометр, GPS, деректер қоры және т.б. компоненттер деп аталады.

**Акселерометр** – ұшақ, ракета, кеме, автокөліктің және т.б. үдеу, баяулау шамасын көрсететін аспап.

**Айнымалылар** – глобальді және локальді айнымалылардың мәнін анықтауға және орнатуға мүмкіндік беретін блоктар.

**Процедуралар** – программа ішінде параметрлері бар немесе оларсыз ресімдер мен функцияларды айқындауға мүмкіндік беретін блоктар.

## 4-БӨЛІМ

# IT STARTUP

### Күтілетін нәтижелер:

- Startup түсінігін баяндауды;
- Crowdfunding платформаларының жұмыс істеу қағидаларын сипаттауды;
- өнімді насыхаттау және сату жолдарын сипаттауды;
- маркетингтік жарнама жасауды (инфографика, видео) үйренесіндер.

## §20. Startup түсінігі. Startup-ты іске қалай қосады?

### Естеріне түсіріндер:

- мобильді қосымша дегеніміз не?
- мобильді қосымшаны құру жолдары қандай?
- өзірленген мобильді қосымшаны орнату жолдары қандай?

### Сөздік:

Қаржыландыру – Финансирование – *Financing*  
Инновация – Инновация – *Innovation*  
Инвестор – Инвестор – *Investor*

### Менгерілетін білім:

- *Startup түсінігі;*
- *Startup-тың басты сипаттамалары;*
- *Startup-тың даму кезеңдері.*

Соңғы бірнеше жылда IT Startup үйректері өте танымал сондықтан жиі талқылану үстінде.

Startup кез келген жас бизнес болып табылады және бұл термин ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде бұрыннан қолданылады. Алайда XXI ғасырда бұл термин IT саласында көпtep қолданыла бастады – осыдан кейін IT Startup пайда болды.

Startup (ағылш. *Startup company*, *Startup*, тұра аудармасы «бастап келе жатқан») – операциялық қызметтің қысқа тарихы бар компания. Алғаш рет «Startup» терминін америкалық көсіпкер Стив Бланк енгізген және ол өзі 8 табысты Startup құрған.

Әлемге әйгілі Facebook әлеуметтік желісі бастапқыда Startup болды, бұған дейін мұндай ауқымды әлеуметтік желілер болмаған, сондықтан компания иелерінің ешқайсысы оның қандай табыс әкелетінін болжай алмады.

Пол Грэм – Y Combinator венчурлік (төуекелдік) қорының негізін қалаушылардың бірі, ең қысқа және қарапайым тұжырымы береді: «Startup = өсу». Әлемдегі Startup-тардың көпшілігі IT саласында ұсынылған, өйткені мұнда үнемі жаңа нәрсе ойлап табылып, жүзеге асырылып отырады.

Географиялық шектеусіз өсуге қабілеттілігі Startup-ты шартын бизнестен ерекшелеге мүмкіндік береді.

Uber, Airbnb немесе Facebook сияқты сөтті Startup-тар тез қарқынмен дамып келеді, бұл бірнеше жыл ішінде Toyota немесе Siemens сияқты ауқымды компаниялардың қаржылық көрсеткіштеріне жетеді.

Егер мысалдар келтіретін болсақ, әлемдегі ірі, танымал, ең табысты Startup-тар:

- Википедия;
- YouTube;

- Instagram;
- Twitter;
- Microsoft және т.б.

Startup-тарға төн негізгі сипаттамалар (2-сызба):



*2-сызба. Startup сипаттамалары*

### Карқынды өсу

Startup өсу үшін құрылады және әдетте, «масштабталатын бизнес-моделі» бар, бес жылдан аз уақытта пайдаланушылар саны нөлден 100 миллионға дейін өседі.

Нақты өсу қарқыны Startup бизнес-модель тапқанша кең ауқымда өзгеруі мүмкін. Содан кейін өсу кезеңі аяқталады, бұл жаңа деңгейге, яғни жетілген бизнеске шығуды көрсетеді.

### Мәселені шешудегі инновациялық тәсіл

Startup үшін жаңа саланы немесе бағытты ойлап табу міндетті емес, бірақ мұнда іске деген көзқарас бизнестің дәстүрлі үлгісінен түбегейлі ерекшеленеді. Мысалы, іздеу жүйелері Google-ге дейін де болған. Ларри Пейдж және Сергей Брин өз жобасының негізін салған алгоритм беттің мазмұнында ғана емес, оның беделіне де негізделген. Қарапайым интерфейс және релеванттық нәтижелер бәсекелестерді «артта қалдырды».

### Икемділік

Startup идеясы шешуші мәнге ие, бірақ уақыт өте келе өзгеруі мүмкін. Егер алғашкы ой жаңы болмаса, Startup курсты түбегейлі өзгерте алады. Бұл бағытты 180°-қа ауыстыруға

әзірлігі Startup-тың басқа үлкен және шағын бизнес кәсіпорындарынан айырмашылығын ашып көрсетеді.

## **Есу үшін қаржыландыру**

Startup болашақта жылдам өсуге және жоғары пайдаға уәде берे отырып, бастапқы кезеңдерде үлкен инвестиция көлемін іздейді. Жаңа идеялар венчурлік қорларға, инвесторларға ұсынылады, жоғары тәуекелдерді қабылдауға дайын инвесторды табу мақсатында Startup биржаларына қойылады. Қаржыландырудың негізгі принципі: Startup-шы дамуға ақша алған сайын, ол өз компаниясының бір бөлігін береді, ал инвестор ортақ иеленушіге айналады.

Инвесторларды іздеудің баламалы тәсілдері ретінде мамандандырылған конференцияларды пайдалануға болады. Жыл сайын бүкіл әлем бойынша осындай бірнеше конференция өткізіледі. Мысалы, Ескі Осколдағы конференция – Startup Village, ClickZ Live New York (Нью-Йорк, АҚШ), Pioneers 500 Festival (Вена, Австрия).

**Startup-ты іске асыру бірнеше кезеңнен өтеді:**

### *Pre-seed*

Бұл – ең бірінші кезең – жобаны жасаушылардың нақты қалыптасқан идеясы болады, бірақ оны қалай жүзеге асыру және дамыту, табыс өкелу туралы түсінік өлі пайда болған жоқ.

### *Seed*

Бұл кезеңде әдетте нарықты зерттеу, одан әрі іс-қимылдардың егжей-тегжейлі жоспарын жасау және іске қосуға дайындық жүргізіледі. Осы кезеңде қажет болса, инвесторларды іздестіруді бастау мүмкін.

**Инвестор** – инвестицияны жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, мемлекет.

### *Прототип*

Бұл кезеңде тек негізгі функциялар берілген жұмыс моделі құрылады.

### *Альфа-нұсқа (өнім / жоба)*

Оның кемшіліктерін анықтау және оларды жою мақсатында өнімді тестілеу жүргізіледі. Сондай-ақ толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### *Жабық бета нұсқасы*

Өнім (немесе жоба) одан әрі тексерілуі керек. Осы мақсатта өз пікірлері мен тілектерін білдіретін пайдаланушылардың шағын тобы шақырылады.

## *Ашық бетта нұсқасы*

Бұл кезеңде Startup-тың шығуы жүзеге асырылады – жоба-ны насиҳаттау және пайдаланушыларды тарту жүреді (шарттар жасалады, тауарлар мен т.б. сату жүргізіледі). Кейбір жобаларды жасаушылар жоғарыда аталған бір немесе бірнеше сатыдан өтеді, бірақ мұны істеу ұсынылмайды, себебі ескерілменген қателер жіберілуі мүмкін, олар кейіннен қаржылық шығындарға әкеп соқтырады.

### **Сұрақтарға жауп берейік**

1. Startup дегеніміз не?
2. Startup-тың негізгі сипаттамалары қандай?
3. Startup-тың қандай даму кезеңдерін білесіндер?
4. Қандай танымал Startup-тарды атап көрсете аласындар?

### **Ойланайық, талқылайық**

1. Startup-ты жүзеге асыратын уақытта инвесторлар қандай рөл атқарады?
2. Startup-ты жүзеге асыру үшін не істеу қажет?

### **Талдап, салыстырайық**

Startup сипаттамаларына тән ерекшеліктерін талданадар.

Қарқынды өсу	Мәселені шешудегі инновациялық тәсіл	Икемділік	Өсу үшін қаржыландыру


### **Компьютерде орындаңық**

**А тапсырмасы.** Компьютер мен Интернетті пайдаланып, өлемдегі танымал Startup туралы ақпарат табындар.

**В тапсырмасы.** Қандай Startup түрлері ең табысты болып табылатынын талданадар.

**С тапсырмасы.** Мәтіндік редакторды (SmartArt) пайдаланып, өлемдегі танымал, табысты Startup-қа талдау жасандар.

1. Startup-ты жүзеге асыру кезінде қандай ерекшеліктерді атап көрсетуге болады?
2. Startup-ты сипаттай отырып, сыйбаны толтырындар.



3. Сендер қандай Startup ойлап табар едіндер? «Көсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, оны қалай жүзеге асыратындарың жайлы айтып беріндер.

1. Кестеге Startup-тың даму кезендерін жазып, толтырындар.

Даму кезендері	Сипаттамасы
Pre-seed	
Seed	
Прототип	
Альфа-нұсқа (өнім / жоба)	
Жабық бета нұсқасы	
Ашық бета нұсқасы	

2. Интернетten қазақстандық өнертапқыштардың ашқан жаңалықтарын оқып, олардың қайсысының табысты Startup болатынына болжам жасандар. Ойларыңды дәлелдендер.

## §21. Өзіңнің Startup-ыңды қалай іске қосу керек? Crowdfunding платформаларының жұмыс істеу қағидалары

### Естеріне түсіріндер:

- Startup дегеніміз не?
- Startup-тың негізгі сипаттамалары қандай?
- Startup-тың қандай даму кезеңдерін білесіңдер?

### Сөздік:

Краудфандинг – Краудфандинг –  
*Crowdfunding*  
Платформа – Платформа – *Platform*

### Менгерілетін білім:

- *Crowdfunding* анықтамасы;
- *Crowdfunding*-тің түрлері;
- Қазақстандағы танымал платформалар.

Осы уақытқа дейін инновацияларды қаржыландырудың тек екі тәсілі болды:

1) компаниялар өздері жүргізетін зерттеулер мен өзірлемелерге (R&D – research and development) қаражат инвестициялайды;

2) R&D инвестицияларын компаниялардың өздері емес, венчурлік (төуекелдік) инвесторлар салды. Олар компаниялардың венчурлік жобаларына өздерінің венчурлік капиталын салып, осы компаниялардың капиталындағы үлеске ие болды. Алайда соңғы жылдары шағын инновациялық бизнес өкілдері оларды қаржыландыру үшін жаңа объект – *Crowdfunding*-ке назар аудара бастады.

«*Crowdfunding*» (халықтық қаржыландыру, ағылш. *crowdfunding*, *crowd* – топ, *funding* – қаржыландыру) – Интернет арқылы қатысуышылардың көп санынан аздаған ақша қаражатын жинау жолымен жобаны қаржыландыру практикасы.

Теориялық және практикалық түрліден *Crowdfunding* түрлерін бөліп қарастыру өте маңызды. *Crowdfunding*-ті жіктеуге мүмкіндік беретін бірнеше өлшем бар. Олардың біріншісі – іске асыруға ақшалай қаражат тартылатын жоба түрі. Мәселен, өлемдегі ең танымал *Crowdfunding* платформаларының бірі – *Kickstarter* өзін «креативті жобалар» үшін платформа ретінде көрсетеді.

*IndieGoGo* – өлемге әйгілі *Crowdfunding*-тік платформа кез келген идеялар мен жобаларға арналған платформа ретінде әрекет етеді.

Стивен Брэдфорд Crowdfunding-тің бес базалық моделін атап көрсетті (3-сызба):

қайырымдылық

ақысыз сыйақы

алдын ала тапсырыс

қарыздық капиталды тарту

акционерлік капиталды тарту

### *3-сызба. Crowdfunding-тің бес базалық моделі*

Алгашиқы үш модель «патронаждық Crowdfunding» шартты атауымен біріктірілуі мүмкін, өйткені инвесторлар немесе оларды ақша ресурстарының орнына «бэккерлер» (демеушілер, донорлар) деп те атайды не болмашы жеңілдіктер/артықшылықтар алады. Қайырымдылық моделі шенберінде қайырымдылық алтруизм негізінде және алушы үшін ешқандай міндеттемелерсіз жасалған ерікті актілер болып табылады.

Классикалық мысал – емдеуге немесе қайырымдылық ұйымды қолдауға қаражат жинау. Бұл модель таза күйінде жиі кездеспейді. Сыйақысыз демеу шағын қайырымдылық үшін барлық жобаларда қарастырылған.

Көрсетілген модельдердің төртінші және бесінші мәні инвестициялық Crowdfunding немесе Crowdinvesting болып табылады. Бұл – танымалдығы аз, бірақ Crowdfunding-тік жобаларға бэккерлердің қатысуының өлемдік экономика үшін өте перспективалы және сиңи түрғыдан маңызды моделі. Оның негізгі сипаттамасы және басқа объектілерден ерекшелігі – қаржылық сыйақының болуы.

Қазақстанда Crowdfunding 2014 жылы пайда болды. Ондаған іске асырылған жобалар бар. Ең ірі отандық платформа [starttime.kz](http://starttime.kz) бір жыл ішінде салымшылардан 215 қайырымдылық, әлеуметтік және коммерциялық жобалардың пайдасына 31,7 млн теңге жинады.

## Маңызды мәлімет

EarlyIQ жүргізген зерттеу бойынша АҚШ-та CrowdFund Professional Association және CROWDFUND CAPITAL ADVISORS, жылдық табысы \$25000-дан астам ел азаматтарының 58%-ке жуығы жыл сайын екі-үш стартапты қолдауға дайын. Жылына \$75000 астам табыс табатын америкалықтар арасында өлеуетті краудинвесторлардың үлесі одан да жоғары – 68%.

**Starttime.kz** – қызықты өрі пайдалы идеялардың авторлары на үжымдық қолдау арқылы жобаны іске асыруға қаражат табуға көмектесетін сервис. Мысалы, театр режиссері, жарнама саласындағы креативті директор Виктор Немченконың Lexicon City жобасы Алматыда қалалық өмір сүру барысында қазақ, ағылшын және орыс тілдерін үйрену үшін геймификация элементтері бар жаһандық инфрақұрылым құруға бағытталған. Автор онлайн және оффлайн ойнауға болатын «сөздікті қала» құруды ұсынады. Әртурлі қоғамдық орындарда (көшелерде, кеңселерде, дүкендерде, дәмханаларда, ЖОО-да, саябақтарда және т.б.) көрнекті жерлерде есте сақтау үшін үш тілдегі жапсырмалар орналастырылады. Сол жерде смартфон мен lexicon.city мобиЛЬДІ қосымшасының көмегімен сканерлеген QR-кодтар орналастырылады, пайдаланушы сөздің дыбысын естуге, сөздің дұрыс жазылуын үйренуге бейімделеді, қарапайым сөйлемдер құруға және еткен материалды женіл, ойын түрінде бекіте алады.

**Lexicon City** пайдасына қаражат жинау жалғасуда, осындай ауқымды және пайдалы жобаны іске асыруға 9 млн теңге қажет.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта осы құралды шағын инновациялық бизнесті қаржыландыру тәжірибесіне толық ауқымды енгізу бұл қатынастардың осы түрін мақсатты реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің тұтас кешенінің болмауына байланысты іске асырылған жоқ.

### Сұрақтарға жауап берейік

1. Crowdfunding дегеніміз не?
2. Crowdfunding-тің қандай түрлері бар?
3. Қазақстанда қандай танымал Crowdfunding-тің платформалары бар?

### Ойланайық, талқылайық

1. Қазақстанда Crowdfunding қай жылы пайда болды?
2. Starttime.kz платформасының қызметі не және қандай маңызды іс-әрекеттерді орындаиды?

Стивен Брэдфорд атап көрсеткен Crowdfunding бес базалық моделіне сипаттама беріндер.

Қайырым- дылық	Ақыссыз сыйақы	Алдын ала тапсырыс	Қарыздық капиталды тарту	Акционерлік капиталды тарту

## Компьютерде орындаңыңыз

**A тапсырмасы.** Компьютердің көмегімен *starttime.kz* платформасымен танысып, жұмыс жасап көріндер.

**B тапсырмасы.** *Indiegogo.com* ресми сайтында IndieGoGo платформасымен жұмыс істеңдер.

**C тапсырмасы.** Берілген платформалар арасындағы айырмашылықтар қандай? Оларды сипаттаңдар.

## Ой бөлісейік

1. Бүгінгі сабакта алған жаңа білімдерінді күнделікті өмірде қандай жағдайларда қолдануға болады? Мысал келтіріндер.
2. Қазақ тарихында болған Атымтай Жомарттың ісіне бүгінгі күн түрғысынан қандай баға бересіндер?

## Үйде орындаңыңыз

1. Берілген тақырыптың мазмұны бойынша оңай және қыын сұрақтар құрастырындар.

## Оңай сұрақтар

## Қыын сұрақтар

2. Әлемдегі кең танымал платформаларды дәптерге сипаттап жазындар.

## §22. Жобаны алға жылжыту

### Естерінде түсіріндер:

- *Crowdfunding* дегеніміз не?
- *Crowdfunding*-тің қандай түрі бар?
- *Crowdfunding*-тің атқаратын рөлі мен қызметі.

### Менгерілетін білім:

- насиҳаттау;
- насиҳаттаудың түрлі әдістері;
- өнімді өткізу әдістері.



### Сөздік:

Жарнама – Реклама – *Advertisement*  
Насиҳаттау – Продвижение – *Promotion*  
Маркетинг – Маркетинг – *Marketing*  
Іздеу жүйесін оңтайландыру – Поисковая оптимизация – *SEO (Search Engine Optimization)*

### Насиҳаттау дегеніміз не?

Насиҳаттау – клиенттерді, контрагенттерді, серікtestер мен қызметкерлерді белгілі бір коммуникативті ынталандыру арқылы сату нәтижелілігін арттыруғабағытталған іс-әрекет. Ол мына мақсаттарға бағытталған: тұтынушылық сұранысты арттыру және компанияға оң көзқарастың қалыптасуы.

Насиҳаттау мынадай маңызды функцияларды жүзеге асырады:


- тауарды насиҳаттау;
- көсіпорынның тартымды бейнесін құру: бедел, жаңашылдық, төмен баға;
- өнім туралы ақпаратты, соңғы тұтынушыға жеткізу;
- тауардың (қызметтің) өзектілігін сақтау;
- тауарды өткізу тізбегіндегі барлық қатысушыларды ынталандыру;
- өнімді өдөттегі қабылдау трансформациясы;
- компанияның адалдығы туралы мәліметтерді тарату;
- қымбат тауарларды насиҳаттау.

Барлық осы функциялардың жиынтығын кешен деп атауға болады. Сауда заттарын насиҳаттау бойынша кешен – бұл көсіпкердің өнімі туралы мәліметтерді соңғы тұтынушыларға жеткізуге кепілдік беретін маркетингтік құралдар мен тәсілдердің жалпылануы. Мұндай әрекеттер жиынтығы тауарды насиҳаттаудың әртүрлі әдістерінен құралады.

**Насихаттау әдістері** (*methods of promotion*) – маркетингтік мақсатқа жетуге арналған маркетинг тәсілдері мен құралдары.

Алайда көптеген әдістердің ішінде маркетингте нақты сипатталған және үнемі тәжірибе жинақталатын коммуникация әдістері бар, олардың көмегімен маркетингтік насихаттау жүзеге асырылады. Насихаттау әдістері – тауарды насихаттаудың әзірленген және дұрыс іске асырылатын саясатының немесе фирманның немесе брендтің коммуникациялық саясатының құрамдас бөлігі.

Дәстүрлі маркетингтік насихаттау әдістеріне тәменгі әдістер жатады (4-сызба):



**4-сызба. Маркетингтік насихаттау әдістері**

**Насихаттау әдістерінің кешені** – жарнама, жеке сату және ынталандыру және сату процесін басқару, тікелей маркетинг, өткізууді ынталандыру және т.б. насихаттаудың бірнеше әдісін бір мезгілде қолдану.

- **Жарнама** – БАҚ арқылы берілетін ақылы ақпараттық хабарламаларды таратуға негізделген жылжыту әдісі. Үлкен аудиторияны қамтиды және бір мақсатты байланыс құны тәмен. Кемшілігі – кері байланыстың болмауы және ақпараттық өтінішті дербестендірудегі қызындықтар.
- **Жеке сату** – тауарды ауызша ұсыну, сату мақсатында әңгімелесуде жасалған, сатып алу қажеттігіне ақпарат беру және сендіру негізінде насихаттау әдісі. Кемшілігі – жоғары шығындар.
- **Қоғамдық байланыстар** (*public relations*) – коммерциялық маңызды мәліметтерді коммуникацияның бұқаралық тәсілдері арқылы тарату көмегімен тауарға, қызметке сұранысты

- ынталандыру, насихаттаудың жеке емес және тікелей төленбейтін өдісі. Қемшілігі – өдіс сату мақсатында тікелей қарым-қатынасты білдірмейді, тек ақпараттандыру және тарту;
- **Откізуді ынталандыру** (*promotion consumer*) – тұтынушының тауарды сатып алудың ынталандыратын маркетингтік қызметке негізделген насихаттау өдісі. Қемшілігі – тауарды немесе қызметті сатып алуды немесе сатуды көтермеледің ынталандыру шараларының уақытша болуы.
  - **Сауда делдалдарын ынталандыру** – маркетингтік арнаның (дистрибуторлық тізбектің) қатысуышыларымен өнімді өндірушіден сатып алушыға дейін өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешені және маркетингтік арна бойынша тауар мен қызметті насихаттау өдісі.

### **Өнімді өткізу өдістері**

Сатуды жүзеге асырудың төрт негізгі өдісі бар (5-сызба).

Кеңесшілік	сатушы (сауда агенті) клиентке техникалық мәселені шешуге көмектесетін кеңесшінің рөлін өзіне алған кезде жүзеге асыру кезіндегі өзара қарым-қатынастар
Аяқтаушы	сатып алушының ұсынылған өнімге тапсырысының табысты алынуын, іске асыру процесінің соңғы кезеңін көрсетеді
Өзара қарым-қатынас орнату арқылы сату	осы тәсілмен сатушы өз компаниясының клиентпен қарым-қатынасын орнатуға тырысады
Витринадағы өнімдердің орналасуы	бұл жағдайда сатушы клиентке барады, азық-түлік қорын орнатады және қажет болған жағдайда оларды ауыстырады немесе толықтырады

*5-сызба. Сатуды жүзеге асырудың негізгі өдістері*

Біріншісі – *көңесшілік*, яғни бұл – сатушы (сауда агенті) клиентке техникалық мәселені шешуге көмектесетін консультанттың рөлін өзіне алған кезде жүзеге асыру кезінде гі өзара қарым-қатынастар. Осылайша, ірі және қымбат заттарды сату жүзеге асырылады. Бұл теміржол компаниясына арналған локомотивтер, ұшақтар немесе ірі компьютерлік жүйелер болуы мүмкін. Мұндай өнімдердің әрқайсысына көңес беретін білікті маман керек. Сатушы өндіруші мен сатып алушы арасында бірнеше рет делдал болады. Қажет болған жағдайда ол басқа техникалық мамандардан көмек сұрай алады.

Екінші өдіс – *аяқтауши*. Бұл жағдайда сатушы өлеуетті тұтынушының көңессіне барады, өнімді көрсетуді жүзеге асырады және оны бірден сатып алуға сендіруге тырысады. «Аяқтауши» термині сатып алушының ұсынылған өнімге тапсырысының табысты алынуын, іске асыру процесінің соңғы кезеңін көрсетеді.

Үшінші өдіс – *өзара қарым-қатынас орнату арқылы сату*. Адамдар өнімді өздері білетін адамнан сатып алуға бейім екені белгілі. Бұндай тәсіл кезінде іске асыру сатушы өз компаниясының клиентпен қарым-қатынас орнатуға тырысады. Бұл қатынастар достық немесе таныстық негізінде болғандықтан, клиент өнімге, оны өндірушіге толық сенімді бола алады.

Төртінші өдіс – *витринадагы өнімдердің орналасуы*. Бұл жағдайда сатушы клиентке барады, азық-түлік қорын орнатады және қажет болған жағдайда оларды ауыстырады немесе толықтырады, яғни ол сату үшін қажетті деңгейде қор өнімдерін ұстап тұруға жауап береді. Нан, сүт және т.б. сияқты жаппай азық-түлік өнімдерін сататын бөлшек сауда кәсіпорындары өнімді жарнамалауды сатушы арқылы көбірек жүзеге асырады.

### **PPC, pay per click немесе контекстік жарнама**

Контекстік жарнама клиенттерді тарту бойынша жылдам нәтижеге жету қажет болған жағдайларда жиі қолданылады.

**PPC (Pay Per Click)** – өз жобаларының іздеу жүйелеріндегі, серіктес сайттардағы жарнамасы. Мұндай жарнама серіктес сайт бетінің негізгі іздеу нәтижелерінен жоғары немесе төмен

орналасады. Хабарландыруларды көрсету пайдаланушиның сұранысы мен мүдделеріне байланысты.

#### **PPC артықшылықтары:**

- жылдам іске қосылады және тез нәтиже береді (24 сағат);
- жылжыту бойынша жұмыстарды бастауға ыңғайлыш;
- маусымдық жобалар үшін тиімді;
- жарнама форматтары (ремаркетинг, Google сатып алу, КМС және т.б.) көп;
- жаңа тауарды тез тексеруге болады;
- сайттың жаңа дизайны мен өзгерістерінің тиімділігін тез тексеруге көмектеседі;
- девайста мақсатты аудиторияны алуға мүмкіндік береді.

PPC маусымдық жобалар үшін немесе қысқа мерзімде өз брендін жылжыту қажеттігі болған жағдайда өте қолайлы. Зерттеулер көрсеткендегі, контексттік жарнама брендтің танымалдығын 80%-ке арттыруға мүмкіндік береді, сондықтан оны Facebook және Amazon сияқты алыштар да пайдалануды жалғастыруды.

#### **PPC кемшіліктері:**

- жұмыс істеу ақылы;
- сапа маман мен талдаушының тәжіриbesіне байланысты.

### **SEO немесе іздеу жүйесін оңтайландыру**

SEO (Search Engine Optimization) – сайтқа кіруді арттыру үшін іздеу жүйелерін беру нәтижесіндегі сайт үстанымдарын жақсартуға бағытталған жұмыстардың жиынтығы (*76-сурет*).

#### **SEO артықшылықтары:**

- өлеуетті клиенттерді қамтуды арттыру ықтималдығының жоғары проценті;
- инвестициялардың өтелімділік көрсеткішінің үлғауы;
- дұрыс тәсілді қолданған жағдайда, жоғары позицияларды үстап тұрудың тұрақты нәтижелері;
- өз бизнесінің жоғары бөсекеге қабілеттілігі.

#### **SEO кемшіліктері:**

- SEO жылжыту өте ұзак процесс;
- іздеу оңтайландыруына салынудың алғашқы кезеңі айтартытай нәтижелер өкелмейді;
- күткен нәтижені қажетті уақыт ішінде алуға кепілдік жоқ.

Google

technodom

0 Нетрени 0 Суреттөр 28 Марш 0 Бейнес 1 Монж Көлкемдер менен Tools

Результаттар: примерек 1 320 000 (0,67 сек.)

**Магазин Technodom.kz™ в Алматы | Рассрочка 0-0-24 на Всё**  
[www.technodom.kz/](http://www.technodom.kz/) • +7 800 090-11-11  
 С 15 по 17 ноября рассрочка 0-0-24 на всё. Широкий ассортимент. Подарки за покупки.  
 Гарантия низкой цены. Доступно в кредит. Официальная гарантия. Бесплатная доставка.  
 Типы: Смартфоны, Телевизоры, Бытовая техника, Кухонная техника, Аудиотехника.

**Смартфоны в Алматы**  
 Низкие цены - Официальная гарантия  
 Доставка за 3 часа

**Телевизоры в Алматы**  
 Широкий ассортимент от 49 990 тенге  
 Ежедневная доставка за 3 часа

**Бытовая техника**  
 Холодильники, пылесосы, плиты и др.  
 Выбор лучшей цены, доставка за 3ч

**Ноутбуки в Алматы**  
 Широкий ассортимент от 39 990  
 Бесплатная доставка за 3 часа

**Интернет-магазин Sulpak | Большой Выбор Моделей**  
[www.sulpak.kz/](http://www.sulpak.kz/) • 8 (7272) 33 30 00  
 Выберите понравившийся товар и оформите в рассрочку до 12 месяцев по выгодной программе. Акционные товары! Быстрая доставка! Гарантия на все товары. Только белая техника! Магазины в самых городах. Возврат/Обмен 14 дней. Официальная гарантия.

Смартфоны Ноутбуки Планшеты Мониторы

### 76-сурет. PPC және SEO іздеу жүйесіндегі үлгісі

Нарықтық экономика жағдайында кез келген компания (көсіпорын) тауарды тұтынушыға насиҳаттау процесін оңтайландыру проблемасына ерекше назар аударады. Өйткені өнімді сату нәтижелері оның барлық өндірістік қызметінің табысын және нарықтағы өз секторын жаулап алумен тығыз байланысты.

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Насихаттау дегеніміз не?
2. Жарнаманы қандай жағдайларда қолданады?
3. Сатуды жүзеге асырудың негізгі әдістері қандай?
4. Маркетингтік насиҳаттаудың қандай әдістері бар?
5. Контекстік жарнама дегеніміз не?

#### Ойланайық, талқылайық

1. Контекстік жарнаманың артықшылықтарын талқылаңдар.
2. Іздеу жүйесінде насиҳаттаудың қандай кемшіліктері бар?

Сатуды жүзеге асырудың өдістерін талдай отырып, оларға сипаттама беріңдер:

Кеңесшілік	Аяқтаушы	Өзара қарым-қатынас орнату арқылы сату	Витринадағы өнімдердің орналасуы

**A тапсырмасы.** Интернетті пайдаланып, өздеріңе ұнаған өлемге әйгілі компаниялардың тізімін Excel-де жасаңдар.

**B тапсырмасы.** Осы тізімнен бір үйымды таңдап, оны насиҳаттау және жылжыту өдістерін қарастырыңдар.

**C тапсырмасы.** Өздерің таңдаған компанияның жылжыту өдістері туралы бүктеме жасаңдар. Өдістерге қосымша ұсыныстарың бар ма?

«Он сұрақ» әдісі арқылы білімдеріңе сүйене отырып, тақырыпты түйіндендер.

- Интернеттен не қосымша дереккөздерден насиҳаттау кешені жайлы ақпарат тауып жазыңдар.
- Үйлеріңдің жанындағы дүкенге барып, витринадағы өнімдердің орналасуына баға беріңдер. Сатуды жүзеге асыруға қойылатын талаптарға сәйкес келе ме екен?

## §23–24. IT Startup және жарнама

### Естерінде түсіріндер:

- насихаттау дегеніміз не?
- жарнаманың қандай жағдайларда қолданады?
- сатуды жүзеге асырудың негізгі әдістерін атаңдар.

### Менгерлөтін білім:

- жарнамалық үндеу;
- жарнамалық үндеу өзірлеу процесстері;
- инфографиканы маркетингте қолдану.

### Сөздік:

Жарнамалық үндеу – Рекламное обращение – *Advertising appeal*

Инфографика – Инфографика – *Infographic*

Жарнамалық үндеу – нақты объектісі бар (мәтіндік, көрнекі, дыбыстық, символикалық және т.б.), дайын жарнамалық өнім, оның көмегімен жарнама беруші өз клиенттеріне жүгінеді.

Жарнамалық үндеудің қалай жасалатындығы жарнама науқанының табыстылығына байланысты. Әрбір өтінішті бірреттік өнім ретінде емес, фирмалық көпқырлы бейнесіне улес ретінде қарастыру керек.

Жарнама – қандай да бір компанияның атынан идеяларды, тауарларды, қызметтерді ұсыну және жылжыту. Жарнама – нақты көрсетілген қаржыландыру көзі бар ақпаратты таратудың ақылы құралдары арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның белгілі бір функциясы.

### Жарнамалық үндеуді өзірлеу процесі

Жарнамалық үндеуді өзірлеу процесі мынадай кезеңдерді қамтиды:

- Жарнама мақсатын анық түсінү.
- Жарнамалық-маркетингтік зерттеулер нәтижелерін жүргізу және талдау.
- Шығармашылық жарнамалық стратегияны және жарнамалық идеяларды жасау. Айналым стилі мен тонын таңдау.
- Айналым құрылымын анықтау және оның негізгі элементтерін құру.
- Композицияны және жарнамалық модульдің макетін құру.

Жарнама идеясы сөз берілген бейнелер арқылы көрсетілуі тиіс. Тиісінше, құрылымдық құрайтын жарнамалық хабарландыруды екі топқа бөлуге болады:

- 1) мәтіндік;
- 2) бейнелеу.

Жарнамалық хабарландырудың *мәтіндік* элементтері:

- тақырыбы;
- ұраны;
- кіріспе бөлім;
- ақпараттық блок;
- анықтамалық мәліметтер;
- жаңғырық-фраза.

Негізгі *бейнелеу* элементтері:

- суреттер;
- қаріптер;
- түстер;
- сыйыштар және басқа графикалық элементтер;
- «ая» (бос орындар);
- хабарландыру объектісі.

### Маркетингтік жарнамалауда инфографиканы қолдану

Графикалық құралдарды пайдаланбай, ақпаратты баяндауды елестету қын. Ақпараттың үлкен көлемін тез және жинақы баяндаудың жаңа тәсілі трендке айналды. Бұл материалды тиімді беру қажеттілігі артып келеді.

Инфографика – ақпаратты берудің ең тиімді түрлерінің бірі. Бас миының функцияларын зерттеу бизнес-коммуникация құралы ретінде инфографика мақсаттылығының қорытындыларына алып келеді. Мидың 50%-і тікелей немесе жанама түрде көру естеліктерімен байланысты.

Инфографика (лат. *informatio* – хабарлау, түсіндіру, баяндау және т.б. – грек. γραφικός – жазбаша, γράφω – жазамын) – ақпаратты, деректерді және білімді берудің графикалық тәсілі. Графикалық және коммуникациялық дизайн объектілерінің бірі.

*Ерекшеліктері:*

- ұсынылатын ақпаратпен ассоциативті түрде байланыстағы графикалық объектілер;
- пайдалы ақпараттық жүктеме;
- әсерлі ұсыну;
- тақырыпты анық және мағыналы ұсыну.

Инфографика өртүрлі болып келеді. Олар пайдаланылатын объектілер мен ақпарат ағындарының мақсатына, түрлеріне байланысты жіктеледі. Инфографика өрқашан белгілі бір санатқа қатаң түспейді.

Инфографиканың ең көп тараған бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады.

## 1. Статистикалық инфографика

Статистикалық инфографика фактілер мен сандарды көрсетеді. Ол сонымен қатар деректер арасындағы тәуелділікті визуалды турде беруі мүмкін. Мысалы, адам денсаулығының қолданатын дәрумендер мен тамақтануларға тәуелділігі. Бұл – инфографиканың ең қарапайым түрі (77-сурет).



77-сурет. Статистикалық инфографика

## 2. «Карталар» инфографикасы

Карта инфографикасы, әдетте, блогтар мен интернет-БАҚтарға қажет. Алайда егер сендердің карта инфографикаларың қандай да бір ақпаратты білдірсе және егжей-тегжейлі түсініруді талап етпесе, оны әлеуметтік желілерде батыл пайдалана аласындар.

Егер инфографикада резонанс туғызатын сөт болса, онда ол әлеуметтік желілерде жоғары белсенделілікке ие болады.

### 3. «Иерархия» инфографикасы

Инфографиканың мұндай түрі статистика ретінде қолданылады – сайтқа тұрақты бөлімге ілінеді. Бұл компанияның кез келген үдерістегі немесе шешім қабылдау жүйесін сипаттау болуы мүмкін. PR-мақсатта ол ішкі PR қажеттілігі үшін – компанияның жұмыс тәртібі және ережелерін жаңа қызметкерлерге таныстыру мақсатында жұмыс орындарында сызба түрінде ілінуі мүмкін (78-сурет).

### Маслоу қажеттілігі иерархиясы



78-сурет. «Иерархия» инфографикасы

### 4. «Матрица» инфографикасы


Мұндай инфографика бір мәселеге арналған әртүрлі деректер жиынтығын көрсетеді. Мұндай контенттің басты мақсаты – суреттегі күрделі деректер мен процестерді түсіндіру (79-сурет).



79-сурет. «Матрица» инфографикасы

## 5. «Фото» инфографикасы

Бұл инфографика (*80-сурет*) журналдарда жиі шығады. Мысалы, сапалы фотосурет жасауды ұсынуға болады. Редакцияның ақпарат жинаудағы көмегі ұзақмерзімді қарым-қатынас түрінде бонустар әкеледі.



*80-сурет. «Фото» инфографикасы*

Инфографикамен жұмыс істеуге арналған тегін немесе тарифы төмен сервистер:

### 1. Canva


Ең танымал өрі қарапайым Canva сервисі (*81-сурет*). 1 миллионнан астам суреттер, соның ішінде инфографика ұлгілері, орыс тіліндегі түсінікті интерфейсі бар (<https://www.canva.com/>).



*81-сурет. Canva сервисі*

## 2. Piktochart


Piktochart құралы (82-сүрет) тек инфографика ғана емес, презентациялар, есептер, флајерлер мен постерлер (Canva сияқты) жасауға мүмкіндік береді. Тегін тарифте әртүрлі типтегі шексіз иллюстрациялар жасауға болады, 4 мыңдан астам суреттер мен логотиптер қолжетімді. Дайын иллюстрацияларды сақтауға, сондай-ақ өлеуметтік желілерде орналастыруға болады (<https://piktochart.com/>).



82-сүрет. *Piktochart* құралы

## 3. Infogram

Сендер Infogram-да (83-сүрет) сызбалар, карталар мен графиктерді жасай аласыңдар, сонымен қатар инфографикада одан әрі пайдалану үшін, фотосуреттерің мен видеоларыңды толтыра аласыңдар. Бекітілген кодты қолдана отырып, сайтта тегін 37 кесте шаблондары мен 13 картаны, сонымен қатар инфографиканы орналастыруға болады (<https://infogram.com/>).



83-сүрет. *Infogram* сервиси

#### 4. Easel.ly

Бұл қызмет түпнұсқаны жіберуді қажет етпейтін жылдам онлайн-инфографиканы құру үшін қолданылады. Мысалы, Easel.ly-ді (84-сурет) құру Infogram-ға ұқсас, бірақ одан айырмашылығы, ол тек статикалық кескіндер жасауға мүмкіндік береді, ал Infogram-да диаграммалар анимацияланады (<https://www.easel.ly/>).



84-сурет. Easel.ly сервиси

Осылайша, инфографика клиенттерге, қызметкерлерге және инвесторларға маркетингтік қарым-қатынас жасау үшін та- маща құрал болып табылады. Инфографика көмегімен кез келген бизнес-ақпаратты қажетті аудиторияға толық жеткізуге болады. Бұл жағдайда инфографика ақпараттың қолжетімдігін қамтамасыз ете отырып, жарнама рөлін атқарады. Толығырақ <https://ru.venngage.com/blog/> сілтемесінен көріндер.

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Жарнама дегеніміз не?
2. Жарнамалық үндеу дегеніміз не?
3. Жарнамалық үндеуді қандай уақытта қолданады?
4. Инфографика дегеніміз не?
5. Инфографиканың маркетингпен байланысы қандай?
6. Инфографика әзірлейтін қандай тиімді сервистерді біле- сіндер?


1. Инфографиканың ерекшеліктері неде?
2. Жарнамалық үндеуді өзірлеу процесі жайлыш не білесіндер?
3. Жарнамалық хабарландыру қандай топтарға бөлінеді?

Статистикалық инфографика мен фото инфографиканың айырмашылығы қандай? Салыстырыңдар.

**A тапсырмасы.** Компьютердің көмегімен Интернетте Easel.ly және Canva сервистерінде жұмыс істеп көріңдер.

**B тапсырмасы.** *www.canva.com* сайтында жарнамалық инфографика өзірлеу.

1. Браузерді ашып, іздеу жолақшасына *www.canva.com* сілтемесін пернетақтадан енгізіндер.
2. Суреттегідей терезе ашылады:




*www.canva.com* терезесі

3. Ең алдымен, Canva сервисінде жұмыс жасау үшін тіркелу қажет, ол үшін жоғары, он жақ шетіндегі Тіркелу түймесін басамыз.

**Кез келген  
нәрсениң  
дизайнын  
жасаңыз.  
Кез келген жерде  
жариялаңыз.**

Аккаунт жасаңыз, оған ақса алаадыңыз.  
Сайта — жана бастиналылар мен мамандар, топтар мен жеке пайдапалылар үшін  
таптырымас құрал.



Зұрын ғылымиңса бай! Үзде.

*Tіркеу төрөзесі*

#### 4. Жарнама ретінде бір идея ойлап табындар.

**С тапсырмасы.** Инфографика түрін таңдал, өздерінің жарнама инфографикаларында жасандар.

Ой белсейік

Маркетингтік жарнамалауда инфографиканы қолдану тиімді деп ойласындар ма? Сендер өз жарнамаларында қандай инфографика түрін қолданар едіндер? Неліктен?

Үйде орындаібың

1. Инфографиканың басты бес түріне сипаттама беріңдер:

Статистикалық	Карталар	Иерархия	Матрица	Фото

2. Интернеттен түрлі инфографикалық жарнамаларды қарап, олардың ұтымды жақтары мен кемшіліктерін талдандар.

## §25–26. Маркетингтік жарнама жасау (инфографика). Практикум

**Мақсаты:**

- 1) Маркетингтік жарнама жасап үйрену;
- 2) *www.canva.com* сервисін пайдаланып, инфографикалық жарнама өзірлеу.

Откен сабакта біз жарнаманың түрлері және жарнамалық инфографика жасауға арналған сервистерді, ең жиі қолданылатын логикалық операцияларды қарастырдық. Бұгін откен сабакты бекіту мақсатында *www.canva.com* сервисімен жұмыс жасаймыз.

**Жұмысты орындау реті:**

1. Жұмысты бастамас бұрын, ең алдымен, *www.canva.com* сайтында тіркелу қажет. Ол үшін жоғарыда орналасқан тіркелу батырмасын басып, өз аттарыңды, электронды пошталарыңды енгізіндер және пароль жазындар.

**Аккаунтыңызды жасау**

Дизайн жасауга ап-сәтте кіріспін кетесіз.

Аты

Эл.пошта

Күтіясоз

Кем дегенде 8 таңбаны және арттер, сандар мен таңбаларды араластырып енгізіміз.

Используйте комбинацию из букв, чисел и символов. Минимальное количество знаков: 8.


Тегін бастаңыз!

Тіркелу арқылы сіз Canva платформасының пайдалану шарттарымен және Купивых савкатымен келіседіз.

Бұрын тіркелгенсіз бе? [Хорош](#)

*Сайтқа тіркелу*

2. Тіркеуден өткеннен кейін тәмендегідей терезе пайда болады, Студент үяшығын таңдандар.




*Басты терезе*

3. Ашылған терезеден «Инфографика» үяшығын таңдандар.



*Жұмыс алаңы*

4. «Инфографика для образования» деген мәзірден үшінші үлгіні таңдандар: «Simple steps to safety bicycle».
5. Енді инфографикамызды түзетуге көшеміз:
- тақырыбын: «Информатика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелері» деп енгіземіз;
  - астына: информатика кабинетінің қауіпсіздік ережелерін жазып, жанына суреттерін қоямыз;
  - қалағанымызша дизайнын өзгерте аламыз, ол үшін сол жақ терезеден керекті үлгілерді таңдаймыз (мәтін, сурет, символ т.б.).



### Инфографиканы жөндеу

6. Барлық түзетулерді енгізгеннен кейін, дайын инфографиканы сақтаймыз, ол үшін **Жұктеу ⇒ Файл типін анықтау ⇒ Суретті жүктеу батырмаларын басамыз.**



Дайын инфографика

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Алғаш рет «Startup» терминін енгізген кәсіпкер:

- A. Стив Бланк.
- B. Стив Джобс.
- C. Павел Дуров.
- D. Марк Цукерберг.
- E. Билл Гейтс.

2. Бос орынды толтырындар:

... операциялық қызметінің қысқа тарихы бар ... . . . . .

3. Инвестицияны жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, мемлекет:

- A. Пайдаланушы.
- B. Тұтынушы.
- C. Профессор.
- D. Инвестор.
- E. Кәсіпкер.

4. Сәйкестендіріндер:

- |                            |  |
|----------------------------|--|
| 1) Прототип                | a. Қолданушылардың шағын тобы шақырылады, олар өздерінің пікірлері мен тілектерін айтады |
| 2) Альфа-нұсқа (өнім/жоба) | ә. Жобаны насихаттау және пайдаланушыларды тарту жүреді                                  |
| 3) Жабық бета нұсқасы      | б. Кемшіліктерін анықтау және оларды жою мақсатында өнімді тестілеу жүргізіледі          |
| 4) Ашық бета нұсқасы       | в. Негізгі функциялар берілген жұмыс моделі құрылады                                     |

5. Стивен Брэдфорд ұсынған Crowdfunding-тің базалық модельдері:

- |       |       |
|-------|-------|
| A. 1. | D. 4. |
| B. 2. | E. 5. |
| C. 3. |       |

- 6. Қазақстанда Crowdfunding іске қосылған жыл:**
- A. 2014.
  - B. 2015.
  - C. 2016.
  - D. 2017.
  - E. 2018.
- 7. Ең ірі отандық Crowdfunding платформасы:**
- A. Domen.kz.
  - B. Morapp.kz.
  - C. Starttime.kz.
  - D. Lincoln.kz.
  - E. Egov.kz.
- 8. Бос орынды толтырыңдар:**  
Маркетингтік насиҳаттау әдістері: ..., ..., ..., ....
- 9. Идеяларды, тауарларды, қызметтерді қандай да бір компанияның атынан ұсыну және жылжыту объекті:**
- A. Делдал.
  - B. Маркет.
  - C. Жарнама.
  - D. Мобильді қосымша.
  - E. Инвестор.
- 10. Инфографикамен жұмыс істеуге арналған сервистер:**
- A. Instagram, Wechat.
  - B. Canva, Piktochart.
  - C. Infogram.
  - D. Java, Delphi.
  - E. Starttime, Navi.
  - F. MovieAvie.
  - G. Easel.ly

## 4-БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

«IT Startup» бөлімінде сендер жаңа Startup түсінігімен, Crowdfunding платформаларының жұмыс істеу қағидалары және Қазақстандағы танымал платформалармен, жасалған дайын өнімді насиҳаттау және оны сату жолдарымен, маркетингтік жарнама жасау, инфографика түсінігі, оның түрлері мен оны маркетингте қолдану, сондай-ақ инфографикамен жұмыс істеуге арналған сервистермен таныстындар.

Жалпы алғанда, Startup кез келген жас бизнес болып табылады және ағылшын тілінде сейлайтін елдерде бұрыннан қолданылады. Алайда XXI ғасырда бұл термин IT аймағында көптеп қолданыла бастады – осыдан кейін IT Startup пайда болды.

Осылайша, IT Startup бөлімінде алған білімнің көмегімен сендер қарапайым өмірде немесе болашақта өздеріңің Startup-тарынды құрып, еш кедергісіз жасалған жобаларынды жарнамалау арқылы сәтті жүзеге асыра аласындар деп үміттенеміз.

### Глоссарий

**Инвестор** – инвестицияны жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, мемлекет.

**Crowdfunding** – Интернет арқылы қатысуышылардың көп санынан аздаған ақша қаражатын жинау жолымен жобаны қаржыландыру практикасы.

**Starttime.kz** – қызықты әрі пайдалы идеялардың авторларына ұжымдық қолдау арқылы жобаны іске асыруға қаражат табуға көмектесетін сервис.

**Насихаттау** – клиенттерді, контрагенттерді, серіктестер мен қызметкерлерді белгілі бір коммуникативті ынталандыру арқылы сату нәтижелілігін арттыруға бағытталған іс-әрекет.

**Жарнамалық үндеу** – нақты объектісі бар (мәтіндік, көрнекі, дыбыстық, символикалық және т.б.), дайын жарнамалық өнім, оның көмегімен жарнама беруші өз клиенттеріне жүгінеді.

**Жарнама** – БАҚ арқылы берілетін ақылы ақпараттық хабарламаларды таратуға негізделген жылжыту әдісі.

**Инфографика** – ақпаратты, деректерді және білімді берудің графикалық тәсілі.

## 5-БӨЛІМ

# ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

### Күтілетін нәтижелер:

- Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдауды;
- ақпараттарды және зияткерлік мемлекеттік (1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы», 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қолжеткізу туралы», 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Зандауры) қорғаудың қажеттілігін негіздеуді;
- цифрлық қолтаңба мен сертификаттың мақсатын сипаттауды;
- электронды үкімет порталында электронды цифрлық қолтаңбаны қолдануды;
- электронды үкімет порталының функцияларын сипаттауды үйренисіндер.

## §27. Қазақстандағы цифрландыру

### Естерінде түсіріндер:

- мобиЛЬДІ қосымшаның интерфейсін құру;
- мобиЛЬДІ қосымшаларды құру, конструктивті мобиЛЬДІ қосымша жасау;
- мобиЛЬДІ қосымшаны орнату жолын түсіндіру;
- Startup түсінігі;
- Crowdfunding платформасының жұмысы істеге принциптері;
- өнімді насиҳаттау және сату жолдары;
- маркетингтік жарнама жасау.

### Сөздік:

Цифрландыру – Цифровизация – *Digitalization*

Инфрақұрылым – Инфраструктура – *Infrastructure*

Цифрлық сауаттылық – Цифровая грамотность – *Digital literacy*

Электронды сауда – Электронная торговля – *Electronic commerce*

Қаржылық технологиялар – Финансовые технологии – *Financial technology*

«Ақылды» қала – «Умный» город – *«Smart» city*

### Менгерілетін білім:

- Қазақстандағы цифрландыру процесі;
- цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістери.

### Қазақстандағы цифрландыру бағыттары:

- ел экономикасының басты салаларында цифрлық технологияларды әзірлеу, енгізу және дамыту;
- қазақстандықтарға Интернет және 4G (болашақта 5G) мобиЛЬДІ байланысына барлық жерден кеңжолақты қолжетімдік ұсынатын инфокоммуникациялық инфрақұрылымды қеңейту;
- онлайн ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту мен санын арттыру. Бұл бюрократия мен жемқорлықты төмендетуге, сондай-ақ мемлекеттік органдарды неғұрлым тиімді және ашық етуге мүмкіндік береді;
- электронды коммерцияны дамытуға белсенді ықпал ету арқылы кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер мен қолайлар жағдайлар жасау;
- отандық IT секторды дамытуға, сондай-ақ Қазақстандағы білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыруға ықпал ететін, халықтың жалпы цифрлық сауаттылығын арттыру.

Қазақстандағы цифрландыру – Қазақстан экономикасын дамыту қарқынын жеделдетуге және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға арналған үдеріс.

## **«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы**

2017 жылғы бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың бес негізгі бағыты бар:

- 1. Экономика салаларын цифrlандыру** – озық технологиялар және мүмкіндіктерді пайдалана отырып, капиталданырудың өсуі мен еңбек өтімділігін арттыратын ҚР экономикасының әртурлі салаларын қайта құру (*6-сызба*).

### **Міндеттері**

Өнеркәсіпті және электр энергетикасын цифrlандыру

Көлік пен логистиканы цифrlандыру

Ауылшаруашылығын цифrlандыру

Электронды сауданы дамыту

Қаржылық технологиялар мен қолма-қол ақшасыз төлемдер

*6-сызба. Экономика салаларын цифrlандыру міндеттері*

- 2. Цифрлық мемлекетке өту** – халық пен бизнестің сұранысын алдын ала болжай отырып, қызметтер көрсету үшін мемлекеттің инфрақұрылымын қайта құру (*7-сызба*).

### **Міндеттері**

Мемлекет – азаматтарға

Мемлекет – бизнеске

Мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифrlандыру

«Ақылды» қалалар

*7-сызба. Цифрлық мемлекетке өту міндеттері*

- 3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру** – деректерді беру, сақтау және өндеудің жоғары жылдамдықтағы және қорғалған инфрақұрылымын бүкіл аумакты дамыту (*8-сызба*).

## Міндеттері

Еліміздің барлық аумағында байланыс желілері мен АҚТ инфрақұрылымын қамтуды көздейту

АҚТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

### 8-сызба. Цифрлық Жібек жолын іске асыру міндеттері

4. **Адами капиталды дамыту** – креативтік қоғам құруды және жаңа нақтылықтар – білімдер экономикасына өтуді қамти-тын түрлендірулер (9-сызба).

## Міндеттері

Орта, техникалық және жоғары көсіби білім берудегі цифрлық сауаттылықты арттыру

Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру  
(даярлау, қайта даярлау)

### 9-сызба. Адами капиталды дамыту міндеттері

5. **Инновациялық экожүйені құру** – бизнес, ғылым саласы және мемлекет арасында берік байланысы бар технологиялық көсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ инновацияларды енгізу үшін жағдай жасау (10-сызба).

## Міндеттері

Инновациялық даму аландарын қолдау

Технологиялық көсіпкерлікті, Startup мәдениетін және ФЗТКЖ (ғылыми-зерттеу тәжірибе конструкторлық жұмыстар) дамыту

Венчурлық қаржыландыруды тарту

Инновацияларға сұраныс

### 10-сызба. Инновациялық жүйені құру міндеттері

## Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері

**Bigdata** (Ұлken деректер) – деректер қорымен жұмыс істеу үшін дәстүрлі тәсілде жиі пайдаланылмайтын ұлken көлемді ақпаратты сақтау, ұйымдастыру және зерттеу өдістері. Қебінесе құжаттар мен бейнетаспалардың ретсіз жиынтықта орналасқанынан туындағының қызыншылықты өндөу арқылы толықтай жүзеге асырады және бәсекелестердің қызметін талдауға, өз клиенттері туралы ақпаратты біріктіруге мүмкіндік береді. Осылайша, бұл қызмет көрсету деңгейін жақсартуға, шығындарды оңтайланыруға, қызметтер немесе өнім сапасын арттыруға, сатуды ұлғайтуға өкеледі.



**Blockchain** технологиясы. Ақпарат белгілі бір ережелер бойынша дәйекті түрде құрылған және қебінесе түрлі компьютерлерге таратылады. Осылайша, әртүрлі компьютерлер арасында ақпаратты бірнеше рет қайталаудың және бөлудің арқасында бірнеше маңызды артықшылықтарға қолжеткізеді, атап айтқанда:

- технологияның сенімділігі, өйткені деректер пайдаланушылар арасында бірнеше рет қайталаған;
- орталықсыздандыру, өйткені бірыңғай басқару орталығы жоқ;
- ашықтық – әрбір пайдаланушының жаңартылған деректер көшірмесі бар, өйткені ақпаратты қасақана бүрмалау әрекеті жедел анықталатын болады.



**«Smart» city** («Ақылды» қала) – қалалық мұлікті және қала көрсететін қызметтерді басқару тұжырымдамасы. Ол білім, көлік, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды басқару және тағы басқаларды қамтиды. Тұжырымдаманың мақсаты – қала тұрғындарына қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру, сондай-ақ адам капиталының сапасын арттыру арқылы өмір сұру сапасын жақсарту.



Қазақстандың цифрландырудың түпкі мақсаты – ортамерзімді дамуда цифрлық технологияларды пайдалану есебінен

республика экономикасының даму қарқынын жеделдешу жөне халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының ұзақмерзімді даму жоспарында Болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін дамудың қағидалы жаңа траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасау.

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Цифрландыру процесі адам өміріне қандай өзгерістер алып келеді?
2. Қазақстандағы цифрландыру бағыттары қандай?
3. Қазақстандағы цифрландыру бағыттары толық жүзеге асырылу үшін қандай негізгі міндеттерді атқару керек?
4. Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы заманауи үрдістері қандай?
5. Bigdata процесі деген не?
6. «Smart» city процесінің түпкі мақсаты қандай?

#### Ойланайық, талқылайық

1. Қазақстандағы цифрландырудың басты идеясы неде?
2. «Кластер» әдісін пайдаланып, Цифрлық Қазақстан туралы түжірымды талқылаңдар.



#### Талдап, салыстырайық

Келтірілген теориялық материалдардан басқа да ақпарат көздерін пайдалана отырып, Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы заманауи үрдістерінің артықшылықтарын талдап, салыстырыңдар.

Цифрландыру процесінің ағымдағы заманауи үрдістері	Артықшылықтары
Bigdata процесі	
Blockchain технологиясы	
«Smart» city процесі	



### Компьютерде орындаіық

**A тапсырмасы.** Интернетті пайдаланып, Қазақстанда цифрландыру бағыттарын жүзеге асыру міндеттері туралы ақпаратты табыңдар.

**B тапсырмасы.** Кез келген графикалық программаны қолдана отырып, Қазақстандағы цифрландыру бағыттарының жүзеге асыру міндеттерінің инфографикасын ойластырып, жоба жасандар.

**C тапсырмасы.** Интернеттен еліміздегі электронды, виртуалды білім беру технологияларын енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды қамтып, презентация жасандар.



### Ой белісейік

1. Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерінің пайда болуы мен шетелдік тәжірибе нәтижелері қандай екендігі жайында қосымша ақпарат көздерінен ез беттеріңше іздел, ой белісіндер.
2. Білім беру жүйесінде цифрландыру процесін қалай тиімді пайдалануға болады?



### Үйде орындаіық

«Қазақстандағы цифрландырудың басты бес бағыты және олардың міндеттері» тақырыбына Canva (<https://www.canva.com/>), Piktochart (<https://piktochart.com/>) немесе Infogram (<https://infogram.com/>) сервистерінің біреуін таңдап, постер жасандар.

## §28. Ақпараттарды құқықтық қорғау

### Естерінде түсіріндер:

- Қазақстандағы цифрландыру процесі;
- цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістери.

### Менгерілетін білім:

- ақпараттарды құқықтық қорғаудың қажеттілігі;
- зияткерлік меншікті құқықтық қорғаудың қажеттілігі.

### Сөздік:

**Зияткерлік меншік – Интеллектуальная собственность – *Intellectual property***

**Авторлық құқық – Авторское право – *Copyright***

**Патенттік құқық – Патентное право – *Patent right***

**Ақпараттық ресурстар – Информационные ресурсы – *Information resources***

**Құпия ақпарат – Конфиденциальная информация – *Confidential information***

**Жалпы ақпарат – Общедоступная информация – *Publicly available information***

**Коммерциялық құпия – Коммерческая тайна – *Trade secret***

Дербес деректер құпия ақпарат санатына жатады. Тұлғаның жеке өмірі туралы ақпаратты (сот шешімі болмаса) оның келісімінсіз жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді. Дербес деректер азаматтарға мүлкітік және моральдық зиян келтіру мақсатында пайдаланылмайды. Өз өкілеттіктеріне сәйкес азаматтар туралы ақпаратты иеленетін, пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қолжеткізу туралы», 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» Зандары).

Коммерциялық ақпарат – коммерциялық құпияны құрайтын төмендегі ақпараттар жиынтығы:

- оның үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе өлеуетті коммерциялық құндылығы бар;
- оған заңды негізде еркін қолжетімдік жоқ;
- ақпарат иесі оның құпиялығын қорғау шараларын қолданады.

**Ақпаратты қорғау – пайдаланушыға ақпарат беру тәртібін белгілеу (орнын, уақытын, жауапты лауазымды тұлғаларды, сондай-ақ пайдаланушылардың ақпаратқа қолжеткізу шарттарын қамтамасыз ететін қажетті ресімдерді көрсету).**


**Коммерциялық құпия** – рұқсаты шектеулі құпия ақпараттың бір түрі.

**Коммерциялық құпияның құрайтын ақпарат** – жалпы мағынада коммерциялық сипаттағы деректер.

**Зияткерлік меншік** – бірінші кезекте, шығармашылық қызметтің нәтижелеріне, сондай-ақ нақты тізбесі заңнамамен белгіленетін, оларға теңестірілген кейбір өзге де объектілерге жеке, мүліктік сипаттағы айрықша құқықтардың жиынтығы.

Зияткерлік меншік объектілерін қорғау мен пайдалануға байланысты қатынастар азаматтық құқықты реттеу болып табылады. Зияткерлік меншік объектілерінің елеулі ерекшеліктерінің ортақтығын және құқық көздерінің қалыптасқан жүйесін ескере отырып, оларды төрт дербес институтқа бөлуге болады (11–14-сызбалар).

#### Авторлық құқық және сабактас құқықтар институты



**11-сызба. Авторлық құқық және сабактас құқықтар институты**

## Патенттік құқық институты



## 12-сызба. Патенттік құқық институты

### Азаматтық айналымға қатысушыларды және олар өндіретін өнімдерді дараландыру құралдарының институты



## 13-сызба. Азаматтық айналымға қатысушыларды және олар өндіретін өнімдерді дараландыру құралдарының институты

## Дәстүрлі емес зияткерлік меншік объектілерін қорғау институты



### 14-сызба. Дәстүрлі емес зияткерлік меншік объектілерін қорғау институты

ҚР Конституциясы зияткерлік меншікті қорғау құқығына кепілдік береді. Қазіргі жағдайда ғылыми қызмет нәтижелеріне зияткерлік меншікті құқықтық қорғауды күшейту – өте өзекті мәселе. Айрықша құқықты бұзушыдан оның кінәсі болған жағдайда залалдарды өндіріп алу және оған басқа да жауапкершілік шараларын қолдану жүргізіледі (1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Зандары).

Сұрақтарға жауап берейік

1. Дербес деректер деген не?
2. Коммерциялық ақпаратқа нелер жатады?
3. Шығармашылық жұмыс нәтижесінің авторы кім болып табылады?
4. Ақпаратты қалай қорғауға болады?

5. Ақпараттық ресурстар иегерлерінің міндеттері мен жауапкершілігіне нелер жатады?
6. Коммерциялық ақпаратты қорғау өдістері қандай?
7. «Зияткерлік меншік» түсінігі қалай анықталады?

#### Ойланайық, талқылайық

1. Ақпараттарды құқықтық қорғаудың маңызы неде?
2. Қазақстанда ақпараттарды заңмен қорғау қандай деңгейде қамтамасыз етілген?

#### Талдап, салыстырайық

Келтірілген теориялық материалдардағы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қолжеткізу туралы», 2003 жылғы 7 қанчтардағы «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы», 1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Зандарына тақырыпқа сәйкес талдау жұмыстарын жүргізіндер.

#### Компьютерде орындаібы

**A тапсырмасы.** Мәтіндік редакторды қолдана отырып, төмендегі әрбір тақырып бойынша негізделген, дәлелденген ақпараттардан («Ақпаратқа қолжеткізу туралы», «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы», «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Зандардан алу керек) хабарлама даярландар.

#### Тақырыптар:

1. Заманауи Қазақстанда авторлық құқықты қорғау мәселелері.
2. Қазақстан Республикасындағы коммерциялық құпия және оны қорғау.
3. Ақпаратқа қолжетімдік құқықты жүзеге асыру.
4. Ақпараттық ресурстар жекеменшік объект ретінде.

**B тапсырмасы.** Бір тақырыпты таңдап, презентация түрінде таңдалған тақырыптың артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасандар.

**C тапсырмасы.** Мына жағдайда құқықбұзушылық бар ма? Ойларынды дәлелдендер.

Өншінің айтқан әнін басқа бір кісі рұқсатсыз өз парапашында жарияладап, көрілім жинағы. Бұл дұрыс па? Жалпы ән кімге тиесілі:

- әншіге,
- ақынға,
- композиторға,
- продюсерге?

**Ой бөлісейік**

«Қазақстанда ақпараттарды құқықтық қорғау қандай деңгейде жүргізіліп келеді? Ақпараттарды құқықтық қорғау бойынша қай елдердің тәжірибесі көш бастап түр?» сұрақтары бойынша қосымша ақпарат көздерінен өз беттерінде ізденіп, сыныптастарыңмен ой бөлісіндер.

**Үйде орындаібы**

**1. Кестені толтырыңдар.**

Институттар	Объектілері	Субъектісі	Нысаны
Авторлық құқық және сабактас құқықтар институты			
Патенттік құқық институты			
Азаматтық айналымға қатысушыларды және олар өндіретін өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) дараландыру құралдарының институты			
Дәстүрлі емес зияткерлік мешік объектілерін қорғау институты			

**2. Өз отбасыларыңың құқығы бұзылмау үшін не істейсіндер?**

## §29–30. Электронды цифрлық қолтаңба және сертификат

### Естерінде түсіріндер:

- ақпараттарды құқықтық қорғаудың қажеттілігі;
- зияткерлік менишікті құқықтық қорғаудың қажеттілігі.

### Менгерілетін білім:

- электронды цифрлық қолтаңба;
- сертификат;
- электронды цифрлық қолтаңба қызметі;
- сертификат қызметі.

### Сөздік:

**Электронды цифрлық қолтаңба** – Электронная цифровая подпись – *Electronic digital signature*

**Тіркеу күелігі** – Сертификат – *Certificate*

**Жеке күелік** – Удостоверение личности – *Identity card*

**Тіркеу күелігінің иесі** – Владелец регистрационного свидетельства – *Holder of the registration certificate*

**Электронды құжат** – Электронный документ – *Electronic document*

Қазақстанда электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦК) 2008 жылы енгізілді. Оның көмегімен үйден шықпай-ақ көптеген мемлекеттік қызметтерді алуға болады.

### Электронды цифрлық қолтаңба дегеніміз не?

**Электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦК)** – электронды тіркеу күелігін (сертификат) және ЭЦК-ның жабық кілтін пайдалана отырып, ақпаратты криптографиялық түрлендіру нәтижесінде алынған электронды құжаттың деректемесі.

**Электронды цифрлық қолтаңбасы пайдалану** – өз қолымен қойылған қолтаңбаны толық ауыстыру.

«Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба турали» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес «тіркеу күелігі», халықаралық тәжірибеде «сертификат» немесе «ашық кілт сертификаты» деп қолданылады. Жоғарыда келтірілген Заңдан негізгі түсініктерді келтірейік:

- Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығы (КР НКО) – куәландырушы орталықтардың электронды цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиесілілігін және жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландырушы орталық;
- тіркеу күелігі – куәландырушы орталық электронды цифрлық қолтаңбаның Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін қағаз немесе электронды құжат;

- тіркеу күөлігінің иесі – өз атына тіркеу күөлігі берілген, тіркеу күөлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті заңды түрде иеленетін жеке немесе заңды тұлға;
- электронды құжат – ақпарат электронды-цифрлық обьектіде ұсынылған және электронды цифрлық қолтаңба арқылы күөландырылған құжат;
- электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦК) – электронды цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электронды құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электронды цифрлық нышандар терілімі;
- электронды цифрлық қолтаңба құралдары – ЭЦК құру және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын программалық және техникалық құралдардың жиынтығы;
- электронды цифрлық қолтаңбаның ашық кілті – кез келген тұлғаның қолы жететін және электронды құжаттағы электронды цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын растауға арналған электронды цифрлық нышандар дәйектілігі;
- электронды цифрлық қолтаңбаның жабық кілті – тіркеу күөлігінің иесіне белгілі және электронды цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып электронды цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электронды цифрлық нышандар дәйектілігі.

### *Порталда ЭЦК пайдалану қандай артықшылықтар береді?*

Электронды үкімет порталы арқылы ЭЦК пайдалану кезіндеңі негізгі артықшылықтар бар, олар:

- мемлекеттік органдардың электронды қызметтерін біз үшін ынғайлы, тәуліктің кез келген уақытында алу мүмкіндігі;
- облыстық және Республикалық, мемлекеттік органдардың виртуалды қабылдауларына электронды өтініштер беру мүмкіндігі.

2012 жылғы мамыр айының басында Ұлттық күөландырушы орталықтың (ҰКО) өзірлеушілер командасы ҚР ҰКО программалық жасақтаманың жаңартылған нұсқасын жариялады. Жаңа программалық жасақтаманы қолдануға көшудің

мақсаты заңды және жеке тұлғалар үшін түбірлік сертификаттар орнатуды жеңілдету болып табылады.

**Түбірлік сертификат** – сертификаттау орталығына тиесілі сертификат, оның көмегімен орталық берген басқа да сертификаттардың шынайылығы тексеріледі. Мысалы, операциялық жүйе немесе браузер пайдаланушы секілді программалық жасақтамалар сертификаттың дұрыстығын тексеру үшін, түбірлік сертификат браузerde немесе операциялық жүйеде алдын ала орнатылуы қажет.

Сертификаттарды алу тәртібін сыйба түрінде ұсынатын болсақ (15-сыйба):



#### *15-сыйба. Сертификаттарды алу тәртіби*

#### **Сертификатты алушың қысқаша түсініктемелері**

*https://e\_ov.kz cms.kz* порталында қадамдар қысқаша сипатталған  арнаійы парапашасы бар және қажетті программалық жасақтама, пайдаланушы нұсқаулығы мен құжат бланкілерін жүктеу сілтемелері берілген. Онда жеке тұлғалар үшін де, заңды тұлғалар үшін де барлық қажетті деректер орналастырылған.

#### **Сертификат алу**

 *Сілтемесінен өткеннен кейін, 85-суретте көлтірілген парапаша ашылады.*

## Нұсқалуыклен тәнису және БҚ орнату

Сайын жетекшілік: 11.11.2013

Нұсқалуыклен тәнису және БҚ орнату

Жеке тұмандар: Үйдің базасын атап беру

Зәндек тұрғалар: үйде оқынған атап беру

ЭЦҚ көйтіл шынару

Электрондың цифровым мәліметтерінің көзінде сақтау тиістірін алауда:

- Файлдағы жүйе – аттының героялық тәңбидегі көткіліктер түріндегі сабактардың болады;

- Кастомизация – аттының тәжірибелідердің тәңбидегі көткіліктерінің кодынан көзіндең көткіліктердің сабактардың болады;

- 3М-картадан ЭЦҚ – осы тәжірибелідердің тәңбидегі көткіліктердің кодынан көзіндең көткіліктердің сабактардың болады;

- Жинақ күндеңі – жинақ күндеңіндең ЭЦҚ жаңу ушын (жинақ тұрғалған ушын) жинақ күндеңіндең мерзілік; "Адамнамдай арқынан ушын" Мемлекеттік корпорациясы" KEAK (ОООД) жаңын белгілең беру көзінде. Жинақ күндеңіндең жаңу жаңу 3М-карта жаңы күндеңіндең мерзіліктердің атап береді. Осы тәртіп тиілгілідік, оны парасан болса да аласы;

ЭЦҚ-ның арнайы туу мерзілік – 1 жыл. Нәне файлдағы жүйене тарағылышады. Егер ЭЦҚ, көткіліктердің жаңу коршактарынан тасаудаудан шыншылдар күртталсат (Жинақ күндеңі, Кастомизация, 3М-карта), онда арнайы туу мерзілік 5 жыл болады.

ЖАҚ шынаруға салынған беру расын төрт адамның түрдө:

Тұрадам – Нұсқалуыклен тәнису және БҚ орнату

## 85-сурет. ЭЦҚ алу парақшасы

Мұнда алдымен орнатылған түбірлік сертификаттарды, содан кейін Java-ны ресми сайтынан жүктең алу қажет.

Жеке деректерді енгізгеннен кейін жеке басынды расында да өзің (орныңа ЭЦҚ алғысы келетін басқа біреу емес) екендігін растау үшін ХҚҚО-на (Халыққа қызмет көрсету орталығы) бару қажет болады.


Поштаның көрсетілген мекенжайына өтінімнің дайын бланкісі салынған, өтінімге нөмір берілгені туралы хабарламасы бар хат келеді.

Осы бланкімен ХҚҚО-дағы операторға келіп, бірден өтінішті растатады. Өтінім мәртебесін тексеріп, ЭЦҚ кілттерін компьютерге орнатуға болады. ЭЦҚ кілттерін өтінім беру кезінде көрсетілген бумага сақтау керек.

Сертификаттарды берген кезде барлығына бірдей пароль беріледі, оны кейін Жеке кабинетте ауыстыруға болады (Жеке параметрлер мәзірі – Кілтке парольді жаңарту). Бірдей пароль пайдаланушының ыңғайлылығы үшін жасалған, себебі көптеген адамдар өз паролін ұмытады. Оны алдын ала қою мүмкін емес. Дегенмен сертификаттарды алғаннан кейін парольді жеке кабинет арқылы жоғары деңгейде қорғалған етіп өзгерту ұсынылады.

Осыдан кейін RSA (Rivest, Shamir, Adleman) және AUTH\_RSA сертификаттары орнатылғандығы жайында хабарлама шығады.

**RSA сертификаты** – сұраныстарға қол қоюға, ал **AUTH\_RSA сертификаты** порталда аутентификациялауға арналған (86-сүрет).



#### 86-сүрет. AUTH\_RSA және RSA сертификаттары

Болашақта қандай да бір түсініспеушілікке жол бермеу үшін осы ақпаратты есте сақтау маңызды. Егер сендер сұранымға қол қою барысында аутентификация сертификатын таңдасаңдар, онда сұранымға қол қойылмайды. Сертификаттың болуы және порталға кіру өте ыңғайлы – санаулы минуттар ішінде қажетті құжатқа қолжеткізуге болады.

#### Сурақтарға жауап берейік

1. Электронды цифрлық қолтаңба деген не?
2. Электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалану нені білдіреді?
3. Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы Занда қандай негізгі түсініктер келтірілген?
4. Түбірлік сертификат нені тексереді?
5. Сертификаттарды алу тәртібі қандай?
6. AUTH\_RSA және RSA сертификаттарының қызметі қандай?

#### Ойланайық, талқылайық

1. Электронды цифрлық қолтаңбаны қолдануға жаппай көшудің қажеттілігі неде?
2. Түбірлік сертификат не себепті қажет?
3. Сертификат алғаннан кейін неге парольді өзгертеміз?

#### Талдап, салыстырайық

Келтірілген теориялық материалдардан басқа да ақпарат көздерін пайдалана отырып, AUTH\_RSA және RSA сертификаттарының қызметі мен өзара айырмашылықтарын талдап, салыстырындар.

Сертификаттар	Қызметі	Айырмашылықтары
AUTH_RSA сертификаты		
RSA сертификаты		

## ЭЦҚ кілттерін алу


### А тапсырмасы

- Браузерді іске қосып, мекенжай өрісінде [www.pki.gov.kz](http://www.pki.gov.kz) жолын теріңдер. Қажетті парапша пайда болады.



*pki.gov.kz сайтының басты беті*

- Басты беттен ЭЦҚ кілттерін алу батырмасын басып, Жеке тұлғалар жолын таңдаңдар.



*Tіrkeu күәліктегінің түрлері*

- Ашылған терезеден Өтінім беру батырмасын таңдаңдар.

Жеке тұлғаның тіркеу күәліктегі шыгаруға өтінінде растау үшін Тіркеу орталығына (ХІҚО) қызметтір тізімі:

- Өтінін номері және Өтінің беруинің кодтағысы бар өтінінді бергеннин шайын күәліктегінде таңғалып берілген (бейлеменеке насыандығы);
- Жеке тұлғанын күәліндіретін қызмет;
- Карсеттептін қызметті алушының (жеке тұлғанының) мудделерін үйінде тұлға блірдік коде - Казахстан Республикасы Хімия, күәліндірүс орталығының Тіркеу күәліктерін беруге қожаттарды ұснуга және сеніншеттін айқындалған тақсиралыны орындау үшін тиісті қожаттарға көз көп жағдайларда күәліктегінде қызметті алушының екінші нотарламдың күәліндірмалын сөнекті.

*Кожаттарды 1-ші ай бойы ұсынбайды жағдайда өтінім мойынлады.*

**ӨТІНІМ БЕРУ**

*Tіrkeu күәлігін шыгаруға өтінім беру*

- Келесі бетте **Пайдалануышылық** келісімді оқыдым және шарттарымен келісемін өрісіне жалауша белгісін қойып, Енгізу батырмасын басындар.



*Пайдалануышылық келісімшарттарымен танысу*

- Ашылған терезеде суретте көрсетілген кодты және жеке сейкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізіп, ЖСН тексеру батырмасын басындар.



*ЖСН тексеру*

### *В тапсырмасы*

- Тиісті өристерді толтырып, Өтінім беру батырмасын басындар.



*Онлайн өтінім беру*

- Ашылған терезедегі сілтеме бойынша өтінімді жүктеп, баспаға шығарып алғаннан кейін, Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, өтінімді растау керек.


3. Отінім расталғаннан кейінгі әрекеттер тақырып барысында сипатталған рет бойынша орындалып, көрсетілген сақтау орнына сертификаттар жүктеледі.



*Құрылған отінімді жүктөу*


### **С тапсырмасы**

1. Word немесе Excel құжатына цифрлық қолтаңба енгізу. Қол қою жолын жасау керек құжатта немесе парапта қажетті орынға тінтуірдің көрсеткішін қойындар.
2. Мына қадамдарды орындаңдар: Қою (Вставка) ⇒ Мәтін (Текст) ⇒ Қолтаңба қою жолы (Строка подписи) ⇒ MicrosoftOffice қолтаңба қою жолы (Строка подписи MicrosoftOffice).
3. Қолтаңбаны баптау (Настройка подписи) терезесінде қолтаңбаның астында көрсетілетін мәліметтерді енгізіндер. Қажет болса, Қол қоюышыға қолтаңба қою терезесінде ескертпелерді қосуға рұқсат беру аланына белгі қойындар.



*Қолтаңбаны баптау терезесі*

4. Қолжазба қолтаңбасының суретін таңдау үшін Суретті таңдау (Выбрать рисунок) батырмасын басындар. Графикалық қолтаңбаны таңдау (Выбор графической подписи) терезесінде қолтаңбаның суреті бар файлды тауып, Таңдау батырмасын басындар.



Қолжазба қолтаңбасының суреттін таңдау

5. Қол қою (Подписать) батырмасын басындар. Құжаттың немесе парақтың төменгі жағында Қолтаңба батырмасы пайда болады. Құжатты сақтаңдар.

Ой белсейік

Электронды цифрлық қолтаңбаны қолдануда қандай кемшіліктер кездеседі? Электронды тіркеу күөліктерінің түрлі сақталу типтері қаншалықты қорғалған деп ойлайсындар? Осы мәселелер жайында өз беттерінде қосымша ақпарат көздерінен ізденіп, сыйыптастарыңмен ой бөлісіңдер.

Үйде орындаібы

Электронды цифрлық қолтаңбаны сақтау типтерінің сипаттамасын кестеге толтырындар.

Электронды цифрлық қолтаңбаны сақтау типтері	Сипаттамасы
Файлдық жүйе	
Kaztoken	
SIM-картадағы ЭЦҚ	
Жеке күөлік	

## §31–32. Электронды цифрлық қолтаңба және сертификатты қолдану. Практикум


### Жеке кабинетке кіру

- Браузерді іске қосындар және мекенжай жолында [www.pki.gov.kz](http://www.pki.gov.kz) теріндер. Суреттегі бет пайда болады. Жеке кабинетке кіру батырмасын басындар.




*www.pki.gov.kz төрөзесі*

- Ашылған терезедегі тізімнен Кілттерді сақтау түрін таңдау қажет – Файлдық жүйе, жеке куәлік, eToken PRO (Java, 72K), JaCarta, Kaztoken.




*«Кілттерді сақтау» түрлері*

- Кілттерді сақтау орнына дейінгі жолында тіркеу куәліктөрі орналасқан жолды көрсету керек. Аутентификация кілтін таңдап (AUTH\_RSA), Ашу батырмасын басындар.




*Аутентификация кілтін таңдау*

**4. Кіру батырмасын басыңдар.**




*Жеке кабинетке кіру*

**5. Пайда болған диалогтік терезеге кілттерді сақтау орнының паролін енгізіндер.**



*Кілттерді сақтау орнының паролін енгізу*

6. Кілттердің тізімін жаңарту батырмасын басындар. Парольді дұрыс енгізген кезде аутентификация кілті көрсетіледі. Қол қою батырмасын басындар.



#### Аутентификация кілті көмегімен қол қою

7. Қолданушының жеке кабинетіне қош келдіңдер.

Қолданушының жеке кабинеті

## Жеке кабинетте жұмыс істей

### «Тегі» мәзірі

- Пайдаланушының Тегі мәзірі КР ҰКО тіркеу күеліктерінің пайдаланушысының профайлы туралы ақпаратты қамтиды.



*Қолданушының «Тегі» мәзірі*

- Профайл деректері пайдаланушының жеке ақпаратын қамтиды. Қүйге келтірulerde интерфейс тілін, сондай-ақ электронды поштаға хабарламалар жіберуді ажырату мүмкіндігін таңдай аласындар.

A screenshot of a profile editing form. The top section is titled 'МАХАНОВА АЛГЫТЫ + ПРОФАЙЛ НЕМІСТЕРЕТІНДЕ'. It contains fields for 'Денес' (Current), 'Адекваттартылған түрді' (Appropriate type), 'Фамилия, імię, отчество' (Last name, first name, middle name), 'Адрес' (Address), 'Номер телефона' (Phone number), 'Мобилдік тел.' (Mobile phone), and two 'Сменить' (Change) buttons. Below this is a 'Базис жеке кабинеттер' (Basic personal cabinet) section with 'МФЗ' (MFA) and 'Пароль' (Password) fields, and a 'Сменить' (Change) button. The next section is 'Социальнық меморандум' (Social memorandum) with fields for 'Социальный номер' (Social number), 'Социальный документ' (Social document), and 'Социальный документ түрі' (Social document type). The bottom section is 'Ресурсы меморандумдардағы меморандум' (Resources in social memorandums) with 'Меморандум' (Memorandum) and 'Сменить' (Change) buttons.

*Қолданушы туралы жеке ақпарат*

## «Менің ЭЦҚ кілттерім» мәзірі


1. ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін Менің ЭЦҚ кілттерім қосымша парагы бойынша өтіндер.

«Менің ЭЦҚ кілттерім» мәзірі

2. Пайда болатын мәзірден мына тармақшалардың біреуін таңдауға болады:
  - ЭЦҚ алуға арналған өтінімдер барлық берілген өтінімдерді көрсетеді (пайдаланушы қол қойған/қол қоймаған).
  - ЭЦҚ тізімі барлық бар ЭЦҚ көрсетеді, сондай-ақ ЭЦҚ кері қайтарып алу.
  - ЭЦҚ алу Тіркеу орталығында ЭЦҚ растамай, өтінімді онлайн режимде (қолданыстағы ЭЦҚ болған кезде) беруге мүмкіндік береді.
  - ЭЦҚ мәртебесін тексеру берілген өтінімнің мәртебесін тексеруге және тіркеу куәліктерін орнатуға мүмкіндік береді.
  - Парольді ауыстыру ЭЦҚ-ның паролін белгіленуі бойынша ауыстыруға мүмкіндік береді.

## **«Берілген өтінімнің мәртебесі» бөлімі**

1. Өтінімді растиғаннан кейін Менің ЭЦҚ қілттерім мәзірін ашыңдар, **Берілген өтінімнің мәртебесі** бөліміне өтіндер.
2. Өтінімнің нөмірін енгізіп, **Іздеу батырмасын** басыңдар.



*Берілген өтінімнің мәртебесін тексеру*

3. Кілттерді сақтау орнына дейінгі жолды көрсетіндер және Сертификаттарды жүктеу батырмасын басыңдар.

This screenshot shows the 'Load certificates' section of the e-notary service. It includes fields for 'File name' (with a placeholder 'Файл жөнінде'), 'Format' (PDF or Microsoft Word), and 'File type' (Word document). Below these are sections for 'Electronic signature details' (including 'Signature date' from 2014-2015 to 2014-2016, 'Signature type' (Handwritten), and 'Signature file' (MS Word document)), 'File attachments' (empty), and 'Comments' (empty). At the bottom, there's a 'Load' (Загрузить) button.

*Сертификаттарды жүктеу*

4. Тіркеу куәліктері сәтті орнатылғанын хабарлайтын терезе пайда болады.  
Тіркеу куәліктерін шығару аяқталды.

### «Парольді ауыстыру» бөлімі

1. ЭЦҚ паролін ауыстыру үшін Менің ЭЦҚ кілттерім мәзірінің тармағына, одан кейін Парольді ауыстыру бөліміне ету қажет.
2. Ашылған терезеде Кілттерді сақтау орны жолындағы тіркеу куәліктерінің орналасқан орнын көрсетіндер.
3. Кілттерді сақтау орнын көрсетіндер. Парольді енгізу жолын көрсетіп, Өзгерту батырмасын басындар.
4. Сақтау орны ретінде файлдық жүйені таңдаған жағдайда, парольді ауыстыру үшін тіркеу куәлігін көрсетіндер.
5. Парольді ауыстыру процедурасын өрбір тіркеу куәлігі үшін жеке орындау қажет.

The screenshot shows the 'e-licensing' system interface. At the top, there's a logo for 'KAZAKHSTAN REPUBLICAN E-CITIZENSHIP AND CIVIL REGISTRATION SYSTEM'. Below it, there are two buttons: 'eID' and 'e-notary'. The main menu has two items: 'МАХАНОВА А' (Mahanova A) and 'МЕНІН ЭЦҚ, КІЛТЕРІМ' (My e-ID, Certificates). The current page is titled 'МЕНІН ЭЦҚ, КІЛТЕРІМ > ЗІЛКІЛТЕРДІҢ ПАРОЛЬДІ АУЫСТЫРУ' (Change of e-ID certificate password). It contains a sub-section titled 'Кілттердің салыну тапсыншылар' (Persons who issue certificates). There are four input fields: 'Кілттердің салыну атыны': '«Кітапханада әмбебаптың тандозасы」', 'Есім': 'Аманжол', 'Жаңа пароль': '1234567890', and 'Парольдің кіріктіліктері': '». The 'Next' button is at the bottom right.

*Парольді ауыстыру*

*Назар аударыңдар! ҚР ҮКО (Үлттық куәланырушы орталығы) Сіздің парольдеріңізді сақтамайды. Пароль жоғалған жағдайда, ЭЦҚ қалпына келтірілмейді.*

6. Пароль сәтті өзгертилді.

## §33–34. Электронды үкімет

### Естерінде түсіріндер:

- электронды цифрлық қолтаңба;
- сертификат;
- электронды цифрлық қолтаңба қызметі;
- сертификат қызметі.

### Менгерілетін білім:

- электронды үкімет порталы;
- электронды үкімет порталаңының функциялары.

e.gov

### Сөздік:

**Электронды үкімет** –

Электронное правительство – *e-government*

**Азамат** – Гражданин –

*Citizen*

**Бизнес** – Бизнес – *Business*

**Технологиялық сауаттылық** – Технологическая

грамотность – *Technological literacy*

**Әкімшілендіру** – Администрирование – *Admin*

**Интерактивтілік** – Интерактивность – *Interactivity*

Электронды үкімет дегеніміз не және ол не үшін қажет?

Қазақстандағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың да-мұымен азаматтар мен мемлекеттің өзара өрекеттестігін ыңғайлы, қаралайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін электронды үкімет тұжырымдамасы өзірленді. Электронды үкімет құру ісі билік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қолжетімді ету үшін қажет болды.

Электронды үкімет – ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушлікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өзара өрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, күөлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге өрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де – осы механизм.

Электронды үкімет – ел ауқымындағы басқару процестерінің барлық жиынтығын автоматтандыруға неғізделген, қоғамның өрбір мүшесі үшін мемлекеттік басқарудың тиімділігін елеулі арттыру және өлеуметтік коммуникациялардың шығындарын азайту мақсатында қызмет ететін мемлекеттік басқарудың электронды құжат айналым жүйесі.

## *Қазақстан Республикасында электронды үкімет қалай дамуда?*

Электронды үкімет құру идеясы Елбасына тиесілі, алғаш рет 2004 жылы айтылған. Осы уақыт ішінде электронды үкіметтің қалыптасуы мен дамуының іргелі төрт кезеңінен өтті (16-сызба).



### *16-сызба. Электронды үкіметтің қалыптасуы мен дамуының іргелі төрт кезеңі*

**Ақпараттық кезең.** Дәл осы кезеңде электронды үкімет порталы іске қосылып, ақпаратпен толтырылды. Мемлекеттік органдар, олардың жұмысы мен халыққа көрсететін қызметтері жайлы ақпараттар пайда болды.

**Интерактивті кезең** порталда электронды қызметтерді тұнғыш рет ұсынуымен есте қалды. Бұл кезең барысында порталды пайдаланушылар түрлі мекемелерден кезекке тұруға уақыт жұмсамай-ақ анықтама алу, үйден шықпай-ақ кез келген мемлекеттік органға сұраныс жіберіп, оның мөртебесін қадағалап отыру мүмкіндіктеріне ие болды.

**Транзакциялық кезең.** Азаматтар мемлекеттік бажын, алымдар, айыппұлдар және коммуналдық қызмет ақыларын төлеуге мүмкіндік алды.

**Түрлендірмелі кезең.** Басты мақсат – азаматтарға қызмет көрсетудің мейлінше жылдамдығы. Дәл осы мақсатқа қолжет-кізу үшін интерактивтік және транзакциялық қызметтер қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие кешенді қызмет түрлеріне біріктірілген.

**egov.kz** – ақпараттық-коммуникациялық инновациялар есебінен мемлекеттік биліктің ел халқымен өзара іс-қимылын жеңілдету үшін өзірленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің прогрессивті құрылымынан тұратын портал (87-сурет).



*87-сурет. egov.kz электронды үкімет порталы*

### *Ашық үкімет дегеніміз не?*

Ашық үкіметтің мақсаты – ашық және халық алдында есеп беруге міндettі мемлекетті құру, азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен мүмкіндіктерін көңейту, жемқорлыққа қарсы күресті күшету мен жаңа технологияларды мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін қолдану (17-сызба).



*17-сызба. Ашық үкімет*

### **«Ашық деректер» порталы**

«Ашық деректер» порталы ([data.egov.kz](http://data.egov.kz)) – ашық үкімет компоненттерінің бірі, мұдделі азаматтарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан шығатын өртүрлі деректер жиынтығымен толық қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

## *Азық деректер жиынтығын қалай табуға және жүктеуге болады?*

*data.gov.kz* порталында мынадай ақпарат иелері орналас-тырылған 3 мыңдан астам деректер жиынтығы бар:

- ҚР орталық мемлекеттік органдары;
- ҚР Жергілікті атқарушы органдары (облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының әкімдіктері);
- ҚР басқа үйымдары.

Жарияланған жинақтарды жасау және жаңарту күні бойынша сұрыптауға болады, сондай-ақ сайтта кеңейтілген іздеу механизмі жұмыс істейді.

Ең танымал деректер жиынтықтарының бірі – Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық объектілерінің қа-зақ және орыс тілдеріндегі атаулары, типтері, деңгейлері мен кодтары бар әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушісінің (ӘАОЖ) бет үлгісін қарастырайық (*88-сурет*).

The screenshot shows a web page from the 'data.gov.kz' portal. At the top, there is a navigation bar with links for 'Порталдағы деректер', 'Деректер', 'Бюджеттік шаралар', 'Жаңалықтар', 'Коғаншаты', and 'Тапсы'. Below the navigation bar, there is a search bar and a breadcrumb trail: 'Бағдарлама №1: Оңтүстік - Деректер жиынтықтардың табылуы'.

The main content area displays a table with the following data:

Ном	Полиграф Ақиматының табылуы
Секцияның номі	Министерство по развитию инфраструктуры и транспорта РК (МИРТ)
Категория	Ондықтың жиынтықтың табылуы
Министерства орталығы	МІРТ
Изменение таң	Көзметтескен таңы
Изменение жарығы	Нар
Код таң	10442015.22.10
Код таңы	10442015.22.10
Деректерге сипаттаған	Полиграф Ақиматының табылуы
Міністерлік органдарға сипаттаған	Полиграф Ақиматының табылуы
Міністерлік органдарға сипаттаған	Полиграф Ақиматының табылуы

*88-сурет. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушісі*

«Паспорт» қойындысында деректер жиынтығының қысқаша сипаттамасы, санаты, жауапты мемлекеттік орган, өзектілік мәртебесі, сондай-ақ оны орналастыру және жаңарту күні көрсетілген.

«Деректер» қойындысы арқылы оларды бетке 5, 10, 20 жазбаның тізімін шектей отырып, қалыпты, кестелік түрде көруге болады (*89-сурет*).

Регион	Номенклатура	Аныктудын	Ішмел	МКД	Номенклатура	Сын
	Ақтөбөлік облысы	0	2	1	Ақтөбөлік облысты	1110000000
1	Ақтөбөлік облыс.	0	3	3	Ақтөбөлік облыс.	1110000000
2	Ақтөбөлік обл.	0	4	3	Ақтөбөлік обл.	1110000000
3	Ақтөбөлік обл.д.	2	4	3	Ақтөбөлік обл.д.	1110000000
4	Ақтөбөлік обл.д.	2	5	3	Ақтөбөлік обл.д.	1110000000

*89-сурет. «Деректер» қойындысы*

## **«АШЫҚ НҚА» порталы. Заң жобаларын жария талқылау**

«Ашық НҚА» порталы – нормативтік құқықтық актілердің жобаларын мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда мақұлдау сөтіне дейін оларды талқылау алаңы ретінде құрылған «Ашық үкімет» жобасы компоненттерінің бірі.



### **НҚА жобаларын талқылауға қалай қатысуға болады?**

Інғайлы болу үшін порталдағы барлық жария талқылауға қолжетімді нормативтік құқықтық актілердің жобалары санаттар, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар бойынша бөлінген. Заң жобаларын мынадай түрлері бойынша фильтрлеуге болады:

- стандарт;
- тұжырымдама;
- Зан;
- мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;
- бүйрек;
- есеп;
- қаулы;
- шешім;
- регламент;
- келісім;
- ереже;
- жарлық;
- өкім.

Әрбір жарияланған нормативтік құқықтық актіде оның мөртебесі, типі, құрылу күні мен жария талқылаудың аяқталу мерзімі туралы ақпарат бар. Оған қоса берілген құжаттарды файл түрінде жүктең алуға болады.


## Маңызды мәлімет

Пікір қалдыру үшін порталда авторизация жасағаны дұрыс, бірақ міндепті емес, ейткені аты-жөнін, e-mail көрсету және «captcha» тетігін толтыру арқылы пікір қалдыру мүмкіндігі қарастырылған.

Азаматтардың барлық пікірлерін нормативтік құқықтық актілердің өзірленуін жетекшілік ететін мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қарайды, содан кейін жария талқылауды аяқтау нәтижелері бойынша, жүйе қабылданған және қабылданбаған ескертпелер мен ұсыныстарды қоса бере отырып есеп құрайды.

## «Ашық диалог» порталы. Өтініш беру тәртібі мен функционалы

Бұгін азаматтардың арасында «Ашық үкіметтің» ең танымал компоненті – «Ашық диалог» порталы (90-сурет).



90-сурет. «Ашық диалог» порталы

Портал азаматтың мемлекетпен тікелей өзара іс-қимылына мүмкіндік береді. Ол:

- орталық мемлекеттік органдарының және жергілікті атқарушы органдарының басшыларының блогтарына өтініш жазуға;
- бейінді тақырыптары бойынша түрлі ведомстволардың интернет-конференцияларына қатысуға;
- мемлекеттік органдардың ресми сауалнамаларына қатысуға;

- ұялды байланыс операторларына олардың ұсынылатын қызмет көрсету сапасы бойынша өтініш беруге мүмкіндік береді.
- Өтініш беру тәртібі**

Өтінішті жасау үшін бізге блог-платформаға өтіп, басшыны таңдаپ, **Өтініш беру** батырмасын басу қажет. Осыдан кейін келісімнің шарттарын қабылдаپ, **Әрі қарай** батырмасын басу қажет. Ашылған терезеде мына сауал санаттарының бірін таңдаймыз (санаттар тізімі толықтырылуы мүмкін):

- руханият және дін;
- халықты жұмыспен қамту;
- денсаулық сақтау;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- ипотека;
- мәдениет және ақпарат;
- шағын және орташа бизнес;
- жастар саясаты;
- ғылым;
- ұлттық компаниялар;
- білім беру;
- құқық қорғау органдары;
- мемлекеттік тілді дамыту;
- аймақтар;
- еркін тақырып;
- ауылшаруашылығы;
- әлеуметтік қамтамасыз ету;
- спорт;
- құрылыш, үлескерлер, тұрғын үй мәселелері;
- көлік;
- туризм;
- қаржы;
- мемлекеттік органдардың жұмысы туралы (мемлекеттік қызмет көрсету).

Өтінішке жауап алуды жылдамдату үшін сұрақтың мәнінің нақты, түсінікті және егжей-тегжейлі түрде мазмұндау ұсынлады.


Шағын кеңес – өтініш берер алдында портал бойынша іздеуді пайдаланып көруге болады, өйткені сендердің сұрақтарыңа жауап бар болуы мүмкін.

### **«Ашық бюджеттер» порталы. Бюджеттік бағдарламалардың жобаларын талқылауға қалай қатысуға болады**

«Ашық бюджеттер» порталы (*budget.egov.kz*) – «Ашық үкімет» жобасының компоненті, ашық бюджетті қалыптастыруды қамтамасыз ету және бюджет қаражатының шығысына қоғамдық бақылауды дамыту үшін құрылды.



## Порталмен жұмыс жасау (91-сүрет)



91-сүрет. «Ашиқ бюджеттер» порталы

Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы ақпаратпен танысу үшін «Бюджеттік бағдарламалар» қосымша бетіне басып, тиісті бөлімшені таңдау қажет: «Жоба», «Бекітілген бағдарламалар» немесе «Іске асыру туралы есептер» (92-сүрет).

Қызықтыратын бюджеттік бағдарлама бетіне өтіп, біз оның толық сипаттамасымен танысамыз, оның әрбір пункті түсініктеме үшін қолжетімді. Сондай-ақ мұнда бастапқы құжатты Excel форматында жүктеуге болады.

*Бюджеттік есептілік мыналарды қамтиды:*

- жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептер;
- Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептер;
- мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есептер;
- шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есептер;
- облыс бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер;
- бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептер;
- стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есептер;
- ҚР Үлттыхың қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есептер.

Есеп бетінде Бюджеттің түрі, МО атауы, бекітілген және өзектілігі күні, есептің өзі, құжаттарды жүктеу сілтемесі көрсетіледі.



92-сүрет. «Бюджеттік бағдарламалар» қосымша беті

## «МО тиімділігін бағалау» порталы

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау – азаматтар мен үкіметтің арасындағы өзара қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған құрауыш. Мұнда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі туралы және аумақтардың стратегиялық жоспарлары мен даму бағдарламаларының маңсатты индикаторларының жетістігі туралы есептер жарияланады, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметіне талқылау жариялышы жүргізіледі.

«МО тиімділігін бағалау» порталы азаматтарға:

- мемлекеттік органдардың бағалау жүйесімен танысуға;
- өр мемлекеттік органды бағалау нәтижелерін жалпы турде және бағалау блоктары шамасында көруге;
- мемлекеттік органдардың бағалау нәтижелеріне сәйкес рейтингін қарап шығуға;
- ОМО стратегиялық жоспарларын іске асыру туралы есептермен және ЖАО аумақтырыды дамыту бағдарламаларын іске асыру туралы есептермен танысуға;
- мемлекеттік органдардың қызметін жария талқылауға қатысуға мүмкіндік береді.

## МобиЛЬДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Бұғынгі таңда мобиЛЬДІ нұсқа көптеген мемлекеттерде қолжетімді: Ресей, АҚШ, Турция, Ұлыбритания, Чехия және т.б.

Әдетте Қазақстанда IOS және Android операциялық жүйелері бар смартфондарда қосымшалардың басым бөлігі қазақ тілінде немесе орыс тілінде жұмыс істейді. Ұялы телефоннан медициналық үйымға мессенджер арқылы тіркелуге, меншігінің болуы туралы ақпаратты сұратуға болады. Ресурста бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қызмет көрсететін телеграмм-бот пайда болды (93-сурет).



93-сурет. Электронды үкімет мобиЛЬДІ қосымшасы

Қызмет түрлерін қолдану барысында мобиЛЬДІ нұсқа пайдаланылса, онда телефонды ЖСН-ге байланыстыру өзінің аккаунтында немесе ХҚКО-ның кез келген бөлімшесіне жүгінген кезде жүзеге асырылады. Телефон арқылы бір реттік код бойынша қолжетімді қызметтер қатарында төмендегілер жатады:

- обьектілерге техникалық паспорттар және олардың түпнұсқалары;
- құқық белгілейтін қуәліктірдің көшірмелері және кадастрық тізілімнен үзінді көшірмелер;
- мұрағаттық анықтаманың түпнұсқасы;
- заңды тұлғаларды және филиалдарды тіркеу туралы материалдар;
- заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері туралы деректер;
- заңды тұлғаның тіркеу деректері және оның әрекеті;
- құрылтай пакетіне өзгерістер енгізу туралы ақпарат; ту туралы және азаматтық жағдайы туралы анықтамалар;
- неке, туу, бала асырап алу, тегін-атын-әкесінің атын (ТАӘ) аудыстыру туралы құжаттар.

Электронды үкімет портала жұмыс істеу барысында түрлі қыындықтарды Бірыңғай байланыс орталығының қызметкерлері ойдағыдай шеше алады, кез келген мәселе жедел өндөледі. Ол үшін кез келген Қазақстан азаматы «көрі байланысты», «Call-орталық» сервисін немесе 1414 телефон нөмірін пайдалана алды (94-сурет).



94-сурет. Бірыңғай байланыс орталығы

#### Сұрақтарға жауап берейік

1. Электронды үкімет дегеніміз не және ол не үшін қажет?
2. Қазақстан Республикасында электронды үкімет қалай дамуда?
3. Электронды үкіметіміздің қалыптасуы мен дамуы неше кезеңнен тұрады?

4. *egov.kz* порталының негізгі мақсаты қандай?
5. Ашық үкіметтің мақсаты қандай?
6. «Ашық НҚА» порталы қандай қызмет атқарады? Оның негізгі мақсаты қандай?
7. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы ақпаратпен танысу үшін қандай қадамдарды орындау қажет?
8. МобиЛЬДІ қарым-қатынас арқылы қандай қызметтер жүзеге асырылады?

 **Ойланайық, талқылайық**


1. Қазақстан Республикасында құрылған электронды үкіметтің басты идеясы неде?
2. Электронды үкіметті тұрақты және дұрыс қолдану азаттар үшін қаншалықты тиімді?

 **Талдап, салыстырайық**

Электронды үкіметіміздің қалыптасуы мен дамуының іргелі төрт кезеңінің өзіндік ерекшеліктерін талдап, салыстырындар.

Электронды үкімет дамуының іргелі төрт кезеңі	Ерекшеліктері
Ақпараттық кезең	
Интерактивті кезең	
Транзакциялық кезең	
Түрлендірмелі кезең	

 **Компьютерде орындаіық**

- A тапсырмасы.** Электронды үкімет порталына тіркелу.
1. Кез келген браузерді қолданып, *egov.kz* сайтына кіріндер.
  2. Ашылған басты беттің оң жақ бұрышында орналасқан  батырмасын басындар.
  3. Тіркелу бетінде тіркеу түрін таңдап, ЭЦҚ арқылы тіркелу батырмасын басындар.

## “ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ” ВЕБ-ПОРТАЛЫНЫҢ ҚОЛДАНУ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

**1. Таптуғанымыз**

2. Тапту

**1. Жалпы ереже:**

1.1. Осы “Ресми-документтер”, мәнін (бұдан ерт - Ақылдың) салынғанда, түбенде және веб-порталының жоғары әртіліліктерінин, НРД-діңдерді және Пәннелерінин орындарында орынделу деңгээлдердің түрлерінде.

1.2. Осы Келесіде мәнін туындаған көбілгендердиң үшін:

- 1) салынғанда үйленген веб-порталы (бұдан ерт - Портал) – барлық шеткеудердіңда түркесінде көбілгендердиң мәнінде орналасқан мәндердің көбілгендердиң мәндердіңнан ажыратылғанда берілгенде;
- 2) Порталдеги іжермелілік – жаңарған веб-порталда орналасқан мәндердің көбілгендердиң мәндердіңнан ажыратылғанда берілгенде;
- 3) мәндердің орналасқан (бұдан ерт - барлық) – ишаралық, техникалық, ежелгілердің жоғары әртіліліктерінде орналасқан мәндердіңнан ажыратылғанда берілгенде;

Көбілгендегі жайылған жөндердің мәндердіңнан ажыратылғанда берілгенде көбілгендеп болғанда жоғары әртіліліктердің жоғары әртіліліктердіңнан ажыратылғанда берілгенде;

**Жеке тапта**      **Занды тапта**

**2. СОЛАРДА БАЛЫКЕРДІКЕДЕКИ ЗАМЕРІДІНДЕКІ ЕРДЕРДЕКІ ДЕҢГЭЕЛДЕРДІҢ РЕСТАНДЫРЫМАЛЫККАРЫ**

**СОЛАРДА БАЛЫКЕРДІКЕДЕКИ ЗАМЕРІДІНДЕКІ ДЕҢГЭЕЛДЕРДІҢ РЕСТАНДЫРЫМАЛЫККАРЫ**

Барлық таптаудың Сок таптың-жадандын түрлөдөр болады. Сол жаңаусоғы көбілгендер, табиэтті таптынан табиэтті көбілгендердің мәндердіңнан ажыратылғанда берілгенде.

*Порталдың қолдану құқықтары туралы келісім*

- 4. Келесі бетке өткеннен кейін, жасырын сөзді ойластырып, оны екі өріске теріп, электронды пошта адресін енгізіндер. Сертификатты таңдау батырмасын басындар.**

**ЭЦК АРКЫЛЫ ТІРКЕЛУ**

**1. Таптуғанымыз**

**2. Тапту**

**Электрондық, цифрлық, кол тапбысы (ЭЦК) бор тіркеу**

**Жаһаның изе әйнектеп берген:**

Көміл деңгендегі 8 символдың, бірақ 30 символдан азғын, алғос:

Жаһаның изе әйнектеп берген жаңа мән мөндердің көбілгендердиң мәндердіңнан ажыратылғанда берілгенде, көміл деңгендегі 8 символдың, бірақ 30 символдан азғын, алғос:

**Жаһаның жаңа мөндердің көбілгендердиң мәндердіңнан ажыратылғанда берілгенде:**

**СОЛАРДА БАЛЫКЕРДІКЕДЕКИ ЗАМЕРІДІНДЕКІ ДЕҢГЭЕЛДЕРДІҢ РЕСТАНДЫРЫМАЛЫККАРЫ**

**СОЛАРДА БАЛЫКЕРДІКЕДЕКИ ЗАМЕРІДІНДЕКІ ДЕҢГЭЕЛДЕРДІҢ РЕСТАНДЫРЫМАЛЫККАРЫ**


Жасырын сөзді ойластыру тереңесі

5. Тіркелу үшін электронды цифрлық қолтаңба сертификаттарының орналасу орнын көрсетіп, қол қоюға арналған RSA файлын таңдаңдар.



*RSA файлын таңдау*

6. Ашылған терезеде парольді енгізіп, Қол қою батырмасын басындар.




*XML форматында ЭЦК құру*

7. *egov.kz* сайтына тіркелу аяқталды.

**В тапсырмасы.** ЖСН туралы мәліметтер алу.

1. Кез келген браузерді қолданып, *egov.kz* сайтына кіріңдер.
2. Ашылған басты беттің оң жақ бұрышында орналасқан Кіру немесе Тіркелу батырмасын басыңдар.
3. Кіру батырмасы арқылы ЭЦҚ қолданып, порталға кіріңдер.
4. **Азаматтық, миграция, иммиграция** қызметін таңдаңдар.



*Азаматтық, миграция, иммиграция қызметі батырмасы*

5. Ашылған терезеден **ЖСН туралы мәліметтер алу** бөлімін таңдаپ, **Онлайн сұрау** батырмасын басыңдар.

#### КР ПАСПОРТЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ КУӘЛІГІ

##### ҚЫЗМЕТТЕР (6)

- Атын, тегін, анысінің атын взетерту туралы  
куәлікті қайталап алуда вінш беру
- Паспорт, жеке куалік алу
- ЖСН туралы мәліметтер алу

*КР паспорты және жеке куәлігі бөлімі*

6. Төмендегі терезеден **Тегі, Аты, Әкесінің аты, Туган күні, Құжат нөмірі** жолдарын толтырыңдар, кейін **Сұранысты жіберу** батырмасын басыңдар.

ЖСН туралы мәліметтер алу

Тегі: \_\_\_\_\_  
Аты: \_\_\_\_\_  
Анысінің аты: \_\_\_\_\_  
Туган күні: \_\_\_\_\_  
Миниатуда екінші нәмері: \_\_\_\_\_

Белгілі: «Нишаудың тұрғындан мәліметтер алу» 0-дағы басынан күтіледі. Себеңде олардың мәліметтерін күтіледі. Белгілі: «Нишаудың тұрғындан мәліметтер алу» 0-дағы басынан күтіледі. Себеңде олардың мәліметтерін күтіледі.

[Сурауды жүзеге асыру](#) [Артқа](#)

*ЖСН туралы мәлімет алу терезесі*

7. Сұранысты жібер батырмасын басқаннан кейін, сол терезенің астыңғы бөлігінде сендердің **Жеке сәйкестендіру нөмірлерің** пайда болады.

Сіздің жеке сәйкестендіру нөміріңіз: \*\*\*\*\*

8. ЖСН туралы мәліметтер алу жұмысы аяқталды.

**С тапсырмасы.** @Kenes1414Bot ботымен жұмыс.

1. Telegram мессенджерін смартфонға орнатып, @Kenes1414Bot атауы бойынша ботты іздең табыңдар. Ботты іске қосу үшін **Старт** командасын басып, мәзір арқылы телефон нөмірін жіберу керек.

**What can this bot do?**

ПРЕДОСТАВЛЯТЬ: гос. услуги и сервисы портала [egov.kz](#) (выберите услугу в меню);

КОНСУЛЬТИРОВАТЬ по гос. услугам и сервисам портала [egov.kz](#) (напишите вопрос);

ПРИНИМАТЬ аудио, видео и текстовые обращения по вопросам работы чат-бота и услуг портала [egov.kz](#) (выберите в меню «Оставить обращение»);

НАПРАВЛЯТЬ диалог на оператора call-center (выберите в меню «Связаться с оператором»).

Нажмите START/НАЧАТЬ

START

@Kenes1414Bot ботымен жұмыс

2. Медициналық үйымға мессенджер арқылы тіркелу батырмасын басып, өздеріңің қай емханаға тіркелгендеріңді анықтаңдар. Егер тіркелмеген болсаңдар, тіркеуден өтіндер.

Ой бөлісейік

1. «Egov жұмысының тиімділігі қандай?» тақырыбында инфографика берілген. Осы тақырыпта электронды үкімет порталының функциялары туралы ой бөлісіндер.



2. «Кластер» әдісін пайдаланып, Электронды үкімет туралы түжірымды талқылаңдар.



Үйде орындаітық

«Egov жұмысының тиімділігі» тақырыбында өз инфографикаларынды жасаңдар.

## **ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ**

### **1. Қазақстандағы цифрландыру:**

- A. Алға бастайтын технологияларды және еңбек өнімділігін арттырып, капиталдандырудың өсуіне бастайтын мүмкіндіктерді қолдана отырып, ҚР экономикасының дәстүрлі салаларын қайту құру.
- B. Креативтік қоғам құруды және жаңа нақтылықтар – білімдер экономикасына өтуді қамтитын түрлендірuler.
- C. Қазақстан экономикасын дамыту қарқынын жеделдегу және біздің азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға арналған процесс.
- D. Халық пен бизнеске олардың қажеттіктерін алдын ала болжай отырып, қызметтер көрсету үшін мемлекеттің инфрақұрылымын қайта құру.
- E. Деректерді беру, сақтау және өндөудің жоғары жылдамдықтағы және қорғалған инфрақұрылымын дамыту.

### **2. Зияткерлік меншіктің институт атаулары:**

- |         |         |
|---------|---------|
| 1. .... | 3. .... |
| 2. .... | 4. .... |

### **3. Патенттік құқық институтының объектілері:**

- A. Фирмалық атаулар, тауар таңбалары.
- B. Қызмет көрсету белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары.
- C. Өнертабыс, пайдалы модељдер, өнеркәсіп ұлгілері.
- D. Авторлар, бірлескен авторлар, патент иелері.
- E. Селекциялық жетістіктер, интегралды микросызбалар топологиясы, қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат.

### **4. Сәйкестендіріндер:**

- |                         |   |
|-------------------------|---|
| 1) RSA сертификаты      | a. Порталда аутентификациялау                 |
| 2) AUTH_RSA сертификаты | ә. Басқа сертификаттардың шынайылығын тексеру |
| 3) Тұбірлік сертификат  | б. Сұраныстарға қол қою                       |

5. Қазақстанда электронды цифрлық қолтаңба енгізілген жыл:
- A. 2006.
  - D. 2008.
  - B. 2007.
  - E. 2010.
  - C. 2014.
6. Ақпарат электронды-цифрлық обьектіде ұсынылған, электронды цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат түрі:
- A. Тіркеу куәлігі.
  - B. ЭЦҚ.
  - C. Электронды құжат.
  - D. ЭЦҚ ашық кілті.
  - E. Барлық жауап дұрыс.

7. Бос орынды толтырыңдар:

egov.kz – ақпараттық-коммуникациялық инновациялар есебінен мемлекеттік биліктің ел халқымен өзара іс-қимылын ... үшін өзірленген ... прогрессивті құрылымынан тұратын портал.

8. Электронды үкіметтің қалыптасуы мен дамуының кезеңдері:
- A. Интерактивті, ақпаратты.
  - B. Уақытша, тұрақты.
  - C. Прогрессивті, іргелі.
  - D. Тұастандыру, баяндаулы.
  - E. Электронды, билік.

9. Электронды үкімет порталының логотипі:

- A.
- B.
- C.
- D.

10. Рұқсаты шектеулі құпия ақпараттың бірі:

- A. Коммерциялық құпия.
- B. Ақпаратты қорғау.
- C. Коммерциялық желі.
- D. Жекеменшік құпия.
- E. Мемлекеттік құпия.

## 5-БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы цифрландыру процесі адамның күнделікті өмір сүру тәртібін жақсартуды жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдетуге мол үлесін қосуда.

«Цифрлық Қазақстан» бөлімінде сендер Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерімен, ақпараттарды және зияткерлік меншікті қорғаудың қажеттілігімен, электронды цифрлық қолтаңбаның және сертификаттың мақсатымен, электронды үкімет порталында цифрлық қолтаңбаны қолданумен және электронды үкімет порталының функцияларымен таныстындар.

Қазақстанның цифрландырудың түпкі мақсаты – ортамерзімді дамуда цифрлық технологияларды пайдалану есебінен республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының ұзақмерзімді даму жоспарында Болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін дамудың қағидалы жаңа траекториясына көшүі үшін жағдайлар жасау.

Осы бөлімде алған білімнің көмегімен Қазақстанның цифрландыру процесіне өз үлестерінді қосасындар деп үміттенеміз.

### Глоссарий

**Қазақстандағы цифрландыру** – Қазақстан экономикасын дамыту қарқынын жеделдетуге және біздің азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға арналған үдеріс.

**Экономика салаларын цифрландыру** – озық технологиялар және мүмкіндіктерді пайдалана отырып, капиталданырудың өсуі мен еңбек өтімділігін арттыратын ҚР экономикасының әртүрлі салаларын қайта құру.

**Цифрлық мемлекетке өту** – халық пен бизнестің сұранысын алдын ала болжай отырып, қызметтер көрсету үшін мемлекеттің инфрақұрылымын қайта құру.

**Цифрлық Жібек жолын іске асыру** – деректерді беру, сақтау және өндеудің жоғары жылдамдықтағы және қорғалған инфрақұрылымын бүкіл аумақты дамыту.

**Электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалану – өз қолымен қойылған қолтаңбаны толық ауыстыру.**

**Адами капиталды дамыту** – креативтік қоғам құруды және жаңа нақтылықтар – білімдер экономикасына өтуді қамтитын түрлендірuler.

**Инновациялық әкожүйені құру** – бизнес, ғылым саласы және мемлекет арасында берік байланысы бар технологиялық көсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ инновацияларды енгізу үшін жағдай жасау.

**Bigdata (Ұлкен деректер)** – деректер қорымен жұмыс істеу үшін дәстүрлі тәсілде ұлкен көлемді ақпаратты сақтау, ұйымдастыру және зерттеу өдістері.

**«Smart» city («Ақылды» қала)** – қалалық мұлікті және қала көрсететін қызметтерді басқару тұжырымдамасы.

**Ақпаратты қорғау** – пайдаланушыға ақпарат беру тәртібін белгілеу (орнын, уақытын, жауапты лауазымды тұлғаларды, сондай-ақ пайдаланушылардың ақпаратқа қолжеткізу шарттарын қамтамасыз ететін қажетті ресімдерді көрсету).

**Коммерциялық құпия** – рұқсаты шектеулі құпия ақпараттың бір түрі.

**Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат** – жалпы мағынада коммерциялық сипаттағы деректер.

**Зияткерлік меншік** – шығармашылық қызметтің нәтижелеріне, сондай-ақ нақты тізбесі заңнамамен белгіленетін, оларға теңестірілген кейбір өзге де объектілерге жеке, мұліктік сипаттағы айрықша құқықтардың жиынтығы.

**Электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦК)** – электронды тіркеу куәлігін (сертификат) және ЭЦК-ның жабық кілтін пайдалана отырып, ақпаратты криптографиялық түрлендіру нәтижесінде алғынған электронды құжаттың деректемесі.

**Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығы (ҚР НКО)** – куәландырушы орталықтардың электронды цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиесілілігін және жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландырушы орталық.

**RSA сертификаты** – сұраныстарға қол қоюға, ал **AUTH\_RSA** сертификаты порталда аутентификациялауға арналған құжат.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Джордж Риз. Облачные вычисления. Пер. с англ. – СПб.: БХВ-Петербург, 2011. – 288 с.
2. Нурпесова Т.Б., Кайдаш И.Н., Токтагулова У.С. ИТ-инфрақұрылымы. – Алматы. Бастау, 2018. – 344 б.
3. Шапиро Д.И. Виртуальная реальность и проблемы нейрокомпьютинга / Д.И.Шапиро. – М.: РФК «Имидж-Лаб», 2012. – 454 с.
4. Бабенко В.С. Виртуальная реальность. Толковый словарь терминов / В.С.Бабенко. – М.: Магадан, 2012. – 408 с.
5. Сағымбаева А.Е. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2015. – 230 бет.
6. Ливенец М.А., Ярмахов Б.Б. Программирование мобильных приложений в MIT App Inventor. Академия мобильных приложений, 2016.
7. Петин В.А. Создание умного дома на базе Arduino. – М.: ДМК Пресс, 2018. – 180 с.
8. Ястребов О.А., Шмелева С.В. Правовые основы информатизации в Республике Казахстан // Теория и практика общественного развития, 2015, № 13, 82–87 с.
9. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген.
10. Иванов В.П., Батраков А.С. Трехмерная компьютерная графика./ Под ред. Полищук К.М. – М.: Радио и связь, 2015.
11. Қазақстан Республикасында «электронды үкіметті» қалыптастырудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы № 1286 қаулысы.
12. Урмашев Б.А. Ақпараттық-коммуникациялық технологиилар: Оқулық / Б.А.Урмашев. – Алматы, 2016. – 410 б.

## Электронды ресурстар

- |                            |                       |
|----------------------------|-----------------------|
| 1. ai2.appinventor.mit.edu | 5. adilet.gov.kz      |
| 2. city3d.kz               | 6. www.the-village.kz |
| 3. 3dpanorama.spb.ru       | 7. start-time.kz      |
| 4. egov.kz                 |                       |

# Мазмұны

Алғы сөз .....	4
<b>1-бөлім. Бұлттық технологиялар.....</b>	<b>5</b>
§1. Бұлттық технологиялар.....	6
§2. Бұлттық технологияларды қолдану салалары.....	14
§3. Бұлттық деректер қоймасы .....	22
§4. Бұлттық технологиялар ортасында жалпыға қолжетімді күнтізбе құру. Практикум.....	36
§5–6. Бұлттық технологиялар ортасында құжаттармен жұмыс жасау.....	43
§7–8. Бұлттық орта құру және қашықтан бірлесіп өндөу. Практикум.....	60
Жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері .....	66
1-бөлім бойынша қорытынды.....	69
<b>2-бөлім. 3D модельдеу .....</b>	<b>71</b>
§9–10. Виртуалды және кенейтілген шындық .....	72
§11. Виртуалды шындықтағы адам .....	84
§12–13. 3D панорама және виртуалды тур .....	88
§14–15. 3D панорама жасау. Практикум.....	100
§16. Виртуалды тур жобасын өзірлеу. Практикум .....	105
Жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері .....	112
2-бөлім бойынша қорытынды .....	114
<b>3-бөлім. Мобильді қосымшалар.....</b>	<b>115</b>
§17. Мобильді қосымшаларды құру. Мобильді қосымшаның интерфейсі.....	116
§18. Мобильді қосымшаны жүктеу және орнату жолдары .....	124
§19. Блоктар мен циклдерді пайдалана отырып, мобильді қосымшаны құру .....	130
Жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері .....	135
3-бөлім бойынша қорытынды .....	138
<b>4-бөлім. IT Startup .....</b>	<b>139</b>
§20. Startup түсінігі. Startup-ты іске қалай қосады? .....	140
§21. Өзінің Startup-ынды қалай іске қосу керек? Crowdfunding платформаларының жұмыс істеу қагидалары .....	145

§22. Жобаны алға жылжыту .....	149
§23–24. IT Startup және жарнама .....	156
§25–26. Маркетингтік жарнама жасау (инфографика).	
Практикум.....	165
Жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері.....	168
4-бөлім бойынша қорытынды .....	170
<b>5-бөлім. Цифрлық сауаттылық .....</b>	<b>171</b>
§27. Қазақстандағы цифрландыру .....	172
§28. Ақпараттарды құқықтық қорғау.....	178
§29–30. Электронды цифрлық қолтаңба және сертификат.....	184
§31–32. Электронды цифрлық қолтаңба және сертификатты қолдану. Практикум.....	193
§33–34. Электронды үкімет .....	200
Жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері.....	216
5-бөлім бойынша қорытынды .....	218
Пайдаланылған әдебиеттер .....	220

*Оқулық басылым*

**Салғараева Гүлназ Ибрагимқызы  
Рсалина Лаззат Азретовна  
Есенкүл Айжан Барлыбекқызы**

# **ИНФОРМАТИКА**

Жалпы білім беретін мектептің  
қоғамдық-гуманитарлық бағытының  
11-сыныбына арналған оқулық

**Бас редакторы**

**Редакторы**

**Техникалық редакторы**

**Көркемдеуші редакторы**

**Билльд редакторы**

**Суретші-безендіруші**

**Мұқабаның дизайны**

**Беттегендер**

**Қ.Қараева**

**А.Бақтығалиева**

**В.Бондарев**

**Е.Мельникова**

**Ш.Есенқулова**

**О.Подопригора**

**В.Бондарев, О.Подопригора**

**Л.Костина, Г.Илишева,**

**С.Сулейменова, Т.Макарова**



Электрондық нұсқа



### **Назар аудар**

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны [astanapv.kz](http://astanapv.kz) сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

**Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:**

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: [astana@arman-pv.kz](mailto:astana@arman-pv.kz)

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел./факс: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: [info@arman-pv.kz](mailto:info@arman-pv.kz)

**«Арман-ПВ» кітап дүкені**

Алматы қ., Алтынсарин қ/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 16.07.19 берілді. Басуға 26.06.20 қол қойылды. Пішімі 70 x 100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Қазақсыз офсеттік. Қаріп түрі «ММ Mekteptik». Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 18,06. Таралымы 19000 дана.

**Артикул 811-005-001к-20**